

*Нурхан Хамзеұлы Мыңбаев*

**Кәрім Мыңбаев**



**100 ЖЫЛ**

*Дархан даланың  
дарынды ұлы*

**Нұрхан Хамзеұлы Мыңбаев**

*Дархан даланың  
дархан ұлдары*

**Қарағанды  
2006**

84(5Қаз)

М92

84(5Қаз) Мыңбаев, Н.Х.

Дархан даланың дарынды ұлы : Академик Кәрім Мыңбаевтың туғанына 100 жыл.//Н.Х.Мыңбаев.-Қарағанды, 2006.- б.

Қазақстанда, бұрынғы Кеңес Одағы төңірегінде биік болмысымен халық есінде мәңгі қалған ВАСХНИЛ-дің академигі, оның қазақ бөлімшесін құрып, осы күнгі Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылымының негізін қалаған, биология саласында қазақтан тұңғыш ғылым докторы атағын алған Кәрім Мыңбаев жайлы оның немересі Нұрхан Хамзеұлы бұл еңбегінде оның үлкен дәрежеге жетуіне алғышарт жасаған, тәрбиеленген, өнеге көрсетіп, баулыған ортасы, шыққан елі мен жері туралы сыр шертеді.


Кітаптың екінші бөліміне Сәбит Мұқановтың, академик Хайдар Арыстанбековтың, халық жазушысы Шерхан Мұртазаның ғалым жайлы естеліктері топтастырылған.



*Кәрим Мыңбаев 1947 жылы.*



*Кәрім Мыңбаевтың қабірі басында. Ортадағы ақ костюмдегі Ғабит Мүсірепов, оның оң және сол жағындағылар ағайынды Серік және Хамзе Мыңбаевтар.*



*Серік Мыңбайұлы Мыңбаев*



*К.Мыңбаевтың ұлы - Тимур Кәрімұлы  
Мыңбаев.*

## Кіріспе орнына

«Әттең, ат сауырына сыймайсың-ау, Қара Нұра! Топырағыңа таяқ шаншыса, мәуелеп өсетін, баурыңа мал өргізсе, қас-қағымда қон жинайтын мекен екенсің»- деп, Асанқайғы бабамыз таңдай қаққан бұл өңірде аруақты есімдер аз емес. «Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманында халықтың туын көтеріп, соңынан қол ерткен Алтай Нияз, Әлтеке Жидебай, Тарақты Байқозы батырлар осы Нұраның бал-суын татып, арғымақтарымен талай кешіп өткен. Адал туған ұлдарына мұндағы елдің құрметі де өзгеше. Арқаның ұлы өзенінің батысындағы сілемді жоталар Нияз тауы деп аталады.

Ақын, балуан, сазгер, әнші Иманжүсіп:

«Абылай аспас Арқаның сары-ай белі,  
Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі,  
Қырық мың жылқы айдаса лайланбас,  
Нұраның Аюлы мен Қара-ай көлі»- деп, шабыттана шырқаған.

Жазушы-этнограф Ақселеу Сейдімбектің айтуынша, «Әрірек барсақ «Қозы Көрпеш Баян сұлудағы» Айбас Қозыны іздеп атқа қонбаушы ма еді? Ұзақ шабыстан Бақа айғырдың тұяғы сөгілмеуші ме еді. Терлігі алынбай, арқасы жауыр болмаушы ма еді. Содан Жауыртау атанған төбе Қара Нұраның дәл жағасында. Сол төбе етегінен қала салынды, өзен бөгеліп, дәрия пайда болды. Қазақ елі өнеркәсібінің алыбы - Қарағанды металлургия комбинатының мекені осы Жауыртау».

Арғынның Аргүл бәйбішесінің тұңғыш немересі Мейрамсопының үлкен ұлы Қуандықтан – Алтай, Қарпық, Бөрші, Темеш, Есенқарт, Аманқарт туады - деп, түсіндіреді дала шежіресі. Қуандықпен бірге туысқан Сүйіндік, Шегендік, Болатқожа, Қаржасты «бес Мейрам» деп бөле айтқан. Бұл ұрпақтардың ішінде осалы жоқ. Атадан қалған мұраны бөліскенде «Алты ұлым алты енші, жетінші енші - менікі»-деп, жуандық көрсеткен Қуандық өніп, өскен ата. Оның жөні бір басқа. Кезінде отыз алты болыс ел болған Болатқожа - қаракесектің ішінде тұлғалы жандар аз ба? Бір ғана Сүйіндіктен соңғы елу жылда өсіп шыққан академиктерді санауға аяқ-қолыңдағы саусақтарың жетпес.

Өз заманының білгірі, ғұлама шежіреші Мәшһүр Жүсіп былай дейді:

«Бір ұл теріс, жалғыздық құдайға ғана жарасқан, екі ұл керіс – дегенмен бірі өлсе бірі қалады: төрт ұл дұрыс – екеуі бірыңғай болса, қалғандары бірыңғай бес ұл-шоқпар, алты ұл-бақан». Арғынның баканы – Қуандық балалары.

Ел аузында:

«Алшын болсаң – Адай бол,

Арғын болсаң – Алтай бол,

Үйсін болсаң – Сиқым, Жаныс, Ботпай бол,

Найман болсаң – Қаракерей, Матай бол,

Өзгелерің қандай болсаң сондай бол», - деген сөз бар.

Ағайынды Алтай, Қарпық ХІХ ғасырдың басында отыз екі болыс ел болған көрінеді. Тінәлі, Мәмбет, Көзей ұрпақтарының мекені Бетпақ даланың шетіндегі Сарысу өзенінің бойынан басталып, теріскейге ұзай бере, Сарыарқаның ұлы өзені Нұраның сан салалы сағаларымен жоғары өрлей береді.

Шежірешілер: «Көзейден – Тоқа, одан – Бесім, Молқы, Тұңқатар, Құлымбет туған», - деп түсіндіреді. Ру сұраса келгенде арғы атасы Қуандықты айтпай, «тоқамыз» деп кеуде керетін нұралықтар мен жаңаарқалықтардың негізі әріде жатса керек. Олар бір-бірін «бір шалдың баласымыз» деп туыс көретін жайы бар.

Тоқаның немересі Телғозының Шоңы қара қылды қақ жарған әділ би, соңынан елді ерте білген көсемі болған.

Арқаға аты шулы Айна ақынның

«Атағың Тарбағатай тауындай,

Екпінің қатты соққан дауылдай,

Ердің құнын екі ауыз сөз қылмайтын,

Ендігі іздегенге таптырмайсың», - деуі тегін емес.

Құлымбеттің алты ұлының ата қонысы Қара Нұраның үлкен арнасының бойында, сонау Ақмешіт сайын бойлай жайғасып, Жақсы Қарт пен Жаман Қарттың күнге етегіне орналасқан Тілен батырдың нақсүйері Байатар Темеш қызы Мәукеш аулынан басталып, терістігінде Ақтөбе жоталары маңына қоныс тепкен Ақмоланың аға сұлтаны Құдайменденің Қоңырқұлжасының немересі Ахмет төренің ауылына дейін созылып жатыр. Осынау байтақ далада малға да, жанға да жайлы жерлер аз емес. Улы көл, Батыр көл, Сасық көл, Шұңқыр көл сияқты ну қамысты, құс қиқулы көлдер, Қаратал, Көкмөлдір, Бикеш,

Құндызды тәрізді бал сулы атыраулар. Көпқұдық, Тегістік, Мұзбел, Сарыбел сынды жазиралар Құлымбет атаның талай ұрпағына кіндік кескен мекен болды. Жеріне елі, еліне ері сай мекенде ерлігі мен әділдігі, жомарттығы мен жайсандығы қалың Қуандық арасына ғана емес, Сарыарқаға, әрірек барсақ Жетісу мен Сыр бойына дейін есімдері аңызға айналған азаматтарын мұндағы жұрт әлі күнге дейін ауыздарынан тастамайды.

Қолаң сұлуға қолы жетпей қапыда қаза болған жалғыз жігіт Кертінді жерленген адырлар маңын ағайынды Ұлжан мен Бижан туыстары, ұры Томардағы көлдер маңын Лау мырзаның ұрпақтары, Сиық сайы бойындағы қара сулар мен Батыр көл жазығын Мыңбай мен Тоқпай қажының, Улы көл мен Жаңғабыл аралығын Ақтеннің Өмір, Бұлан атты ұлдары, Көкмөлдір мен Қаратал арасындағы кең жазықты Маңғыт, Шұңқыр көлді – Барак, Шақаманды Райымберлі балалары қоныс еткен дейді.

Ұлы керуен жолының бойында отырған ауылдарға Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Жарылғапберді, Тәттімбет, Жаяу Мұса, Әсет, Балуан шолақ, Қажымұқан сияқты Арқаның біртуар саңлақ әншілері мен жауырыны жерге тимес балуандарының арнайы келгендігі жайлы талай әңгіме бар. Олар Нұра суына мейір қандырып, балауса құрағына тізе бүккен.

Бертінге дейін жоғарыда аты аталған жер-су аттары елдің өткен тарихы, оның ардақты ұлдары жайлы әңгіме айтылғанда ғана санада жаңғыратын. Осы күнгі өскелең ұрпақтың құлағының құрышы Захаровка, Плаховка, Семеновка, Казгородок, Ивановка, Киевка, Черниговка, Степное деген мән-мағынасыз орыс атауларына қанып, өсіп келді. Тәубе дейміз, еліміз тәуелсіздік алып, өз қотырымызды өзіміз қасуға жағдайымыз жеткен соң, кезінде «қарашекпендер» аборигендерді ата мекенінен ығыстыра отырып қазақ ауылдарының орнына қауқайтып хутор тұрғызып, өз ыңғайларына қарай атай салған селолардың аттары бүгіндері ауыстырылды. Алайда, дауысқа салса кеше келіп бүгін «төр менікі» деп шалжиятын заты бөлектер әлі де болса жөн беретін емес. Біраз ауыл атаулары орысша ыңғаймен аталып отыр. Ал ата-баба жерінің төл атаулары бүгінгі ұрпақ үшін тосын естіледі. Ақмешт, Қантай, Сиық, Кертінді, Қаратал, Көбетей деген әдемі ауыл атаулары олардың ауызында бұрынғыша Захар, Плаховка, Черниговка деп аталып жүр.

Ресейдің империялық саясатын жүзеге асырушы патшаның премьер-министрі болған Столыпин кең байтақ қазақ даласына «Қарашекпендерді қаптата бастағанына ғасырға жуық уақыт өтті. Шығыс Украина мен Орталық Ресейден жұмақ болар жер іздеп үдере көшкен

шәркей киген кезбелердің әрқайсысына қазақ жеріне қоныстанғаны үшін алдына мал салып, баспана тұрғызуларына қаражат беріп, құнарлы жерлерді ақысыз, пұлсыз бекітіп бергенде, орыспен қантөгіс шайқас салған Кене ханның мақсатын бүгінгі ұрпақ енді түсінген болар.

Нұра бойында Шоң би айтыпты деген бір аңыз бар. Омбыға сапар шегіп бара жатқан Шоңкең қалың Құлымбеттің арасынан сыналай жүріп, елдің бет-бейнесін көреді. Әр жерден салынған орыс хуторлары мен поселкелерін баса жүреді. Өз жерінде жетім баладай күй кешкен ағайынды көріп: «Алла тағаладан күні ертең бәрің бірдей орыс болыңдар деген хабар келсе, Құлымбет ата балалары бүгін-ақ орыс атануға дайын отыр», - деген екен. Шоң бидің осы бір сөзі жалғыз Құлымбет ата балаларына ғана емес, Қара Нұра бойын жайлаған бар ағайынға арналып айтылған сияқты. Ұлы бидің осы бір сөзін өресі тар кейбіреулердің «орыс болғың келсе, Құлымбет бол» деп теріскей тартып жүргеніне талай куә болдық. Кезінде би, болыс, қажы, бай, төре тұқымдарын қынадай қырып салған компартияның ұлы саясатының бір пұшпағы осы болса керек. Атадан қалған ұлы рухани мұраны түсіндіретін, санаға салып беретін аға буынның өзі буылдыр сағым артынан коммунизмнің елесін көріп өсті. Өлгеніміз тіріліп, шалажансарымызға әл біте бастаған заман туғалы бері баба мирасын дұрыс түсіндіруге мүмкіндік туып отыр.

1947 жылдың шілде, маусым айында Бетпақ дала экспедициясынан келген соң, бұл кезде атағы дүрілдеп тұрған ғалым Кәрім Мыңбаев үлкен, тағы бір докторлық диссертацияға пара-пар «Бетпақдала шөлі» деген монография жазды. Онда: «Жаңарқа ауданының орталығына баратын жолда Қызылтау мен Ақтаудан өту керек болды, Құр Манақ өзенінің бойындағы Ақтау бекінісінен үш шақырым жерде тұрған Мойнақ қыстағына тоқтауға тура келді. Ақтау бекінісі Ақмола қаласынан Сарыарқаға еңдей кіріп, 380-400 шақырым жерге орналасқан. Ертеректе бұл маңда Арқа қазақтары көшіп жүрген. XIX ғасырдың 40 жылдарында орталық даланың кей рулары Кенесары бастауымен патша үкіметіне қарсы көтеріліс ашқан. Сол кезде қала соғыспен алынды, бекініс қиратылды.

Патша үкіметі көтерілісті басқанымен, үлкен жеңілдіктер берілсе де, орыс қоныс аударушыларының ешбірі бұл маңда тұрғысы келмеді. Үкімет Ақтау тұрғындарын Атбасар, Көкшетау, Ақмола қалаларына қарай ауыстыруға мәжбүр болды.

Ұшы-қиыры жоқ кең даланың ортасында өлі қаланың тұрғанына бір ғасырдан асты. Біздің экспедицияға қатысушылардың көбі бұл қала туралы білмегендері былай тұрсын, тіпті естіменті де. Қала туралы

әңгіме олардың көңілін аударды және бәрі бірдей бұл тарихи орынды көргісі келді.»

Аш-жалаңаш, жұлым-жұлым болып келгенімен, екі-үш жылда ес жинап алғандарына қарағанда, Сарыарқа жерінің құйқасы Нұра бойы келмесектерге жайсыз болмаса керек. Шөлейт даладан қашып, Ұлы даланың құнарлы жерлерін пышақ үстінен бөліп алса, солай болмағанда қайтеді.

Болашақ академик елінің, жерінің жайын жақсы ұққан, меніреу даланы өз күшімізбен игермесек, сырттан ешкім келіп жұмақ жасамайтынын терең түсінген.

### Ақсақалдар ғанибеті

Өмірдің ашысы мен тұщысын бірдей татқан көне көз қариялар өткен күндер жайлы әңгіме-дүкен құрса, ел жақсыларының аты аталмай қалмайды. Қазір бұлардың қатары тіпті сиреген. Көзіміз көрмеген аталарымыз бен әкелеріміз туралы кезінде солардың аузынан есітдік. Кейінгіге сабақ болсын, ұлағат ала жүрсін деген ниетпен ақсақалдар тыңдар құлаққа құйып отырушы еді.

Жетінші сыныпта оқимын. Ақмола. Аялдамада көлік тосып тұрғанмын. Жүріс-тұрыстары ширақ үш ақсақал сәкіге жайғаса берді. Ұстаған таяқтары, киген киімдері елде көретін кең балақ шалбарлы, қолқылдақ шекпенді ауыл шалдарынан өзгеше – сәнді, салтанатты. Бірін-бірі тосып, байыппен сөйлейді.

Бір сәт біреуі:

- Отырмалық, қай көліктің баратынын сұрап алалық, - деп маған қарай бұрыла берді.

- Бала атың кім ?

- Нұрхан.

- Әкеңнің аты кім?

- Хамзе.

- Фәмилиен қалай?

- Мыңбаев, - дедім. Байқаймын, үшеуі де де елен ете қалды.

- Руыңды білесің бе?

- Білемін, Құлымбетпін.

- Жеті атаңа дейін білесің бе? – деді ұзын бойлы ақ сары шалдың жанындағы дембелшен, ақ мұртты кісі.

-Сөйлегенімді қызық көріп, тілім шығар-шықпастан әкемнің үйретіп қойғанын жайып салдым:

- Тоқа, одан – Құлымбет, одан – Бапай, Бапайдан үшеу – Ердес, Медет, Ақтен. Біз Медетке жатамыз. Одан – Қангелді, Базаркелді,

Өтел, Жазыбай. Базаркелдіден - Қыдырәлі, одан – Мыңбай, Мыңбайдан Тұрысбек, Серік, Кәрім – үшеу. Тұрысбектен – Хамзе, Нұртаза. Серіктен - Әуезхан, Кәрімнен – Жапар, Темір. Мен Хамзенің баласымын.

- Ой, бәрекелді! – шалдар ырза болып қалды, білем. Біреуі орнынан тұрып маңдайымнан сүйді.

- Қалқам өзіміздің баламыз екенсің ғой. Өркенің өссін, - деп, баталарын беріп жатыр.

- Ал, Бапайдың баласы, бізді, осы маңда дейді, мұсылмандар бейітіне ертіп апа,- деді қолына сәнді қызыл таяқ ұстаған, алтын көзілдірікті ақсақал.

Қолқалау емес, өзімсініп емеуіріндеу. Ішім жылып тұрса, туысты сезіп тұрсам – қалайша ырыққа көнбейін. Бейіттің қайда екенін жақсы білемін. Үлкен апам Кұлпаш тұратын мөлтек ауданның дәл түбінде. Жан-жағының бәрін ақмолалықтар «Хрущевка» атап кеткен құрқылайдың ұясындай пәтерлері бар бес қабатты үйлермен қоршап тастаған. Ертіп келдім.

Іздеген қабірлерін таба алмай шалдардың өзі біраз шатасты. Кімнің қабірін іздеп жүргенін сұрасам, өткен жылы әкем көрсетіп, басына құран оқыған Бозтай деген туысымыздың жатқан жері. Қабірді көрсеттім.

- Сен бұл жерде кімнің жатқанын білесің бе? – деп сұрады біреуі.

- Алматыдағы Гүлбаһрам Сейфуллина төтемнің інісі, Батырбеков Бозтай – біздің туыс, - деп, тағы да бір білгенімді жайып салдым.

Шалдар дән риза. Мені мақтап, бас шұлғып, «болатын бала екен» десіп жатыр. Ақсақалдарды Орақ ағамның басына да ертіп келдім. Бұл жерге әкемнің кенже інісі жерленген. Оған да құран оқылды. Енді шалдардың көңілі маған ауды:

- Тұрысбектің тұяғы осы бала. Асылдың сынығы ғой. Өспеген ата еді. Көп жаса қарағым, үбірлі-шүбірлі бол, - деп, құран оқыған қарт батасын берді.

Есімдерін айтпады, қандай туыс екенін анықтамады ақсақалдар.

Оны әкем кейінірек айтып келді. Ол кісілермен Қарағандыда жолықса керек. Шалдар мақтауымды жеткізіпті. Олардың бірі Арқаның атышулы биі Лау мырзаның немересі Әбіштің Нұрланы да, басқалары – ақын Айнабектің Қайыбының інілері, Сәкен Сейфулиннің қайын ағалары Салық пен Зікірия екен.

Ол кезде, әрине, кімге жөн сілтеп жүргенімді сезгенім жоқ. Ес біліп, ақыл ақыл тоқтатқан шағымда Зікірия да, Салық та марқұм болған еді.

жұлым болып үйге келген баласының сөзін сөйлемек адуындау шешелер Мыңкең үйіне баса-көктеп кіруге сол үйдің бәйбішесінен қаймығады. Әйелдер түгілі, ызғарынан ауылдың еркек кіндіктері де ығып отыратын Ырысбала Кәрім қанша тентек болса да, сүт кенжесіне су жұқтырмайды. Қатар жүрген балалардың топ бастаушысы болып алған оның ойлап таппайтыны жоқ. Ауылға келген қонақтың аттарын мініп кетіп қан сорпасын шығарып әкелуші де осы, кей бәйбішелерінің тыққан қантына, дәмді құрт ірімшігіне ұры түсіруші де осы, ауыл балаларын жинап, түнделетіп көрші қоныс орыс хуторына «жорық» ұйымдастырушы да осы. Істеген қылықтары әйгіленгенде, басқалар жазаларын алып, енді бұзықтық жасамайтындай болып тәубесіне келгенде, Кәрім Ырысбаланың арқасында жазадан аман қалатын. Артында асқар таудай сенері бар қара бала тағы бір шатақ ойлап тапқанша ауыл тыныш. Иі жұмсақ, кең пейіл Мыңбай да, әлі еншісін алмаған үлкен ұлы Тұрысбек те балаға зеку дегенді білмейді. Әлде біреулер: «Кәрім сөйтті», - десе: «Е, қайтер дейсің, ақылы толған соң қояды да»,-деп, жұрттың сөзін елемейді. Мұндайда шағынушылар Мыңбайдың екінші ұлы Серікке барады.

Бертінде, Алматыға қызметке ауысқан соң, елге бір келгенінде, ауылдағы күрдастары өткен-кеткенді еске алып, мәз-мейрам күйде отырғанда, өзі айтыпты: «Әжемнің арқасында ешкімнен қорықпаушы едім деп ойлайтынмын. Қарап отырсам, қорқатын адамым туған ағам Серік екен. Қолы қатты ғой, бөтшағардың», - деп қарқылдап күліпті.

Кәрімнің жанындағылардың бәрі Мыңбайдың Серігіне ұқсап бағуға тырысатын. Мінгені жүйрік болса, жетегінде ұшқыр тазы болса, иығында жақын елдің ешбірінде жоқ дәрілі мылтық болса, кигені «менмұндалап» көзге ұрып тұрса, қай бала қызықпасын. Жаз шықса Серік жанына жігіт ертіп, апталап, айлап жолаушылап кетеді. Мұндайда Кәрімнің «жасағы» еркін сайрандайды. Сол кездің сәні болды ма, әлде өзінің ойлап тапқаны ма, қайдам, Кәрім оң жақ құлағын тесіп алтын сырға тағып жүреді екен. Тентектеу кенже ұлының басқаларда жоқ ерекше қасиеттерін байқаған анасы Ырысбаланың тіл мен көзден сақтасын деген ырымы болуы да ғажап емес. Жеңгелері «жынды қара» атаған Кәрім тек сотқарлықпен ғана аты шыққан емес. Есті «тентек» от ауызды, орақ тілдінің өзі болған деседі замандастары.

...Мыңбай әулетіне аталас болып келетін Жетпісбайдың Махметі кірешілерге ілесіп Ақмолаға барады. Үйінен алғаш шыққан аңғал Махмет арбаның үстінен әкесінің қынаға боялған қызыл тонын ұрлатып алады. «Бір қаралық» тонды жоғалттың» - деп Жәкеннің баласына ұрсып жатқанын сакқұлақ Кәрім естіп қалған екен. Ертесінде

ауыл балалары Мақанның алдынан шығып, бәрі өлеңдете жөнелді. Тыңдап көрсе, кешегі әкесімен баласының әңгімесі өлеңге айналып кетіпті:

Ойбай, Мақа, ой, Мақа,  
Бұл жүрісті қой, Мақа!  
Бұл жүрісті қоймасаң –  
Болар саған той, Мақа !

Мақаң шыққан қалаға,  
Шықпаған бұрын далаға,  
Қызыл тоннан айырылып,

Қалды Мақаң жалаға,

Кәрімнің өзі Махметтің әкесі Жетпісбай болып, танаурай сөйлейді:

Қызыл қойдың жүні еді,  
Өзіме шақ мол еді.  
Көгермегір, Махмет  
Құртпағаның сол еді.

Балалар Махметті мазактауын жалғастыра түседі:

«Мақаң келіп баяулап,  
Жетіпті ғой жаяулап  
Қызыл тоннан айрылдым,  
Еді-ау тоным аяулы-ақ»

Енді бір күні қозы бағып, бір төлді жоғалтқан Күлтәй, Орынбасар деген ауылын екі қызын мазактап:

Күлтай менен Орынбасар,  
Қой баққанын жарасар,  
Қалың талдың арасында  
Тышқақ қозы адасар.  
Оны көрген Шахмет,

Шақана «большой рахмет» - деп, қой баққан қыздарды әжуалай келіп, анда-санда сөзіне орысша қосып қоятын Шахмет ағасын да түйреп кетеді.

Ескіше де, орысша да сауаты бар, тоқығаны мол Иса Жакенов кеңес үкіметінің кезінде-ақ ұзақ жылдар бойы Нұра ауданының бас имамының орнында жүрді. Мен көргенде кәріліктің жеңгені болар, өткен күндерді айтып отырып, Исекең көзіне жас алатын. Қатарластарының күн санап азайып бара жатқандығын айтып, бұл фәнидің жалғандығын тілге тиек ететін: «Жақсылардың жасы ұзаққа бармайды. Жалт етіп көрінеді де, аруаққа айналып жүре береді. Өйткені ондайлар Аллаға да керек. Кәрім ерекше жаралған жан еді ғой. Оның әр ісі «мен кеткен соң айта жүрсін» дегенге ұқсайды.

Иса Жәкеновтің Кәрім туралы айтатын көп әңгімелерінен есте қалғаны мынау:

Ел іші болған соң, әр қилы мінезді ағайындар болады ғой. Дастарханын өзгеден қызғанатын бір ағасына өмірлік сабақ болатындай іс жасайды. Есікті ішінен іліп алып кешкілік тамағын ішіп жатқан жанағы үйдің сыртынан бір топ бала келмей ме. Есік қақса: «жатып қалдық, маза беріңдер», - деп балаларды жуытпайды. Сонда қазаннан түсірілген тәтті сүрдің иісі сыртта тұрған шақырылмаған қонақтардың мұрындарын қытықтап тұрса керек. Ол заманда терезенің көзіне шыны орнына қойдың қарынын тұтады. Кәрім жер қазба үйдің сол тұсынан келіп, қалтасындағы пышақпен қозы қарынды тіліп жібереді де, шалбарын шешіп тура табақтың үстіне зәрін шаптырады. Төбеден тамшы ағып тұр ма деп жоғары қараған сараң үй иесі табақты алдына қарай жылжытып алып тамағын жей береді. Не болғанын түсіну үшін терезе жаққа бір қарау жеткілікті еді.

- Мына көп санды қайнағаның «жынды қарасы» құртты,- деп, байбалам салған бәйбішенің дауысы ауылды дүрліктіреді. Балалар ұстатсын ба, Нұраның екі сала болып бөлініп барып қосылатын тұсы - аралға тартып береді. Тал арасына бір кірген соң, Кәрім бастаған балалар таптырмайды...

Мыңкең ауылындағы молладан бірге оқыдық,- дейді Исекең, - Сауатымызды бірге аштық. Кәрім марқұм зерек еді. Біз апталап жаттап жүретін аяттарыңды бір қарап шығып алып, санасына қондыра қоятын. Ал, дін оқуы кім көрінгенге қонбайтыны белгілі ғой. «Кәрім өлді» дегенде маңайымның бәрі босап қалғандай болды, көпке дейін сенбедім. Ел болып күңірендік. Әр оқыған аятымның аяғында Кәрімнің атын бірінші атаймын. Аталмай қалса, дұғам қаза болатындай болып көрінеді. Солай, қарақтарым...»,- деп қарт кемсеңдеп көзіне жас алатын.

Ауыл молдасының оқуы жеті жылда тамам болды. Қазан төңкерісінің бел ортасында жүрген ағасы Тұрысбек Ақмоладағы Кеңес үкіметінің мүшесі болып сайланған соң, өз әулетін шаһарға көшірмек

болып ниеттенгенде, Мыңкеңнің бәйбішесі Ырысбала тұңғыш ұлының соңынан ермеді, немерелері мен келінін қолынан шығармады. Түрсекеңнің соңынан Ақмолаға еріп кеткен Кәрім ғана болды. Тұрысбек Кәрімді Ақмоладағы русско-киргизская приходская школа деп аталатын оқу орнына сол жолы орналастырған еді.

## Ағалар өнегесі

Әкеден қалған әдет болса керек, Қазақстанның тарихы жайлы көз тоқтатар әлдебір кітап, яки газет материалы болсын тырнақтап жиып, реттеп жүреміз, сырт көзге бірден түсе бермейтін сөреге қоямыз.

Әкем Хамзе әңгіме тыңдауға құлқы бар қонақ келсе, сыпайы сұхбат соңын келелі кеңеске айналдыра беретін. Ондайда дастарқанынан дәм татып отырған мейман үй иесінің аталарын мақтаныш тұтатынын сезбей қалмаса керек-ті. Орынсыз, ойсыз мақтанға бой ұрмай, жүйелі әңгіме желісін үзбей, үлкендердің өнегесін, өмірлік мұратын жеткізе білу де шеберлік. Өзім әңгімеге орашолоқтау болғаныммен, әкемнің әсерлі әңгімесін тыңдағанды жақсы көретінмін. Өкінішім сол – мұндай сәттер жиі бола бермейтін. Қонақжай Хамзекең үйге мейман келгенде ғана әңгіме кілтін ашатын. Мыңбай балаларының үлкені Тұрысбектің төңкеріс жолын қалай таңдап алғаны мен үшін үлкен жұмбақ еді. Мыңғырған бай болмаса да, ел ортасындағы белді азаматтармен терезесін тең ұстаған Мыңбайдың ұлы неліктен большевик атанды екен, - деп талай толғандым. Тұңғыш немере болғандықтан атасы мен әжесінің қойнында өскен Хамзекең, Мыңбай балаларының кенжесі болып саналатын. Кешегі ақарлы-шақарлы әулеттің тікелей мұрагері еді. Хамзекең, «көп санды» бабамызды ата десе, Тұрысбектің барлық інілерінің атын атайтын, тіпті бүкіл ел «көке» деп атайтын әкесін де көңілі соққанда ғана «Түрсеке» деп ерекшелейтін.

Енді Хамзе Мыңбаевтың естеліктеріне көшелік.

Жолаушылап келген атамның қарасы қыр басынан көрінісімен, бір топ бала жүгіріп алдынан шығамыз. Нүрилла мен Қалила жастары үлкен болса да, оларға жете аламын. Кәрім желаяқ, маған жеткізбейді. Ер балалардың ең соңында қалып қоятын мен. Базаркелдіден – Қыдырәлі, Қыдырәліден өзі де жалғыз туған соң ба, қыздардың ешқайсысын ұлдарын кем ұстаған емес. Бірақ тура осындай кезде менің мәртебем бәрінен биік тұрады. Жанындағыларға айтып қояды-ау деймін – бірінші болып жеткендерді басқалар ердің алдына мінгізіп жатқанда, өзі нөкерінен оза шығып, ұзын қолдарымен мені жерден

көтеріп алатын-ды. Тамағымнан иіскеп, сақалымен қытықтап жатып: «Құлыншағым, өзіме тартқан қошқар түмсығым» - деп еміренетін. Балаға бұдан басқа бақыт бар ма?»

Әкемнің әңгімесінен бір кереметтілік көргім келіп, Мыңекеннің де, Түрсекеңнің де, Серіктің де, Кәрімнің де осал адам болмағандығын қашан айтады екен деп телміреген менің үмітім ақталмайды. Баланың әкеге деген ықыласы, төңкеріс алдындағы ауылдың қарбалас тіршілігі, қыздардың ұзатылуы сияқты әңгімелерден ешбір ғаламаттық көре алмай: «аға, ананы неге айтпайсыз,»- деп төтеден қойып қалғанымда, күн ұзын әңгіме айтқанда күн сәулесіндей шашырап тұрған көзі маңындағы әжімдері қатпарланып, мейрімді жанары ұшқын шаша жалт ететін. Мұнысы – жақтырмағаны.

Барды бар, жоқты – жоқ деп айтқан да мақтанышқа жата ма екен. Тұрысбектің – жаңа үкіметтің жаршысы, Серіктің – қызыл гвардия отрядының командирі, тіпті бергін келе колхоз шаруашылығын басқарғаны, Кәрімнің академик болғаны өтірік пе? Қазақтың қай әулетінде ағайындылар мұндай дәрежеге жеткен? Солар жеткен биіктікті, олардың өздері туралы сөз етсек, несі айып? Осылай деп әкеммен сөз таластырмақ болсам да, батылым жетпей үнсіз бұғып қалатын едім. Бүгін солардың бірі жоқ. Мыңбай әулетінен елдегі үлкен шаңыраққа ие болып отырған мен ғана екенмін...

## Тұрысбек

«Ақмола өңірінде де алғашқы социалистік өзгерістер бел ала бастаған. Бірақ бейбіт тіршілік ырғағы ұзаққа созылмады. 1918 жылы жаздың басында Ақмола қаласында контрреволюциялық төңкеріс болып, колчакшылар көптеген большевиктерді – С.Сейфуллин, А. Асылбеков, Б.Серікбаев, тағы басқаларды тұтқынға алған кезде, Тұрысбек Мыңбаев бастаған қызыл гвардияның аздаған жасағы Әулиеатаға аттанады. Бұл жасақтың қатарында қазақтың болашақ тума геологы Бекмағамбет Сұлтанғазиев пен сол кездегі он үш жасар бала, кейіннен белгілі ғалым атанған Кәрім Мыңбаев та бар болатын...» Бұл дерек «Лениншіл жас» газетінде Бекмағамбет Сұлтанғазин туралы жазған очеркте келтірілген.

Иә, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» роман-хроникасында Ақмола Совдепінің алғашқы құрамы түгелдей тұтқынға алынған кезде, Нұра өңірінен сайланған Жақия Айнабеков пен Тұрысбек Мыңбаевтың қолға түспей кеткендігі турал айтылады. Омбы мемлекеттік мұрағатының құжаттарына сүйенсек, қоршауда қалған

қаладан Тұрысбектің қашып шығуы онайға түспегенге ұқсайды. Өткенді зерделесек, мынандай суретті көз алдыңызға елестетер едіңіз.

Мезгілсіз терезе тарсылынан Тұрысбек шошып оянды. «Бұл кім?»-деп дауыстағанша болған жоқ:

- Түрсеке, бұл мен ғой, - деген дауыстан кеше ғана өзі жалшылықтан құтқарған, осы күні Ақмола депосында жұмысшы болып жүрген балаң жігітті жазбай таныды. Оның айтқанынан бар ұққаны: бүгінгі түн казактардың қарулы жасақтары Колчактың осы сәтке дейін астыртын жұмыс істеген офицерлерінің басқаруымен Совдеп мүшелерін, коммунистерді жатпай тұтқындап жатыр деген суық хабар. Әне-міне дегенша бүлікшілер осында да келіп қалуы ықтимал. Жаңағы баланың көмегімен түнделетіп таныс көпестің үйіне жеткен Түрсекең таң атқанша сабыр таппай жан-жақтан хабар алып отырудың әрекетіне кіріседі. Досжар татар досы (өкінішке орай, бұл адамның есімі де біз үшін белгісіз) шулаған жұртпен бірге Совдеп үйіне, түрме маңына, Тұрысбек берген мекен-жайларға барып келіп, онсыз да орта көңілді жайсыз хабарлармен алаңдата түсті. Бәрі кеш. Совдеп төрағасы Захар Катченкодан бастап, әскери бөлімнен солдаттар депутаты болып сайланған Нестор Монинге дейін тұтқындалған болып шықты. Тұтқынға түскендердің арасында Сәкен бастаған бір топ қазақ азаматтары да бар болып шығады. Жаңа үкіметтің комиссарларының бірі болып сайланған Тұрысбек Мыңбаевты бұдан «жәбір» көргендер кектерін қайтармаққа қаланы тік көтеріп іздеп жүр. Енді үй иесі сасайын деді.

... Келесі күні түс ауа татар саудагер шақырлауық арбасының үстіне жарты көпене шөп саып, үстіне өзі қонжиып отырып алды да, оңтүстігіндегі жалғыз өткелге беттейді. Бұл татарды танымайтын адам жоқ. Кездескендер даурығысып амандасып, большевиктердің күнінің біткенін, ақ үкіметтің қайтып оралғанын, кешегі өздерін жәбірлеген совдепшілердің енді сазайларын Колчактан алатындарын ауыздары көпіре әңгімелейді. Қараөткел маңы толған қарулы адам. Не әрі, не бері өткізбейді. Өзінің ешқандай үкіметте шаруасының жоқтығын, қазіргі бар мақсаты шайқалған дәулеттің қалпына келтіру екенін, сол үшін Нұра бойындағы ауылдармен сойыс малға келіскенін, қайткенде соны алып келу қажеттігін түсіндіріп баққан саудагерге ақыры жол да ашылды-ау.

Сәкен, Бәкен, Абдолла, Арын – бәрі бірдей қолға түссе, өздері бастаған үлкен іске енді кім ұйытқы болады? Арбадағы шөптің астында жатқан большевик Мыңбаевтың не ойлағаны бізге беймәлім, нақты белгілі нәрсе біреу-ақ: ол - елге келісімен Тұрысбектің жігіт жинап, Нұра бойында соғыс ашуы. Әр жерден қосылған қызыл

гвардияшылардың басын біріктіріп, Совет үкіметі әлі де қалпында тұрған Әулиеата жаққа жетуге әрекет жасайды.

«Үстінде жыртық шапан, басында қисық тымақ. Өңі тым жүдеу, - деп әңгімелейді Хамзекең сол уақытты. - Шешем Зереп (женеше дейтінмін) кемсеңдеп «Нұртазаның көкесі-ау...»- деп келе жатыр еді, әжем: «Тәйт, әрі, тірі екенін көріп тұрсың ғой, доғар, ошағыңның отын тұтат!»- деп, жеңешемді тиып тастады. Серік үйде жоқ еді. Естияр дейтін Кәрім мүшелге жаңа толған. Мен оған тете есептелемін.

Елге екпіндетіп жеткенімен, Түрсекең сол күні үйге қонған жоқ. Содан бастап күнде кешке Серік белторыны ерттеп мініп кетеді де, таң ата бір-ақ келеді. Есімде қалған оқиға әкемнің ұсталуы.

Сол түні Түрсекең үйге келген. Бізбенен көп ойнады, ертегі айтты. Ауыл сыртынан аттың дүбірі естілгенде, қаперімізге қауіп кірген жоқ. Үйден атып шыққан Түрсекеңе Захардағы (Ақмешіт) Колчактың приставы Иван Сорокин бастаған бір топ солдат бас салады. Қолың байлап, Ақмешітке түнделетіп, жаяу айдап кетті. Жылап, еңіреп біз қалдық. Кейінгі естуімше, Серік аралда (Нұра өзенінің екіге бөлініп барып, қиысатын аралығын жергілікті халық солай дейді) ауылдың жігіттерін әскер ойынына үйретіп, үлкен соғысқа даярлап жатады. Түрсекең ұсталған соң, сол қолмен барып, Ақмешіттегі ақтардың бекетін тас-талқан етпек болады. Ауыл ақсақалдары жігіттерді зорға тоқтатады. Оның себебі: ақтың қолы ұзын, күнде ағылып жатыр, оны ел көріп отыр. Бәленің басы Тұрысбектен келгенін біліп, ауылдың күлін көкке ұшырады. Одан да басқа амалын қарастырған жөн. Басқа амалын ауыл ақсақалдары табады. Қайдан жиғандарын қайдам, бір күннің ішінде Керенскийдің бір қап қағаз ақшасы табылады. Араға кісі салып: «Бір адамның өлімінен саған келер пайда жоқ. Мына дүниені ал да, адамымызды босат,»- деп келіссөз жүргізеді. «Ақмолаға этаппен айдап бара жатқанда, белгісіз киргиздар шабуыл жасап, босатып әкетті»- дейтін қылып келіседі де, Түрсекең сол күні азаттық алады.

Қызық келесі күні басталса керек. Сорокин бастаған ақтың бір топ солдатты үй сыртына ат ойнатып: «Тұрысбекті тауып бердің» астына алады. Ер алдына өңгеріп әкелген бір қап «керенканы»табалдырық алдына шашып тастайды. Орыстың ақшадан жерінгенін бірінші көрген ауыл ақсақалдары, приставтың неге сабындай бұзылғанын түсіне алмай дал болады. Сөйтсе, гәп мынада екен: үкімет басына келген большевиктер өз ақшасын шығарып үлгермеген, ел әлі Керенскийдің ақшасын тұтынады екен. Адмирал Колчак өз үкіметін орнатпай жатып, «Керенскийдің ақшасының күші жойылсын және ешқандай төлемге қабылданбасын, оның орнына Колчактың жаңа ақшасын немесе

Николайдың алтын червонецтері (теңгелері) жүретін болсын» деп үкім шығарыпты.

Ауылдағылар: «көргеніміз жоқ, білгеніміз жоқ. Ақша жайлы бізбен келіскен жоқсын. Тауып алсаң, Тұрысбек сенікі, саған тауып беретін оны өзіміз де көре алмай отырмыз», деп қатын-қалаш, балашаға шулап жыласады. Киіз үйдің керегесін қылышпен шапқылап, орыстар кете барысады.

Серік сол жолы Түрсекеңмен бірге кетті. Содан екі жыл жүріп, 20 жылдың күзінде келген әкемді танымай қалдым. Мандайында қызыл жұлдызы бар шошақ шлемі (буденовка), тілерсегіне дейін түсетін ұзын шинелі, белбеуінің үстінен иықтарына асыра тартылған партушьялары, жүргенде шықыр-шықыр етіп еріксіз көз тартатын шпорлы етіктері – бәрі ғажап. Мініп келген аты қандай! Мылтығы мен маузері ше! Бірақ қуанышымыз ұзаққа созылған жоқ. Ақмолаға қайтып бара жатқан беті екен. Ұзақ аялдамай жүріп кетті...

Сәкен Сейфулиннің «Тар жол тайғақ кешуін» қанша зер сала оқып шықсаңыз да, роман кейіпкерлерінің образын толық пайымдай алмайсыз. Оқиға төңкеріс алдындағы ауыл тіршілігімен басталып, дүрбелеңге толы төңкеріс жылдардың жалпы суретін хроникальді түрде алға тартады. Жүздеген адамның аты аталады. Эпизодтан соң эпизод өзгеріп, Ақмола өңіріндегі үлкен толқу-төңкерістің панорамасы беріледі. Сол бір эпизодтарға тереңірек үңілсек, Тұрысбек Мыңбаевтың Ақмола Совдепіне мүше болып сайлануы кездейсоқ еместігін байқауға болады.

Омбы облыстық мұрағатынан табылған деректерге қарағанда, Тұрысбек Мыңбаев мұндағы большевиктер ұйымының жұмысына 1915 жылдан бастап араласады. 1916 жылы 15 тамызда өткен большевиктердің облыстық конференциясында сөз сөйлейді. Өкінішке орай, бұл жиын делегаттарының толық тізімі табылмауына байланысты, Тұрысбек Мыңбаевтың қай ұйымнан сайланғаны (делегат болатын болса) белгісіз. Спасск мыс қорыту зауыдынан сайлануы әсте ғажап емес. Бұлай деуге бір себеп: бертін келгенше осы маңдағы ақсақалдардың Тұрысбек есімін жіті білуі. Мұнда тұратын қазақтардың дені Токаның бір тармағы. Алайда, қазақ өзі араласқан ағайынды ғана туыс санайтыны белгілі. Төңкеріс алдындағы ел ішіндегі ахуал туыс іздеуге мүмкіндік бермегені хақ. Сонда Тұрысбек Мыңбаевтың Нілді, Спасск маңында болуын төңкеріспен қабыстыруға әбден болады.

1917 жылы 30 тамызда Омбыда өткен жұмысшы және солдаттар Советтерінің II съезінде Тұрысбектің делегат болып қатысуы революциялық ісінің жалғасы іспеттес.

Ақмоладағы Колчак ылаңы аяқталған соң, депутаттар Советі қайта құрылды. Білгір де тәжірибелі деген комиссарлар Советтердің жетекші буындарына жіберіледі. Бұл кезде Тұрысбек Мыңбаев – қылмыспен күресу бөлімінің төтенше мандатты бастығы (начальник уголовного розыска с чрезвычайным мандатом).

*«Омск предисполкома, сообщаем, вчера разгромлена банда Бердена Кемпиртаева численностью 28 человек. Пришел конец терроризировавшему население шайке прихвостней... В операции приняли участие части особого назначения под руководством Шапиро.»*

*Начальник Акмолинского угро Мынбаев.»*

Сірә, бұл жедел хаттың тексті болуы керек. Шаң басқан қағаздардың арасынан шыққан, бүктелген жерінен жырым-жырым болған бір парақтан ұққанымыз осы болды.

1921 жылы Қызылжардан Есіл бойын жағалай Ақмолаға дейін жеткен әскерлердің дүмпуінен бас көтерген казактар бүлігін басуға Тұрысбек Мыңбаевтың бас болғанын құжаттар дәлелдеп отыр. Қылмысты істерді ашу бөлімінің бастығы тікелей атқару комитетінің төрағасына телеграмма салуына карағанда, сол кездегі облыс басшылары бұл іске үлкен мән бергенге ұқсайды.

1928 жылы қазіргі Қарағанды, Ақмола (облыстары көлемінде) Атбасар, Қарқаралы, Ақмола округтері құрылды. Бұл әкімшілік аймақтарды басқаруға білікті күресте шындалған азаматтар жіберілді.

Қарқаралыға Абдолла Асылбеков тағайындалды да, Атбасар округтік атқару комитетінің төрағасы болып Тұрысбек Мыңбаев бекітілді.

- Келесі жылдың жазында (1926ж.) Түрсекең елге келді, - деп жалғастырады әңгімесін Хамзекең. Жарлыға мал бітіп, ақжарылқап заман туған шак. Жанаарқа жакқа іссапармен бара жатыр екен.

- Апа, - деді, әжеме карап,- қайтар жолда сіздерді көшіріп аламын, жинақы отырғайсыздар.

Әжем адуынды еді. Ауылдың үлкен-кішісінің бәрі ұзын тұра арық кара кемпірдің аузына қарайтын. Ұлы түгілі қайын ағаларының аузын жауып тастау Ырысбалаға түк емес-ті. Ол кісі сөз білмесе ел сыйлар ма еді. Айтары салмақты, ойлары терең жататын. Тұла бойы тұңғышы өз үйінен өзі безінгендей ат үстінде жүргеніне он жылға таяп қалса, енді сағынып көрісіп тұрғанда аунап-қунап жатып, ел ішінің қызығын тамашалап, жиған-тергенінің мұратын көрудің орнына, қалаға көшірем дейді. Түрсекеңнің осынысы әжемнің санасына сыймады білем. Анамыз шорт кетті:

- Естіп жатырмыз. Жаңа үкіметтің жандарылының бірі болыпсың.

Әр нәрсе өз қыйсынымен шығар. Онында шаруам жоқ. Даланың қызығына өзің тойып болып, енді бізді тойдырмақсың ба? Енді, жерді тастап, бір аяғым жерде, бір аяғым көрде тұрғанда, ешқайда қаңғырар жайым жоқ. Ондай ойың болса, бара бер. Қаланың қызығы өзіне бұйырсын, - деп қатты айтты.

Сол жолы Тұсркеңнің соңына бір үйлі жаннан тек Кәрім еріп кетті.

Кәрім «барамын» десе, ешкім тоқтата алмайды. Ауыл молдасынан дәріс алып жүрген ол үшін үлкен оқудың есігін сол жылы Тұрсекең ашқан.

«Атбасар округтік атқару комитетінің төрағасы Тұрысбек Мыңбаевтың троцкистермен байланысы бар, ел ішіндегі байлармен қоян-қолтық араласып жүреді, ұжымдастыру саясатын мойындамайды, кезінде Кеңес үкіметін коммунистік сеніммен емес, шарасыздан қабылдаған».

1928 жылдың күзінде осындай айып тағылған Тұрысбек Мыңбаев Ақмола түрмесіне жабылды. Сталиндік репрессия өзінің ұзын құрығын там-тұмдап тарта бастаған кез осы болатын.

Бұл кезде әкесі Мыңбай да, Тұрысбектің шешесі Ырысбала да, бәйбішесі Зереп те дүние салған. Атбасардағы қалың Найманның ішінен Жамал есімді сұлу қызға үйленген. Елде қалған інісі Серік - өзі үйлі-баранды, Кәрім – Ташкенттегі мақта-ирригация институтында, Хамзе сол жылы Ақмола педагогика техникумын тамамадап қалған. Өзінің бел баласы саналатын Нұртаза кәмелетке енді толады – биыл ғана он алтыға шығады. Жамалдан туған тұңғыш Раузаның тілі жаңа шығып келеді.

Жамал күнде таңертеңнен түрме есігінің алдында. Түйіншекке орап алған Раузаның папасына бермекке әкелген тамағын жалынып-жалбарындырмай алмайды.

- Шіркін-ай,- дейтін Жамал әжеміз еске түсіргенде.

- Кеше ғана қолымнан дәм татып, дастарханымда екпіндей күліп отырған талай бастықтың алдына бардым. Білсейші сонда біреуі – бүгінгі Раузаның папасының басына түскен күн ертең өз бастарына түсетінін. Ақмоладағы баяғы большевиктерден ешкім қалмады ма екен деп налып жүрген келіншекке түрме күзетшілері бір кезде оң қабақпен қарай бастағандай болды. Алғашқыдай сыртын бермей, сөзге құлақ асатынды шығарды. Сондай бір күні Жамалдың қолына Тұрысбектің хаты тиді:

Жамалым, жаным,  
Бергенінді алдым.

Сағынып сарғайып,  
Жүдейді шалың.

Қамықпа, тарықпа,  
Шығармын жарыққа-  
Залалым болған жоқ  
Істеген халыққа...,-

деп бастаған өлең хат қуанышты хабар жеткізді. Алматыда Мыңбаевтың ісі бойынша арнайы комиссия құрылыпты, тексеру барысы Тұрысбектің кінәсіз екендігін дәлелдей бастағандай. Ақмола маңында ешқандай троцкистік ұйымның жоқтығын айтып, көнігі большевиктер – Абдолла Асылбеков, Сәкен Сейфуллин, Захар Катченко, Салық, Жақия Айнабековтер - әрқайсысы әр жерде жүрсе де, жаманат хабарды естіп, Тұрысбекті қызғыштай қорғаған хат жазған болуы керек.

Оқиға осылай бітуге тиісті болатын. Өйткені ұжымдастыруға қарсы саясат ұстаған адам Атабасар өңірі округ болып құрылысымен 22 тоз, 33 артель ұжымдастырар ма еді? Тек қана 1927-1931 жылдар аралығында Атабасар маңындағы Есіл бойында өгіз соқаның күшімен 8 мың гектар тың жерлер игерілер ме еді? Оны айтпай-ақ, елге барған бір сапарында халыққа: «көшіп-қонуды қояйық, ағайын. Орыс жатақтары құсап поселке салайық, егін егейік, мал бағайық» - деп ұран тастап, соңынан ерген ағайынға жер бөліп, үй салғызып, мектеп тұрғызып, магазин ашып, сонау Ақмоладан күйген кірпіш пен Көкшенің сырғауылын алғызып, қарағайдай қала тұрғызар ма еді? Ел жиналып: ұжымымыздың аты «Қызыл Дикан» болсын дегенде: «болса-болсын, тек бірлігіннен айрылма, ағайын!» деген сөздерін көз көргендер осы күнге дейін еске алады. Сол «Қызыл Диканды» бері келгенше Мыңбай ауылы дейтін. Оның себебі кезінде Мыңбай ауылы атанған мекен Сиық сайының оңтүстігінде тұрған. Сол кезде оның орнына орыс переселендері ірге теуіп, қазақтарды ығыстырып орнына Ивановка деген село салып тастаған. Халықтың қалауы Мыңбай аты өшпесе деген тілектен туған болса керек-ті. Артель аты «Қызыл дикан» болып бекіді. Алайда, заман өзгерді, өткен өшті. Кеше ғана Хрущевтің ірілендіру саясаты арқасында отырықшылдыққа бет бұрып, қала болмаса да, іргесі бұзылмаған ауыл болып отырған ауылдан не қалды? Жерде соқаның ізі қалды, қариялар кеудесінде – ұмытылмас қайғы қалды.

Түрмеден ақталып шыққан Тұрысбектің енді ештемеге зауқы болмады. Еңбектің бәрі еш кеткендей. Сонша жылдың өмірін арнап,

талай қысыл-таяң шақты бастан өткізсе де, бекер үміттенген екен. Өттең... өттең ... Елге, байтақ далаға бостандық әкеледі деген коммунистер жұртты жалған идеясымен баурап алғанын енді түсінгендей болды. Мұның ақтығына үкімет күмән келтірді. Енді қалай сабасына түссін. Астана - Алматыда. Сонда тез жету керек. Үкімет басышыларына бармай тұрып, төңкеріс жылғы серігі, осы күні өзіне күйеу болып, туысқанға айналған Сәкенге жолықпауы мүмкін емес еді. Гүлбаһрам қарындасы жаны қалмай қарсы алды. Бар жақсысын ағасының алдына тосып, елдің әңгімесін естігенше асық.

Бауырындай болып кеткен Сәкенінен несін жасырсын. Көрген қорлығын, жабылған жаланы күйіне әңгімелейді. Күдігін де айтты: түбі ел екіге бөлініп кетпесе. Бірі оңға, бірі солға тартса шындықтың аяқ асты қалары сөзсіз. Алматыда да тартыс баршылық екен. Апырмай, кешегі қан төгісте қатар жүрген азаматтардың арасынан жік шықты деген не сұмдық?...

Дегенмен, астанадағылар Тұрысбекті жақсы қабылдады. Қарсы халық комиссариатынан жақсы жұмыс берді. Осы кезде Ташкенттегі оқуын бітіріп, Кәрім Алматыға келді. Денсаулығы нашарлай бастаған Түрсекеңе бұл үлкен демеу болды. Інісі осындағы ауыл шаруашылығы институтында қызмет істеп жүргенде, Түрсекең әбден қалжыраған еді.

Бойдан қуат кете бастады, ішке түскен жан жарасы жазылмай-ақ қойды. Шешімге бір-ақ күнде келді: «Елге қайтамыз, Жамал, дүниенді ықшамда, балаларды жолға дайында». Бар айтқаны осы. Елге келген Тұрысбек еш қызметке араласпады. Үйдегі, түздегі шаруаның барлық кілтіні інісі Серікке берді.

Тілен атадан тарайтын Бейсектің Біркызық атты қызы Мыңкен үйіне келін болып түскеніне аттай бес жыл болған. Гүлбаһрам, Күлән атты екі қыз, Әуезхан атты ұл туған. Тұрысбектің Зереп бәйбішесінен қалған Нұртаза мен Шәрбән да үйде.

Елге келген соң Түрсекең төсектен тұрмауға айналды. Бір күні Серікті шақырып алды.

- Ақ пен қараны айыруды өзің де білесің. Ақылыңнан толысқан шағы. Мен көпке ұзамайтын шығармын. Кәрімге менің ауырғанымды жазып алаңдатпа, оқысын. Мына Хамзе мен Нұртазаны, кішкентай Рауза мен Орақты саған тапсырдым. Оқытып, қатарға қосу да, үйлендіру де сенің мойныңда.

Тынысын ауыр алып алды да:

- Енді Нұрадан өз қолыңмен бір саптаяқ қара су алып келші.

Шөлім басылмай жатыр,- деді.

Атпен желіп барып әкелген судан бір тостағанын бір-ақ сімірді.

- Туу, қымыз ішкендей болдым ғой, - деді де үзіліп жүре берді.

## Кәрім

«Мыңбай әулетінің өз халқына сіңірген еңбегін, азаматтық биік тұлғасын сөз еткенде Тұрысбек пен Серік секілді халқының азаматы бола алған, сондай жоғары да мәртебелі атаққа ие Кәрім Мыңбаевтың есімі қатар жүреді. Қазағының келешегі мен жарқын болашағы үшін небір қанды майдандарда оқ пен оттан қаймықпай, қиямет-қасіретті бастан кешсе де, өз мақсаты, арманы мен мұраты жолында қасық қаны қалғанда күресуге бел буған Түрсекеңнен үлгі алған тәрбие мен үлгі - өнеге жас Кәрімнің бойына жақсылық пен ізгілік қасиеттерді дарытуға себепкер дәнекер де бола алғандай. Түрсекең өзінің ең жас інісінің мейлінше сан қырлы, білімді де білікті болып өсуіне зер салды. Өзі оқып, жете алмаған ғылымның небір құпияларын меңгеріп, сол арқылы халқы мен елінің болашағына сыбағалы үлес қосуды қалайда жас Кәрімнің құлағына сіңіріп, сол мақсат үшін өзінің қолынан келер бар мүмкіндігін жасап бақса керек.

Өйткені Түрсекең көзі ашық, санасы ояу болғанымен, ғылым құпиялары қанша дегенмен аяғына тұсау салып, туа біткен азаматтық асыл қасиеттерін бар болмысымен жарқырата көрсетуге дәрменсіздігін байқап қалса керек-ті. Сол себепті де жас Кәрімнің қалайда білім алып, ғылым көкжиегінде еркін самғауы аға алдына қойған тағы бір мақсаты болса керек. Ауылда жүрген Кәрімді Ақмоладағы орыс-қырғыз бастауыш мектебіне әкеліп беруінің бір сыры осында жатыр».

*Бұл үзінді 1991 жылы «Орталық Қазақстан» газетінде жарияланған «Ағалы-інілі Мыңбаевтар» деп аталатын очерктен алынып отыр. Оның жазылуына себепші болған осы күнгі Қазақстандағы қаламдар ұшқыр көптеген журналистердің ұстазы болған, білгір редактор, ғалым-тәлімгер марқұм Рамазан Сағымбеков еді. Ол кезде осы жолдардың авторы Қазақстан журналистер одағы Қарғанды бөлімшесінің хатшысы қызметін атқарып жүрген. Ол кісі істейтін «Орталық Қазақстан» газеті Баспасөз үйінің бесінші қабатында. Ардагер ағамыз сырқаттанып қалғалы бері қалын сұрап баруға уақыт таба алмай қысылып жүргенмін. Бір күні кабинетке өзі келді. «Е, ағаға материалдық көмек қажет болған ғой», - деп, амандық-саулық сұрасқан соң, алдына өтініштің үлгісін тастай бердім. Рәкең жымиды. Аузынан ешқашан ауыр сөз шықпайтын ағамыз ұсынған қағазды жайлап қана менің алдыма ысырды. «Келген шаруам бұл емес, Нұрханжан. Газетіміздің «Мирас» мүйісінің бір*

*нөмірін сенің әкелеріне арнамақ ойым бар. Бас редактормен келісіп отырмын. Ана Дәулет Мақашты жанына ерт те, жол сапарға аттан. Не айтқыларың келеді - еріктеріңде. Тек мақалаларын дұрыс болсын». Менің пікірімді тыңдаған да жоқ. Осы кітапқа негіз болып отырған материал былтыр марқұм болған журналист Дәулет Мақаш пен менің жазғандарымыз. «Орталық Қазақстанның» алты нөмірінде жарияланған очерктер сериясындағы Мыңбай туыстарының естеліктері менің қолымнан шықса, қалған түйіндердің бәрі Дәулет Мақаштікі.*

Кәрім Ақмоладағы бастауыш орыс-қырғыз мектебінде 22-жылдан 27-жылға дейін оқыды. Бұл аралықта ол тек мектеп бағдарламасының көлемімен ғана шектеліп қойған жоқ. Қолына түскен, ағасы Тұрысбек әкеліп берген талай кітаптарды парақтап, олардан өзінің болашақ өміріне рухани нәр-азық ала алды. Білім тұңғышына бір бойласаң оның бар құпиясын біліп-игермейнше тыным таппауға баулыған ағасының ақылы мен нұсқауын бар ықылас ниетімен орындауға күш-жігерін салды.

Ағасының елді патша отаршыларының езгісінен құтқару үшін Кеңес өкіметін орнату жолындағы ерлігі мен азаматтық істері жайлы жас болса да хабардар Кәрім үшін Тұрысбектің есімі, атақ-абыройы мен атқаратын еңбегі әрі мақтаныш, әрі үлгі-өнеге еді. Ағасының іні алдындағы парызы мен борышын, ең алдымен, оның оқып-білім алуы деп пайымдағанын жасынан зерек, сөзге де, жөн-жобаға да ұғымтал Кәрім дұрыс түсінді. Мектепте ыждаһаттылықпен оқып, қалайда сапалы әрі жан-жақты білім алуға бар күшін салады. Соның арқасында мектептегі озат та алғыр оқушылардың санатында жүреді. Қоғамда, өмірде болып жатқан әлеуметтік-саяси көзқарастарға, өзгерістерге зер сала жүріп, әрі ағасының әр қадамы мен ісінен толық хабардар болғандықтан ба, жаңа өмір, жаңа қоғам құру жолында жатпай-тұрмай сан-алуан жұмыстардың тұтқасы, көш бастаушысы болуға ұмтылды.

Ол жылдары жаңа өмірдің қазаны бұрқ-бұрқ қайнап жататын. Нариманов атындағы комсомол клубында мәдени-көпшілік шаралары тартымды да қызу өтіп тұрды. Мұхтар Әуезовтың «Қарагөз» драмасы сахнаға шығарылғанда Кәрім Сырымның ролінде ойнайды. Болашақ жайлы, сол кездегі өмірдің қыр-сыры жайлы неше түрлі диспуттар өткізілетін. Сөзінің ойы орамды Кәрім көпшілікті иландыра білетін.

Қазақтың ұлттық кадрларын қалыптастыру мәселесі күн тәртібіне қойылғанда, алғашқы оқуға жолдама алғандардың бірі Кәрім болды. Ташкенттегі Орта Азия мақта-су шаруашылығы политехникалық институтына жолы сол жылы ашылды. Бұл - 1928 жылы болатын. Жаңа техникалық дақылдар факультетіне түсті. Институтқа түсер

кезіндегі Кәрімнің өзінің қуанышын, білімге деген құштарлығын жас кезінен сырлас досы бола алған, ұзақ жылдар бойы Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытуға сыбағалы үлесін қосты. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген зоотехнигі Төлеужан Мусин былай деп еске салды:

«Оқуға, білім алуға деген құштарлық бойымызды билеген біздер жатпай-тұрмай емтиханға әзірленіп, көп ұзамай студент атандық. Сол кездің өзінде-ақ Кәрім талмайтын талаптанғыштығымен, ерекше еңбекқорлығымен бәрімізден асып түсетін. Кәрім бойындағы тағы бір ерекше қасиет - әдебиетке деген құштарлық еді. Әлем классикасы мен орыс әдебиетінің озық туындыларын тек оқып қана қоймай, салауатты да салмақты пікірлер айтатын. Әңгіме жанрының айулы шебері А.П. Чеховтың шығармаларын қазақ тіліне аударып, сол кездегі мерзімді басылымдарда жариялайтын».

Мұның өзінен Кәрімнің бойында білімге, әдебиетке, жалпы ғылым атаулыға құштарлықтың ерте бастан-ақ қалыптасқанын, оның ағасы көздеген биіктен көрінуге бет бұрып, мұрат тұтқанын аңғарар едік. Институт қабырғасында өткен төрт жылда ол өз мамандығы бойынша озат студенттердің қатарынан танылып, институтты өте жақсы деген бағамен бітіріп шығады. Жас жігіттің бойындағы ғылымға деген бейімділік пен талапты, құштарлықты дұрыс бағалай білген институт басшылары оны мақта талшығына ұқсас өсімдіктерден мата тоқитын Москвадағы Фрунзе атындағы «Котарпин» фабрикасы жанындағы аспирантураға жолдама береді. Кәріммен бірге жоғарыда аты аталған Төлеужан Мусин де жіберіледі.

Аспирантурада жүрген кезінде Кәрім мен Төлеужанды ауыл шаруашылығы комиссариаты оқуды тоқтата тұрып, бірін Азербайжанға, екіншісін Грузияға жіберу жөнінде шешім қабылдайды. Ол кез - сталиндік жеке басқа табынушылықтың өрістеп келе жатқан шағы. Партия қайда жіберсе, сонда баруға міндеттісің. Қарсы келіп, сылтау айтатындай болсаң, онда партияға, Сталинге қарсы шыққандығың, Совет өкіметінің болашағына бұлдыр қарағандығың. Әлде басқа себептер айтылса, жаныңның жаһанамға жіберілетіні түсінікті еді. Оқуға, білімге құмартып келген Кәрімді өз республикасына емес, сонау Грузияға жіберуі оған әжептәуір соққы болғаны жасырын емес. Бір жағынан білімін жетілдіремін, агрономия ғылымының небір құпияларын игеремін деген ынта көңілмен келгенде, басқа тепкендей меселін қайтарып, басқа жаққа жібергеніне іштей ренжігенімен, екінші жағынан басқа жерде, басқа елде тәжірибе жинақтап, алған білімін тәжірбиеде ұштастырып, қажетіне жаратуда айтарлықтай көмегі болғанына қанағаттанады.

Арада үш-төрт айдан кейін басқа республикаларда жұмыс істеп жүрген мамандар өз еліне қайтарылсын деген үкіметтің арнайы қаулысы шығады. Бұл елін, жерін аңсап, алған біліміне орай өз халқына еңбек етсем деген арманы мен мақсаты бір Кәрім үшін зор қуаныш болды. Елден жырақ жүргенімен, ауылдағы жақын-туыстарымен үзбей хабарласып, хат алысып тұрғаны болмаса, ауыл бетін көрмегелі қаншама айдың, жылдың жүзі өтті десеңізші. Тұла бойды кернеген сағыныш, туған жерге деген махаббат, перзенттік сүйіспеншілік осы қаулыны естісімен-ақ ауылға, елге, туған жерге баруға бел шешкенімен, өзінің жырақта жүру себебі ойына сап ете түсті. Білім қуып, ғылым жолына түсу жастайынан арманы болғандықтан қалайда орталық қалаларда оқып білім алуды мақсат тұтып, Ленинградтағы Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының аспирантурасына түседі. Оны үздік бітіріп шығып академик Н.Н.Вавиловтың басшылығымен кандидаттық диссертациясын қорғайды. Бұл 35-37 жылдар.

Бұл кезде бүкіл елімізде «халық жауларын» «тауыш», жаппай қуғындап, қырып жатқан нәубет жылдар еді. Қай халықтың болмасын оқыған, көзі ашық азаматтары қайдағы бір сасық ойлы, надан жандардың көрсетуімен нақақтан-нақақ атылып жатты. Кәрімнің сырт жақта жүргенімен, оның да осылай «халық жауы» атанып кетуі әбден мүмкін еді. Ағасы Тұрысбектің 1928 жылы «троцкист» аталып, қудалануы жоғарғы жақтың қаперінде тұрғаны даусыз еді. Өзі Николай Вавиловтың оқушысы болса, өзінің диссертациясын соның ілімін жалғастыру жөнінде қорғаса, Кәрім қалай аман қалды? Елдегі туыстары бір жағынан осылай деп қорқа бастаса, екінші жағынан Кәрімнен көптен бері хат-хабардың келмей қоюы да осындай жаман ой түюге мәжбүр еткендей еді.

Сол кезеңдегі Кәрім өмірі мен тұрмысы жайында оның немере інісі Нұртаза Тұрысбеков былай деп еске алатын:

«1938 жылы мені әскер қатарына азаматтық борышымды өтеуге алып кетті. Алғашқысында Хасан көлінде шайқассам, кейін 1939 жылы Финляндия соғысына қатыстым. Соғыс бітісімен біздің полкті қайта жасақтап, біразымызды елге қайтарды. Маған үш-төрт күнге осы маңайда дем алып, қыдырып келуіме болады деп рұқсат берді. Қайда барам. Бірден Ленинградтағы ағам Кәрімнің үйіне бармаққа бекіндім. Қолымда адресі бар болатын. Өйтіп-бүйтіп сұрастырып жүріп Кәрімнің үйіне бардым. Үйде жеңгем Милица Васильевна қарсы алды. Бізді өзінің үйленгендігі жайында хат арқылы хабардар еткен еді. Жеңгемізге кім екенімді, қандай туыстығымды айтып болысымен, ол

кісі де ақ жарқын, қолы ашық адам екен, барын жайып салып, қуана қарсы алды...»

Бұл кезде Кәрім Мыңбаев кандидаттық диссертациясын қорғап, енді докторлық жазу үстінде еді. Оның елден, туған жерден жырақ, алыста жүруінің басты мақсаты да осы емес пе еді. Қалайда білім көкжиегінен көрініп, алған білімін қалайда туған елінің игілігіне айналдыру болатын. Сондықтан Ленинградта жүріп докторлық диссертациясын қалайда қорғау үшін жатпай-тұрмай еңбектенеді. Сондай-ақ өзі кандидаттық диссертациясын қорғаған Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтында каучукты өсімдіктер кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. Әрине, қазақ халқының азаматы аты дардай, атағы таудай институтта кафедра меңгерушісі болу екінің бірінің қолынан келе бермейтін, әрі қазақ азаматтарының арасында сол кезде сирек кездесетін жайт қой. Бұл Кәрімнің өз деңгейлестері арасынан оза шыққандығының туа біткен ғылыми дарындылығының, жан-жақты білімдарлығының, азаматтық биік тұлғасының жарқын белгісі болса керек.

Отанымызға түтқиылдан шабуыл жасап, еліміздің тәуелсіздігі мен бостандығын аяқ асты етпек болған фашистік Германиямен соғыс басталып кетті. Кеудесінде намысы бар, Отаны мен елінің бостандығын қымбат санаған әрбір азамат қолына қару алып, жаумен шайқасқа аттанып жатты. Сол кезде неміс басқыншылары Ленинградты қоршауға алып, миллиондаған халқы бар үлкен шаһарды жан-жақтан қыспаққа алды. Бүкіл ленинградтықтар қолдарына қару алып, жауға қарсы шықты. миллиондаған халқы бар үлкен қаланы жан-жақтан қыспаққа алды. Кәрім Мыңбаев қаланы қорғаушылардың алдыңғы қатарында болды.

Бұл кезде ол кандидаттық диссертациясын қорғап алған болатын. Оның тақырыбы «Көксағыздың табиғатын жақсартудың негізгі жолдары» деп аталады. Тақырыптың сонылығы ма, әлде жас ғалымның білімге, ғылымға деген құштарлығы ма, көтеріп отырған мәселесінің ауқымды келешегі мен мол болашағы ма, институт басшылары Кәрім Мыңбаевты бірауыздан институтта қалдыруды дұрыс деп табады. Әрине, санаулы білімді азаматтарының мұндай жоғары үміт пен сенімге ие болуы, бір жағынан, мақтаныш болса, екінші жағынан жас ғалымның білімге деген құштарлығы мен талабын жоғары бағалау еді. Кәрім көксағыздан мол өнім алудың жолын көрсеткен алғашқы кеңес ғалымы болды. Енді сол теориясын тәжірбие жүзіне жүзеге асыруға құлшына кіріспек болып тұрғанда қарғыс атқыр соғыс бөгет болды. Сонда да жас қазақ ғалымы сан қырлы еңбегінің зая кетпестігіне, ашқан жаңалығының болашақта еліне зор пайда

әкелетіндігіне сенімі зор еді. Кәрімнің еңбегін ғылыми тұрғыдан жоғары бағалаған ресейдің жетекші ғалымдары өкінішпен бас шайқасып, өздерінің докторанттарын майданға шығарып салды.

Себебі, көксағыз проблемасы ол кезде өте маңызды әрі жауапты жұмыс болатын. Көксағыздан каучук алу соғыс алдындағы шикізаты мен басқа да технологиялары әлемдік деңгейден көп артта қалып келе жатқан советтік өндіріс үшін баға жетпес жаңалық та, әрі жетістік те болатын. Өйткені, сүнгуір қайықтардың кей бөлшектері, автомобиль дөңгелектері ол кезде мұнай химиясы жолымен емес, табиғи өсімдіктерден алынатын каучуктен жасалатын. Қорғаныс өндірісі үшін маңызды шикізат есебінде көксағызға деген сұраныс зор болатын.

Ал, оны биология мен ауыл шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы мамандарының бетке ұстар ірі ғалымдары мен білікті білгірлері отырған Ленинградтағы өсімдік шаруашылығы институтында көксағыздың маңызын жан-жақты ғылыми әрі тәжірбиелік жолмен дәлелдеп шығу Кәрім Мыңбаевтың ғана қолынан келгендігін баса айту ләзім. Басқа емес, Кәрім секілді қазақ халқының абзал да білімді азаматының Н.Вавилов бекітіп берген тақырыбын проблемалық деңгейге көтеріп, одақтық көлемде мүдірместен қорғап, дәлелдеп шығуының өзі, Кәрімнің жан-жақты білімдарлығын, өз ісіне, жұмысына деген құштарлығын аңғартады.

... Кәрімнің ғылым жолында өз мақсатына жетудегі талпынысына сұм соғыстың басталып кетуі тұсау, кедергі болғаны сөзсіз түсінікті жай. Әйтпесе, ғылымның тұңғығына енді-енді еніп, ағалары Тұрысбек пен Серіктің алдына қойған мақсаттары мен армандарына қайтсем жетем деген құлшыныспен кіріскен Кәрімнің сол кезде-ақ өзі сияқты үлкен-кіші әріптес ғалымдардың көш басында жүрер еді. Өйткені, Кәрімнің бойында арман мен нақты іс бір-бірімен ұштасып, енді-енді қанатын кеңге жайып, өрісін кеңейтіп, құлашын кеңге сермеп келе жатқан шағы еді. Бұл жайына жоғары атап өткен Төлеужан Мусиннің мына бір естелігі бар шындыққа үйлесіп тұрғандай.

«Кәрім екеуіміз хат арқылы тілдесіп тұрамыз. Мен оның әрбір хатынан туған жерге деген іңкәр жүректен шыққан ыстық ықыласын, ерекше ілтипаты мен мөлдір сағынышын аңғаратынымын. Ол өзінің боз жусанды қазақ даласын құт-береке қойнауына айналдыру туралы ойларын шабыттана жеткізуші еді. Адамның жан дүниесі ашылуы қиын алтын сандық емес пе? Мен қарапайым ғана досымның алтын сандығы осыншама тұнық сыр, ақылды ойға толы деп ойламап едім. Оның әрбір хаты мені жаңа бір ойға жетелеп, жаңа бір сезімге бөлейтін. Далалы... аймақтың келешегі туралы ол маңызды ғылыми тұжырымдарын сол кездің өзінде-ақ бастаған еді...»

1941 жылдың 7 ноябрінде шыққан «Социалды Қазақстан» газетінің мерекелік номерінде Кәрімнің Жамбылға жазған хаты жарияланды. Оның мәтіні мынадай:

«Майданнан хат.  
Жамбыл ақынға.

Ленинградшыларға арнап жазған жалынды өлеңіңізді сүйген жүрекпен, қабыл алып, социалистік Отанымыздың бұлбұлы жүз жастағы Жамбыл ата, сізге алып Ленин қаласынан жауынгерлік сәлемімді жолдаймын.

Бостандықты сүйген қазақ халқының ұлы - мен қазір жасақталған жауынгер қатарында жүрмін. Мен сүйген Отан үшін, бақытты өмір үшін, Ленин қаласы үшін, барлық совет халқы үшін соңғы тынысым біткенше күресетініме, Жәке, сізді, қазақстандықтарды жауынгерлік сертпен сендіремін.

Ардақты Жәке! Өзіңнің жай оғындай өлеңіңмен бүкіл қазақ халқын, бүкіл қазақстандықтарды адам баласының қас жауы – герман фашизмін талқандауға жұмылдыр, жігерлендір! Қазақтың ержүрек жігіттерінен салт-аттылар жасағын жасақтауға, қорғасын, мыс, көмір, мұнай, астық өнімділігін арттыруға аттандыр!

Сіздің жауынгерлік жалынды өлеңіңізді айта жүріп, қазақстандық достар, сұмырай фашистерді тез жеңіп шығатын болсын!

Қазақтың ержүрек батыр ұлдары, сіздің туысқан бауырыңыз ұлы Ленин қаласынан сәлемін жолдайды, жауды жеңу үшін аттаныңдар, жолдастар!

*Ленинград Н. бөлімі армиясының халық ополчениесінің жауынгері – ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты В.И.Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылым академиясының докторанты – Кәрім Мыңбаев».*

### **Хатта Кәрімнің жан-дүниесі алақанда тұрғандай**

Әрине, Отанымызға қауіп төнген сындарлы да қиын шақ болғанымен, ол кезде еліміздің келешегі мен болашағы үшін қолынан іс келетін, ғылым жолында ғаламат жетістіктерге жетуге қабілеті мен қарымы жетерлік жоғары білімді мамандар мен ғалымдар үкіметтің арнаулы шешімімен елде, тылда қалдырылып келді ғой. Сонау Ленинград қаласы қоршауда қалған кезде қолына қару алып, халық жасақшыларымен бірге қаланы қорғауға шыққан Кәрімнің ғылымды дамытуға, ауыл шаруашылығын өркейтуге айтарлықтай үлес қоса

аларлық күш-жігері мен қабілетін білген бас қолбасшы Иосиф Сталин Кәрім Мыңбаевты Кремльге шақыртады.

- Майор, Қазақстанда сен сияқты қанша ғалым бар?

- Көп, жолдас Сталин.

- Олай емес, жолдас Мыңбаев. Менің білуімше бар жоғы 5 ғылым докторы, 17 ғылым кандидаты ғана бар. Бұл көп емес. Біздің ойымызша сіз, Мыңбаев жолдас, Қазақстанға қайтуыңыз керек. Бастаған ғылыми жұмыстарыңызды аяқтаңыз. Соғыстан соң шаруашылықты өркендетуіңіз керек қой».

Бұл әңгімені қазақтың тұңғыш театр режиссері, көп жыл Кәріммен қатар жүріп, оны туған ағасындай сыйлаған Асар Токпанов жиі айтатын.

Асекеннің Кәріммен жиі араласуының басты себебі – оның 43 жыл отасқан зайыбы Күлән ғалымның жақын ағасы Қайып Айнабековтың қызы. Осылайша Үкіметтің арнайы тапсырмасымен Кәрім Мыңбаев әскер қатарынан кері шақырылып, Алматыға жіберілді.

Қазақстан жаспарлау комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып бекітілгенде, оның жасы бар-жоғы 35-те ғана болатын. Бүкілодақтық Ленин атындағы ауыл шаруашылығы академиясының докторантурасында қатар оқып жүрді.

Кәрімнің докторлығын қорғаған кезін екінші дүниежүзілік соғыстың қолбасшысы, Совет Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы өзінің келіні Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер» кітабында былай деп еске алады:

- Менің Кәріммен таныстығым 1944 жылдың январында басталды.

Сол жылы жазда Москвадағы ВАКГШ-да (высшее академические курсы генерального штаба) оқып жүргенмін. Кәрім докторлық диссертациясын қорғауға дайындалып, «Москва» қонақ үйінде тұрды. Екеуіміз сәті түскен бос уақытымызды бірге өткізіп, ой-шікіріміз араласқан жақсы жодас болып кеттік. Кәрім әдебиетке, әсіресе өлең-жырға құмар-ақ еді. Абайдың көп өлеңдерін жатқа білетін, өзінше бір әдемі мәнермен айта жөнелгенде тыңдаушысын баурап әкететін. Орыс жолдастарымыздың арасында, керек жерінде тәп-тәуір тәржімалап та жіберетін. Өз мамандығының шеңберінен басқаға мойын бұрмайтын қайсыбір оқымыстылар секілді емес, жан-жақты шын мағынасындағы білімді жігіт еді. Өзінің айтуынша, ауыл шаруашылығы ғылымының соңына түсуіне Сәкен Сейфуллиннің тікелей әсері болыпты. Жас кезінде өлең жазып, ақын боламын деп оқуға келгенде Сәкен оның ақындық шама-шарқын байқап көріпті-де: «Ақындық – мамандық емес, ол өнер, егер кеудеңде табиғат берген ақындық ашытқың болса,

қандай мамандықтың иесі болсаң да жазасың»,- деп, ауыл шаруашылық техникумына орналастырыпты. «Сол үйде тұрып, оқып, талай-талай жақсы үлгі-өнегелерін көрдім, тәрбие алдым»,- деп отырушы еді» деп еске алған екен атақты Бауекең.

Иә, Кәрімнің үлкен ғалым болып, елі мен жерінің болашағы үшін ғылым жолындағы сан түрлі қиындықтардан қаймықпай, қазақтан шыққан тұңғыш биология ғылымының докторы дәрежесіне дейін көтерілуіне ақиық ақын, кемеңгер Сәкеннің сол айтқан ақылы мен кеңесі әсер етпеді деп айта аламыз ба?

1944 жылы КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша Алматыда ВАСХНИЛ-дің қазақ бөлімшесі құрылды. Қаулының жөні бір басқа, орындалуы екінші жай. Жан-жақтан ғалымдарды шақырып, жаңа бөлімшенің президиумын құру, оның жұмыс бағытын анықтап, Қазақстан халық шаруашылығымен қабыстыра қызмет еткізу сол кезде республикалық жоспарлау комитеті төрағасының бірінші орынбасары Кәрім Мыңбаевқа жүктелді. Атқарылатын жұмыс ұшан-теңіз. Сонымен бірге ол Қазақ ауылының шаруашылығы институтының селекция және генетика кафедрасын, қазақ мемлекеттік университетінің дарвинизм кафедрасын қатар басқарып жүрді. Білімдарлығы өз алдына, жауапты да маңызды төрт жұмыстың тізгінін қолға ұстаған Кәрім Мыңбаев өзіне сеніп тапсырылған қай жұмыста болмасын ел басшыларының жауаптаған сенімін ақтай алды. Қазақстандағы генетика және селекция ғылымын дамыту, жас мамандарды даярлау, ВАСХНИЛ-дің Қазақ бөлімшесінің жұмысын өмір талап етіп отырған деңгейге көтеру секілді сан қырлы міндеттерді абыроймен атқара алды.

Арадағы аз жылдың ішінде Қазақ филиалы президиумының төрағасы болып жүріп, Кәрім қыруар міндеттердің бірқатарын орындап, кейбіреулеріне негіз салып берді. Бөлімшенің ғылыми зерттеу деңгейі ауыл шаруашылығын дамытуға айтарлықтай үлес қосты. К.Мыңбаевтың ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институты ашылды. ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалының бірінші сессиясының өзінде-ақ (1945 жылы) филиалдың құзырында 13 тәжірибе алқабы, 8 тәжірибе станциясы және 4 институт бар болатын. Ал мұның бәрі Кәрім секілді білгір де білікті ғалымның келешек үшін, жарқын болашақ үшін алдын болжай білетін, парықтап, пайымдай алатын басшының алғырлығы да, ұйымдастырушылық ерекше қасиеті емес пе?

Кәрім есімі Бетпақдаланы шаруашылық мұқтажы үшін игерудегі сан қырлы жұмыстармен қатар аталады. 1947 жылы тамыз-қыркүйек айларында Кәрім Қазақ филиалының бір топ ғалымдарымен

республиканың осы бір кең алқабында экспедицияға шығады. Елдің, жердің сол кездегі тұрмыс-тіршілігімен жете танысқан Кәрім сол жолғы сапарынан түйген ойын былайша тұжырымдаған екен: «Бетпақ даланың кең алқабы пайдалы қазбалардың таусылмас қоры, кен-руда өнеркәсібі үшін, шикізат және ауыл шаруашылығы барынша дамыған аудан, құнарлы топырағы мен көгі мол, жайлауы жайылым бола аларлық алқап болуы керек». Бұл жерде Кәрімнің боз жусанды қазақ даласы құт береке қойнауына айналдыру туралы ойлары мен ізгі армандарының орындалуына негіз бола аларлық сан қырлы жұмыстарының белгісін, нышанын байқар едік.

Кәрімнің осы Бетпақдалаға экспедициясы кезінде өз ауылында болып, олар жүрген жол мен міндет тұрғысында өз ойында қалғанын осы жолдар авторларына сол кездегі Жезқазған облысы Ағадыр ауданындағы Кәрім Мыңбаев атындағы совхозда тұрған Кәрімнің жиен келіні Дәмегүл Қожабекова былай деп айтып берген болатын:

«Менің келін болып түскеніме 16-17-ақ күн болған. Мәриям шешеміз /енеміз/ сондай ақжарқын, сөзімен де, іс-әрекетімен де, ақылдылығымен де елді аузына қаратқан ажарлы да ақылды адам болатын. Ол кезде біз Жаңаарқа ауданының «Алғабас» деп аталатын бөлімшесінде тұратынбыз. Кәрім бастаған экспедициясының жолы біздің тұрған жерімізден сәл қиястау екен. Дегенмен Кәрім 28 жыл бойы көрмеген апасын осы жолы қайтсем де көремін деп бекінген болуы керек. Елден-жұрттан сұрастыра жүріп, 7-8 машинасы бар, бір топ адамдарымен біздің ауылға келіп қалды. Көптен, бері көрмеген апасына деген сағынышы ма, әлде апасының от-басын, ошақ қасын көрейін деді ме, әйтеуір сол жолы бізге соқты. Алдын-ала Кәкең бастаған экспедициясының осы жаққа қарай бұрылғанын, оның үстіне Мәриям апайды іздеп жүргенін естігеннен кейін - ақ аудан басшылары ағылып келе бастады. Амандық-саулықтан кейін Мәриям апай балаларымен таныстырып өтті. Мен жаңа түскен келінмін. Келіннің бетін кім ашса, сол адам ыстық демей ме, қарақтарым. Енем:

- Көп жылдан кейін кездесіп, ұшырасып отырмыз. Қуаныштың үстіне келдің. Өкпебайымның мына құсына көрімдігінді бер,- деді. Кәкең бірден:

-Көрімдікке не қалайсыз? Ақша ма, әлде кездеме ме? – деді.

-Кездемең осында отырған қайсымызға жетеді, тәйірі. Ақшанды бер, - деді апам. .

Сол кезде Кәкең қолын қалтасына салды да, бір бума ақшаны пашып жіберді.

-Міне, менің көрімдігім,- деді де, экспедиция машинасының бірінен бума-бума оралған кездемені де алып шықты. Сол жолы

Кәрімнің апасының көрімдік деп қалжындап сұрай салған сөзіне бар шын-ниетімен шашу шашып, кездемені жайып салғанына жиналғандар риза болды. Атағы жер жарған Кәрім Мыңбаевтың келгенін естіген жақын маңдағы жұрт жапа-тармағай жиналып, ағылып келіп жатты. Сол жолы экспедицияның адамдары біздің ауылда үш күн жатты. Күндіз дала кезіп, аң аулауға шығады, жер бедерімен танысады. Қасына ел мен жерді білесің деп жиені, менің жұбайым Өкпебайды ертіп жүрді. Кешкілік ауыл маңында елге танымал деген сөзге шешен, тарихтан хабардар адамдарды шақыртып, солармен әңгімелесетін. Ауылда бір ғұлама молда бар еді. Өзі Кәкенмен рулас - Токаның Тұңғатары еді. Есімін ұмыттым. Сол кісімен бір түн бойы сөйлесіп, шариғат жөнінде көп пікірлесті. Оның айтқандарын қағазға түсіріп отырды.

Сол жолы Өкпебай жиенін оқуға түсіремін, келесі жылы келіп алып кетемін деп уәдесін беріп кетіп еді, жарықтық. Не керек, тағдырдың жазымышы солай болғаны ғой. Келесі жылы Кәкен бастаған бір топ ғалымдардың әуе апатынан қайтыс болғанын естідік» - деп көзіне жас алды қарт ана.

Қара Нұраның қалың талдары, екі қапталындағы жадағай төбелері, жазықтағы адырлары көзге оттай басылды. Экспедицияға қарсы жолыққандардың бәрі Кәрімнің танысы болып шығады. Облыс, аудан басшыларына Алматыдан, Қарағандыдан радиogramма салынған. Бірақ өз елінің шетіне іліккен соң, Кәрім басшылардың ресми қарсы алуын күткен жоқ. Жолдағы Ақмешіт өзенін бойлай отырған Мәукеш ауылына ұзатылған Нүлилә апасының үйіне соқты. Жездесі Әдіхамның «мал сояйын» дегеніне қарамай, ауылға жеткенше асықты. «Қызыл диқанға» жиырма-отыз шақырым қалғанда экспедицияны тоқтатты. Адамдарына «дем алыңдар» - деді. Көптен бері сырлас, дос, айнымас серік болып алған өз машинасының жүргізушісі Николайға «бір жерге барып келеміз», - деп ескертті.

Бастығының көздегені өз ауылы емес, басқа ауыл екенін сезіп келе жатқан Николай ештеме сұрамайды. Солай әдеттенген. Қажет деп тапса Кәрімнің өзі айтады.

-Николай, мына ауылда Айша деген қыз тұрады. Махаббат деген алғашқы сезімді оятқан сол болатын. Оқуға кеттім, қызметке араластым, елге келуге қол тимей кетті. Туысқындарды сағыну бір басқа, алғашқы ғашық болған қызды бір көру бір басқа болар. Айша осы ауылдың келіні көрінеді. Бір көрейін деп әдейі бұрылып келемін, - деді Кәрім.

Бұлар көздеген жерге жақындап қалды.

«Тоқта, бармаймыз бұл ауылға, қайтамыз,»- дегенге түсінбей, Николай Кәрімге таңқала қарайды.

«Барайын Айшаға. Көрермін. Ол енді сары қарын бәйбіше болған болар. Баяғы бала кезімізде көретін тілерсектен түсетін бұрымы, қаракаттай кара көздері, тал шыбықтай бұралған дене бітімі қалды дейсің бе? От басының жағдайын да білмеймін. Тұрмысы нашарлау болса қысылып қалады ғой. Баяғыдан еш белгі қалмаса, от басында отырған шүйкедей кемпірді қарауға несіне құмартып келемін. Дұрысы-баяғы көңілді суытпай, қиялымды өшірмей осы арадан қайтқаным».

Кәрім бастаған экспедициясының колоннасы «Қызыл диканға» - ескіше Мыңбай ауылына қызыл іңірде кіріп келді. Ауыл дем түзегенше абыр-сабыр болды да қалды. 20 жыл көрмеген інісі келді дегенде, қандайда болмасын бойын жинақы ұстайтын Серіктің буындары босап, орнынан тұра алмай қалды. Бәйбішесі Біркызық қолтығынан демемесе, аяғына тұруы қиын еді.

Сасқаны ма, әлде қалай.

- Ә, Кәрім, келдің бе? –деп, күнде көріп жүрген адамдай оң қолын соза берді. Ағасын қапсыра құшақтаған Кәрім көпке дейін құшағын жазбады. Көп туысқандардан соңғы көргені – алдыңғы жылы қарындасы Гүлбаһрамды Алматыға оқуға алып келген інісі Хамзе ғана. Елдің жайын, жердің жайын содан естіген. Серіктің шағындау салынған екі бөлмелі үйі аузы-мұрнынан шыға толды. Түркен, Жәрлес, Жүсіпбек, Күмісбек, Жармағамбет (Әллә), Қалмағамбет, Үсен, Махмет, Шахмет, Кәріс, Қали, Шақабай, Мәуия, Қатпа -бауырлас ағайындардың бірі қалмай осында. Ертеректе осы ауылға көшіп келіп, туысқан болып кеткен Байтайлақ, Білісбай, Шалғынбай, Жүсіп, Сүлеймен, Мұқаш, Біләл, Кәрібай, Қадау, Әбіл, ашаршылық пен соғыс шаңырақтарын шайқап, жесір қалған ауылдың қыздары да, жиендері де осында.

Ауылдың үлкен кішісіне дейін «жиен» деп, өз атын ұмыттырған Тоқсарының келіні Бибі Кәріммен көрісіп амандасты. Отырған жұрттың көзіне жас алдырған қарт әзіз ананың жоқтауы сонау жылдары өмірден өшіп кеткен Мыңбай мен Ырысбалаға, Тұрысбек пен Зерепке, соғыста қыршын кеткендерге арналды. Көрісу кезегі Бәкірдің бәйбішесі Зәкөйге тиді. «Жат жерде сұлтан болғанша өз елінде ұлтан болмайсың ба?» деп, наз айтқан жеңге, сөз аяғын «Келесі келгенше кім тірі болады, қарағым. Жеткен биігің құтты болсын, еліңе еңбегің сіңе берсін»,- деген тілекпен аяқтады.

Адамның сай сүйегін сырқыратқан Бибі кемпірдің жоқтауы, Зәкөйдің назы ауылдың бүгінгі хәлін Кәрімнің санасына салып берді.

Осы жолғы Кәрімнің елге келетіні жайлы хабарды Алматыда оқып жүрген Серіктің Гүлбаһрамы айтып келген. Мұндағылардың естуі бойынша Кәрімнің Милица деген бәйбішесі, Жапар, Темір атты екі ұлы, Гүлнұр, Әлия атты екі қызы өсіп келе жатыр.

Қауқылдысқан туыстар ағайындыларды оңаша қалдырар түрі жоқ.

- Серік мына бір винчестерді әскерден қайтарымда командование сыйлап еді. Соны саған алып келдім. Мерген едің ғой. Мылтықты сынап көрелік,- деді Кәрім сөз ыңғайы келгенде. Інісінің емеуіріні өз тілегіне орайлас түскен Серік:

- Қазір ат ерттейін. Батыркөл жаққа барып қайталық, - деп, орнынан тұра берді.

Атқа байыппен отырғандарымен, бойларын қуаныш кернеп, ауыл сыртына шығысымен Серік пен Кәрімнің шаба жөнелгендерін үй сыртында қалғандар көрмей қалған жоқ. Лекіте шауып, арасында сары желіспен тақырақтатып көл басына тез-ақ жетті. Серіктің қырағы көзі көлге қарай ұшып келе жатқан құстарды тез-ақ байқады. Мылтығын солай қарай кезей берді. Әуелі ағасы атсын дегендей, Кәрім де қос ауызын ыңғайлап, Серіктің атуын күтіп қалған. Мылтық тарс етті. Қанқылдап жерге қарап бір құс құлай берген. Іле-шала екінші мылтық тарс етті. Бұл Кәрімнің қолындағы қос ауызды мылтығы, оның да оғы далаға кеткен жоқ.

Аттылы ағайындылардың ізімен шыққан экспедициясының «виллис» машинасының ішінде Тұрысбектің кенже қызы Рауза мен Алматыдын келген Серіктің Гүлбаһрамы бар. Жерде тыпырлап жатқан екі қазға, екі қыз жүгіріп жетіп құстардың үстіне құлай берді...

Серік пен Кәрім көп әңгімелесті. Сірәсі талай жайдың беті ашылған болар. Сағыныш басылар емес, әңгіме таусылар емес. Батыркөл басына кеткендер қайтып оралса, ауылдың әр үйі бір-бір малдарын сойып, қазанға астарын салып та үлгерген екен. Сонша тамақтың бәрін жеу мүмкін емес. Сонда да Кәрім бастаған ауыл адамдары үй жағалай аруақтарға құран оқып, дәм татып шықты. Кірмеген үйі қалған жоқ. Жақын ауылдардағы ағайындар да жетті. Олардың сәлемін алып отырғанда, Кәрім қайтатынын айтты.

Уақыт шіркін лезде екі күнді есептен шығарып тастапты. Бір апта жатар ма еді, шіркін. Сағыныш сонда басылар ма еді. Алда Ақмола, экспедицияны сонда күтіп отыр. Бұл сапардың қорытындысын қағазға түсіріп, республика Үкіметі алдына мәселе қоюы керек. Бетпақдала кіндігіне комплексті ауыл шаруашылығы станцияларын салып, іске қосуды қолға алу керек. Ғылыми тұжырымдар жасап, Бетпақ даланы

жәннәт даласына айналдыру жолдарын атауы керек. Жәннәт дала. Алда талай бітпеген шаруалар бар.

Ендеше ауылға келіп жатып алудың жөні жоқ. Елге осыны түсіндірді. Келесі жылғы демалысында семьясымен келетінін айтып уәде берді. «Оқуға ынтасы бар балаларды Алматыға жіберіңдер, өзім орналастырамын», -деп, ағайынға өтініш айтты.

Келесі жылдың Мыңбай әулетіне ауыр қайғы арқалатынын ешкім, әрине, сезген жоқ.

Кәрім Мынбаевтың өміріне байланысты деректерді айтқанда, оның екінші, соғыстан кейінгі сайланған республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланғанын атап өту қажет. 1946 жылдың аяғында Кәрім өз сайлаушыларымен кездесу, ауыл еңбеккерлерінің мұқтажын білу үшін Алматыдан Павлодар обылысына келді. Кәрімнің бұл сапары жайлы Тұрысбектің бел баласы Нұртаза былайша еске алатын:

«Мен ол кезде Баянауылда мектепте мұғалім болып жұмыс істеп жүрген едім. Бір күні аупарткомға шақырып алып, ертең Кәрім Мынбаев Павлодарға келеді екен, сайлаушылармен кездесу үшін. Ал ол кісінің осында қайтсе де болуы қажет. Баянауыл секілді қазақтың қасиетті жерінің дәмін татып, суын ішсін, халқының сый-құрметін көрсін деп ұйғарып отырмыз. Ол кісіні осында алып келуге аупарткомның бірінші хатшысы М. Байшуринмен маған жүктеп отырғандықтарын айтты. Екеуміз жиналып, Павлодарға келдік. Біз келсек, ол кісі қаланың қонақ үйіне орналасып қойған екен. Құшақтасып амандасып, аудан халқының өтініш-тілегін жеткіздім. Бұл шақыруға шын жүрегінен риза екендігін айтып, уақытының аздығын, жұмысының көптігін айтып, бара алмайтындығын, ол үшін халықтан, жалпы жұрттан кешірім өтінетіндігін айтты. Сол жолы Кәкең қалада күніне екі-үш рет кездесу жасап жүрді. Бәрінде де халықтың мұң-мұқтажын естіп, оларға қалайда көмектесу жолдарын қарастырып бақты. Анау-мынау шақырулардан бас тартып, өзінің келген мақсаты халық тілегін, сайлаушылар өтінішін білу екендігін ескерте отырып, екі-үш күнде талай-талай жүздесулерде болып, өзінің келу мақсатын түгелімен ақтап қайтты.

Кәрім осы сапарында Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытудағы ғылыми-зерттеу мекемелерінің, мамандардың алдында тұрған міндеттерді айқындаумен қатар, қазіргі кезде бұл салада ғылымның қандай жұмыстар жүргізіп отырғандығы туралы жұртшылықты егжей-тегжейлі хабардар етті. Бұл жайында Т. Мусиннің «Өмір баспалдақтары»деп аталатын кітабынан мына бір үзіндіні келтірудің сәті келіп тұрғандай: «Павлодардан Алматыға

қайтар жолында ол Семейге соғатынын телефонмен хабарлаған болатын. Айтқаны болатын күні аэропорттан қарсы алдық.

Алдымен тәжірибе станциясына келді. Өзіміздің қызметкерлермен таныстырып, қай тақырыптарда, қандай ғылыми жұмыстар жүргізіп жатқандығымызды айтып бердім. Кәкең өзі басқарып отырған В.И.Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық ғылым академиясының Қазақ бөлімшесінің президиум төрағасы ретінде біздің тәжірибе станциясының жұмысына айырықша көңіл бөлетін. Осы жолы да мен кейбір мәселелерді толығырақ қамти отырып, мұң-мұқтажымызға да көбірек тоқталдым...

... Станцияда жұмыс барысы жақсы. Мына Павлодардағы «Бесқарағай» шаруашылығында асыл тұқымды биязы жүнді қойынан биязы жүнді, ауыр салмақты-біздің қақаған аяз бен ыстыққа төзімді жаңа тұқым шығару туралы диссертацияның дайын тақырыбы қорғауды күтіп тұр. Әйтпесе осы обылыстың «Шалабай» совхозында қазақ сиырын герефортпен будандастырудан келешекте «Қазақтың ақ бас сиыры» деген етті асыл тұқымды сиыр алу да жотасын көрсетіп тұр. Қала берді Павлодардың «Песчанский» совхозында сүт пен ет бағытында жергілікті «Симментал» асыл тұқын сиыр алу алдындамыз...

... Міне, зулап өтіп жатқан заман мынау. Қазіргі адам баласы қысқа ғұмырында ғылымға үлес қосу үшін қаншама қыруар іс атқаруы керек десеңізші...»

Иә, аққан жұлдыздай ағып өкен қысқа ғұмырының шамалы-ақ қалғанын сезді ме екен Кәкең сол жолы. Атағы да, абыройы да бар асыл азаматтың сол кездің өзінде-ақ әлі де болса атқаруға тиісті жұмыстардың көп екендігін мойындап, ел үшін қалайда жатпай-тұрмай еңбек етуді меңзеуінің өзі ғұлама ғалымның ғылым жолының соқтықпалы-соқпақты екендігін лажсыздан мойындай отырып, оған төзу, қиындығына көніп, қызығына ену үшін әлі де талай қыруар істің күтіп тұрғандығын баса айтуының себеп-салдары осында жатса керек. 1946 жылы Қазақстан тарихының тағы бір беті ашылды. Алматыда республика ғылым академиясы ашылды. Оның бірінші құрамына қазақстаннан шыққан тұңғыш биология ғылымының докторы, ВАСХНИЛ-дің толық мүшесі қырық жасар ғалым Кәрім Мыңбаев мүше корреспондент болып кірді.

Академик, химия ғылымының докторы, Қазақстанның ғұлама ғалымдарының бірі Михаил Усановичтің жұбайы Галина Нестеровна 1996 жылы «Казахстанская правда» газетінде естелігін жариялады. Кәрімнің жайдары мінезі, терең ойлылығын айта келіп, іске де, сөзге де шапшаң, тапқырлы жайлы мінезінің бірі қырын әңгіме етеді.

Ғылым академиясының ұйымдастыру сессиясы жүріп жатқанда, өзі де мүше-корреспондент болып сайланған Михаил Усанович Кәрімге қарап:

- Мүше-корреспондент Мыңбаев. Жақсы естіледі, құтты болсын Кәрім, деген ақ ниетін қағып алып:

- Сондай мүше-корреспонденттен естіп тұрмын. Сенікі де қайырлы болсын, - депті.

Жаңа құрылған Ғылым академиясының биология секторының меңгерушілігіне тағайындалған ВАСХНИЛ-дің академигі Кәрім Мыңбаев әлдекімдердің тоғышарлық, көре алмаушылығы салдарынан өзі уығын қадасқан Қазақстанның Ғылым академиясына мүше-корреспонденттікке ғана жарады. М.Усановичтің меңзеп отырғаны сол. Өзіне тең келерлік химиктің жоқ екенін бұл да жақсы біледі. Кәрімнің жауабының салдары сол.

Кәрім енді біттім, толдым, жетілдім, ғылымның биігіне шықтым деп көңілі де, өмірі де марқайып, қызмет қуып ғылымнан бірте-бірте күдер үзетін әріптестері секілді емес, осы уақытқа дейін тындырған ісім әлі аз, мардымсыз деп, жарқын болашаққа көз тігіп, ғылымның күпиясын игеруге, тағы да білуге ынтызар көңіл танытқанының өзі-ақ Кәрімнің қандай азамат болғанын айғақтап тұрғандай.

Кәрімнің осындай ерекше қасиетінен болар, ол жолдас болған, аралас-құралас жүрген адамдардың тізіміне көз салсаңыз, оның азаматтығы мен адамгершілігіне, жалпы ғалымдық қасиеті мен талантына сөзсіз мойын ұсынасыз. Бұл ретте Кәрімнің мына бір айтқан сөзі өзінің қандай адам болғанын, не мақсат тұтатынын, нені күдірет санағанын аңғартады:

«... Өмір дегенді дүниенің даму процесімен салыстырсаң бір секундтай да емес, зулап өте шығады. Сол кірпік қаққандай қысқа өмірдің өзінде де қолдан келетін, қоғам пайдасына жарайтын іс істеген жөн. Иә, айта қаларлықтай күрделі еңбек істеу үшін не керек. Әрине, бұл ұғымды алгебралық формулаға айналдырсақ, барлығы белгісіз болады да шығады. Адамға данышпан кемеңгер болу үшін төрт шарт керек екен-ау, олар: талант, қабілет, іске шын берілу және демалысты дұрыс пайдалана білу. Міне, осылардың кейде біреуі, мысалы, талант болып, басқалары болмаса, алдыңғы екеуі болып, қалғаны болмаса, тіпті қала берді барлығы болып, ақырғы-демалысты дұрыс пайдалана білмесе, жоғарғы үщеуі дамымай қалады екен...».

Осы арада Кәрімнің демалысты да дұрыс пайдалана білу адам үшін аса қажет алғы шарт екендігі жайындағы ойын дәлелдейтін мына бір естелікті келтіре кетудің сәті келіп тұр. Демалыста жүріп, қасындағылардың көнілін көтеріп, бойға да, ойға да қонатын әдемі

әзілі мен ұлы адамға кішілікпен еркелеген сәті деп бағаладық мұны. Белгілі ғалым Манаш Қозыбаев, Ғабен (Ғабит Мүсірепов) туралы, «Социалистік Қазақстан» газетінің 1990 жылғы 3 қаңтардағы санында жарияланған естелігінде былай деп жазған екен: «Ғабиден сол күні Мұқаң туралы көп әңгіме айтты...

Мұқаң бала мінезді адам болатын. Соғыс бітуге айналған, жеңістің төбесі көрініп-ақ қалған. Ғалым Кәрім Мыңбаевтың шақыруымен Мұқаң үшеуіміз Ұзынағаш жағына аң аулауға шықтық.. Бірақ сапарымыз нәтижесіз болды. Үйге көңілсіз оралып келеміз. Кенеттен Мұқаң тұрып: «мына тасбақа сияқты машинамен үйге жеткенше түн болады ғой,- деді. Ақ көңіл, ақ жарқын Керім Мұқанның сөзіне намыстанып: «Мұқа! Қалаға бір сағатта жеткізсем не бересіз?» - дегені бар емес пе. Мұқаң: «Пәле, Кәрім, сен бір қиялшыл жан екенсің. Бір сағат мөлшерінде жетсек, жарайды, мынау қолымдағы сағатымды шешіп берейін».

Кәрім машина айдаушысымен сыбырласты. Шынында да машина катты жүріп келеді. Жол онша емес. Кейде орнымыздан ұшып барып, қайта топ ете түскенде, Мұқаң екеуіміз бір-бірімізге қарап, жымындап қоямыз. Айтқандай бір сағатта қаланың шетіне келдік. Машина тоқтады: «Мұқа, сағатыңызды шешетін шығарсыз?» - дегені бар емес пе. Мұқаң: «Пәлі, тапқан екенсің ақымақты. Машина айдаушысының құйрығына тотияйын қыстырсаң, бір сағатта Алматы түгілі Фрунзеге жеткізер. Жок біз бұлай келіскен емеспіз».

-Жарайды,- деді Кәрім. -Бермей-ақ қойыңыз сағатыңызды. Келініңіз бір шай даярлап қояр... Біздің үйге баратын болайық.

-Жок, бармаймыз, - деді ашуы басылмаған Мұқаң. -Сен бізді төрге отырғызып қойып, келіннің алдында бөскің келетін ойың бар. Жок, жок, құдай сақтасын, өз үйімізге барып ішеміз...»

Міне, бұл диалогтан Кәрімнің қасына ертіп, дос, жолдас, іні болған адамдардың қаншалықты, қандай деңгейде болғанын байқар едік. Кәрім секілді азаматтардың дос-жолдас болған адамдармен қарым-қатынасы, жалпы тірлігі бүгінгі жас ұрпақ үшін өнеге емес пе. Әрі ғалымның есімін ұрпақтар зердесіне жеткізуде де мұндай естеліктердің пайдасы мен берері зор болмақ..

### **Қара жамылған күн**

1948 жылдың 1 қазанында ВАСХНИЛ-дің сол кездегі президенті Трофим Лысенко 60 жасқа толатын болды. Иосиф Сталинмен тонның ішкі бауындай араласқан ол маңайындағы вавиловшылардың бәріне «вейсманист», «морганист» деген айдар тағып қудалауға алды.

Көптеген генетик ғалымдар «халық жауы» ретінде атылды, лагерьлерге айдалды. Өздері бастаған ғылыми жұмыстарын жалғастырудың жағдайын ойлаған ұлы генетик Николай Вавиловтың талай шәкірттері «соқаның соңынан шыққан» академиксымақ, кеудесін тоғыз Ленин орденімен толтырған Трофим Лысенконың соңынан еруге мәжбүр болды. Бұл жайлы орыс жазушысы Николай Дуденцевтен асырып ешкім жазған емес. Оның жариялылықтың алғашқы жылдарында жарық көрген «Ақ киімдер» («Белые одежды») романы ғалымсымақтар мен нағыз ғалымдардың арасындағы тартысқа арналған. Біз әңгіме етіп отырған заманның жүрек лүпілін дөп басқан.

Т.Лысенконың тегеурінімен Қазақстан лагерьлеріне айдалған Н.Вавиловтың көптеген шәкірттерін Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты, республика Үкіметінің мүшесі болып сайланған Кәрім Мыңбаевтың бостандыққа алып шыққаны жайлы академиктер Ізтілеу Әбуғалиев, Хайдар Арыстанбеков, Ислам Сүлейменов, Төлеген Мәсеновтер өз естеліктерінде тебірене толғайды. Кудалауға түскен, Кәрімнің ықпалымен бостандыққа шыққан вавиловшылардың көпшілігі өз мұраттарына жетті. Мысалы, Қарағандының түрмесінде отырған Л.Зайцева мен В.Кузьминді Мәскеудің алдына тікелей мәселе қойып, бостандыққа шығарған К.Мыңбаев оларды Шортандыдағы Бүкілодақтық астық институтына жұмысқа алады. Бұл ғалымдар кейін Қазақстан ауа-райына бейімделген бидайдың жаңа сортын шығарды. Олардың маңайындағылар мемлекеттік марапаттарға ие болып жатқанда, ғылымның сүрлеулі соқпағымен жүрген, өз ісіне шын берілген ғалымдар назардан тыс қалып қойды.

Лысенконың мерейтойына Қазақстаннан Кәрім Мыңбаев арнайы шақырылды. Ол жанына егіншілік институтының директоры Қылыш Бабаевты, ғалымдар Нұғымановты, Наурызбаевты, Солодовниковты ертеді. Алматыдан Мәскеуге ұшар алдында Қылыш Бабаев ауыл шаруашылығы министрі Дауылбаевқа барып, өзінің Мәскеудегі мерейтойға шақырылмағанын, ал Мыңбаевтың оны зорлағандай қылып апара жатқанын айтады. Бұл әңгіме сол кезде министрлікте жауапты қызмет атқарып жүрген Хайдар Арыстанбековке жетеді. Кәрімге інісіндей еркелейтін Хайдар істің мәнісін оның өзінен сұрайды. Сонда Кәрім оған «күпияны» ашса керек. Бұл жолы Қылыш Бабаевты Лысенкомен таныстыруға, жағдай келсе, жас ғалымды өзінің орнына тағайындатуға тырысатынын айтады. Хайдар ағаның пайымдауынша Кәрім Мыңбаев бұл жолы Мәскеудегі, Кремль маңайындағы үлкен қызметке бет бұрған сияқты. «Бұл туралы жұрттың бәрі білетін,- дейді Хайдекең,- бірақ ешкім бұл жайлы тіс жармайтын».

Кәрім өмірінің соңғы төрт-бес жылын оның отбасында өткізген қарындасы Гүлбаһрам Мыңбаева тебірене отырып еске алады.

Әдетте жол жүрер алдында ешкімді дүрліктірмей, дайын тұрған портфелін алып аэробекетке жүре беретін Кәрім, бұл жолы Алматыдағы достарын түгел аралап шыққан көрінеді. Ғабиттің, Мүсіреповтың үйінде түннің бір уағына дейін әңгіме дүкенмен отырып қайтады. Бауыржанмен, Момышұлымен телефонмен тілдесіп, оны өзімен бірге ала кетпек ниетін білдіреді. Сәбитке, Мұқановқа сүйінші сұрағандай болып Мәскеуге, тойға бара жатқанын айтады.

30 қыркүйек күні түс ауа Алматының аспаны айрылып жерге түскендей болды. Алматыдан шығып, Балқаштан жанар май құйып алған ұшақ аспанға көтеріле бере әуеде жарылып кетеді.

...Кәрімнің Фурманов көшесіндегі пәтері қайғы бөлісуге келген кісілерге лық толған. Жатын бөлмеде талып жатқан Милица Васильевна, пенжегін басына жамылып алып, қасқырша ұлып есіктен төрге, төрден есікке қарай домалаған Михаил Усанович, есікті керіп беу-беулеп тұрған Асқар Токпанов, қабағын тас түйіп тістеніп алған Бауыржан Момышұлы, еңіреп, «бауырым-айға» басып жүрген Сәбит Мұқанов... Осындай сәтте Үкіметтің естіртуімен елден Кәрімнің ағасы Серік, үлкен жөңгесі Жамал бастаған бір топ бауырлары келді. Әлдекім Милица Васильевнаның талқси беруін айтып, жұрттан тыныштық өтінді. Сонда Бауыржан Тұрысбектің жесірі Жамалға қарап: «Жыла, Жамал! Бүгін жыламаған ел қашан жылайды!?», -деп ақырып қалды. Жамекеннің ішіне симай отырған өкініш-зары сыртқа лақылдай төгілді. «Арысым-ай, тірілгендей болдың-ау!», - дегенді Бауыржан сол сәтте айтты.

Бауырының қазасына аттанып бара жатқан Серікке халық ақыны Қайып Айнабеков «Серіктің жоқтауы» деп ат қойып, өлең шығарып берген. Ол мынау:

Өзгеге емес өзіме,  
Орның немен толады,  
Арқа күзеу артымда  
Асқар тауым құлады.  
Күнде сендей мың туса,  
Кім маған сен болады,  
Жарық күнім жаным-ай,  
Жалп еттің-ау Кәрім-ай!  
Өркешін үзген түйедей,  
Қайғың сенің шөгеріп,  
Өрлеген өрттей көңлімді  
Өлімнің кетті шөгеріп.

Бата оқырым той едім-ау,  
Сен қалсаң Кәрім мен өліп.  
Жарық күнім жаным-ай,  
Жалп еттің-ау, Кәрім-ай!  
Жаныма түскен жараның  
Білмей қалай емдеуін,  
Қос өкпемнің тұсынан  
Оқ тигенін медедім!  
Бауырың түгіл басқаны  
Күйзелтпейтін сен бе едің?  
Сүйенішім, Кәрімай,  
Не болар менің халім-ай!  
Кәрім, сенің бар еді,  
Басқаға да керегің,  
Менің қалай шыдасын  
Бірге туған жүрегім?  
Деген үміт кесілді-ау,  
Сағынғанда көремін!  
Келмеске, Кәрім, сен кеттің,  
Сен үшін зарлап мен өттім!  
Боздағым қайран, Кәрім-ай,  
Боздадым-ау, жаным-ай!

Қайып ақынның өзі Қарағандының аэробекетінің басында  
тұрғанда Серікке қарап тағы зарлады:

Ұшқан сұңқар түлектен,

Елге игі тілекпен.  
Жарқ еттің де жоқ болдың,  
Кетермісің жүректен.  
Ағып түстің аспаннан,  
Аққан жұлдыз секілді,  
Жемісінді күткен ел  
Өліміңе өкінді.  
Елге керек ерлерге,  
Өкінбейтін мен неге?!  
Қалап жүрген іргенің,  
Төбе жағын бітірмей,  
Болат едің майтылмас,  
Мерт сындың-ау, кетілмей!  
Мен жырымды арнаймын,  
Ескерткіш деп Кәрімге.  
Өлді - бірге жоқтаймын,

Кәрімдей еді бәрі де,  
Өсір жасты жалынды,  
Көбейт, халқым ғалымды!

## Шерхан Мұртаза, Қазақстанның халық жазушысы

### **Жерұйықты ансаған Кәрім Мыңбаев**

Баукем қалың қара кітапты алдына алып оқып отыр екен. Алғашқыда Крачковский орыс тілінен аударған құран ба деп қалдым. Ол да осындай қалың қара мұқабалы кітап еді.

- Отыр,- деді Баукем.- Кәрім Мыңбаев! – деді әлгі кітапты сұқ саусағымен қадап көрсетіп. - Естуің бар ма ондай кісіні?

- Шынымды айтсам жөнді білмеуші едім. Оны Баукем түрімнен таныды да:

- Сен білмейсің. Нағыз азамат. Менің досым,- деді.

Көкейімде «қандай досы?» деген сұрақ тұрғанын сезе қойды.

- Өрттей өкініш. Ол өзі жоқ. Мына кітабы қалды.- Шықшыты бұлтаңдап, мұрты сұстана тікірейіп:

- Иттер оны өлтірді!- деп айқайлап жіберді.

Сөйтсе ол 1948 жылдың күзі екен. Ол заманда Сталиннен кейін Лысенко дегеннің атын жиі еститінбіз. Сол Лысенко алпыс жасқа толып той жасамақ. Соған бүкіл СССР-ден құттықтаушылар бармақ.

Алматыдан Кәрім Мыңбаев бастаған делегация аттанады. Жаман-жәутік жүк ұшаққа мінеді. Ол Балқаш көлінің маңында құлап, жолаушы біткен апатқа ұшырайды. Ішінде Кәрім де бар.

«Сонда қай иттер?» деймін ғой ішімнен. Маған кірпік қақпай қарап қалған Баукем бұл сұрағымды да біліп қойды.

- Лысенко!- деп ақырды. – Академик-дурак! Морганизм, менделизм дегенді естуің бар ма? Сол Лысенконың шығарған сандырағы, әлемде небір озық ойлы оқымыстылар бар. Солардан үйреніп, ғылымды дамытудың орнына, қайдағы бір «буржазиялық ілім» дегенді ойлап тауып, біздің ғылымды ең кемі елу жылға артта қалдырды! Кибернетикаға қарсы болды. Одан не шықты? Тас дәуірінде отырмыз.

Содан не керек, ақырында Бауыржан ағам:

- Мә, оқып шық, сонда түсінесің, -деп әлгі қалың кітапты маған ұстата салды.

Окыдым, әрине көркем шығарма емес. Бірақ белгісіз бір күш тартып бара жатқандай. Мойынкүм, Шу алқабы, Бетпақ-дала, Сары-Арқа. Таныс аттар тағдыры.

Мойынкүм – сексеуіл орманының отаны. Мындаған малдың құтты қыстауы. Бірақ мына адам-қасқырлар заманында сексеуілді темір арқан тастап трактормен қопаратын әдет белең алып бара жатыр. Кәрім Мыңбаев ескертеді:

- Осыдан сексеуілді аяусыз қопара берсе, адамдар, ауылдар, қалалар көп кешікпей күм көшкіннің астында қалады!

Жетпісінші жылдардың басында жолым түсіп, қыстың күні Мойынкүмға бардым. Әлгі сұмдықты өз көзіммен көрдім. Шыңжыр табанды тракторлар сексеуілді қылқындырып қырып салған екен. Содан «Ақ мылтық атылған соң» деген очерк жазайын. Кәрім Мыңбаевтың қатал ескіртпесін келтірейін.

Баукем оқып риза болды.

Мүмкін сол очерк әсер еткен шығар, мүмкін Кәрім Мыңбаевтың ақылын ұққан шығар, адамдар сексеуілді түп-тамырымен қопарғанды азайтып, күмға сексеуілдің ұрығын себе бастады. Сөйтіп, Әулие-Ата маңына шабуылдап келе жатқан сырғыма күм сәтімен тоқтады.

Ауыл шаруашылығының саласы көп. Соның ішінде Кәрім Мыңбаевтың күмдарға, шөл-шөлейттерге неге ықыласы ауды? Асан Қайғы атасының жолын қуып жерұйық іздеймін десе басқа жер жетпей ме? Несі бар күмда, шөлде, шөлейтте? Бетпақтың даласына неге ынтық болған десеңші. «Көкектен басқа күс жоқ, көкпектен басқа шөбі жоқ» деуші еді ғой Бетпақты.

Оны Кәрім Мыңбаев өзі айтады.

Мың да тоғыз он сегізінші жыл еді. Ақмолада совет өкіметі құлап, совдеп мүшелерін қолчакшылар тұтқындап, өлтірмекші болады. Совдептің ішінде Кәрімнің туған ағасы Тұрысбек те бар еді.

Тұрысбек түрмеден қашып шығып, Нұра бойындағы туған ауылына келіп, туған-туысқанды бір түнде көшіріп, Сары-Арқадан сабылтып өтіп, Бетпақдаланы төтесінен кесіп, Шудың бойына шығып, өліп-талып Әулие-Атаға жетеді ғой.

Сонда Кәрім он екі жастағы бала екен.

Табиғатынан алғыр, арманшыл баланың есінде азапты алыс сапар өмір-бақи өшпестей із қалдырған. Оянса ойынан, ұйықтаса түсінен шықпастай бір хал кешкен. Есейе келе, Ташкент ирригация институтын бітіргенде де, Бетпақтың даласы көз алдынан кетпей қойса керек.

Кейінірек, ғылым шоқтығына шыққан Бетпақ әлемінің қиялын шындыққа айналдырмаққа бел байласын. Бетпақтың шексіз шөлін

зерттеп, оны игермекке арналған үкімет қаулысын да қабылдатады. Сөйтіп, экспедицияны өзі бастап, сонау бала кезде қияметтей көрінген, әрі сұрықсыз, әрі сұлу Бетпаққа ат басын тіресін.

Бетпақтың даласына ел қондырып, тақыр жерді гүлдендіріп, керек болса ну орман орнатып, тозақтан жұмаққа айналдырмақ арман-ай. Шыннан ниет болса, Кәрімнің бұл арманы қиял да емес. Даланың асты ағыл-тегіл суға бай деседі. Тіпті бір ғалым заманында Бетпақтың асты телегей теңіз деп еңбек жазып, Социалистік Еңбек Ері болғаны да бар. Өне, сол су жер бетіне шығарылса, тозақ неге жұмаққа айналмасқа?!

Кәрім Мынбаевтың еш болған есіл армандары. Бетпақдалада кейін шынынан «орман» орнады. Ол орман ракета сынықтары, жер астын кеулеген ракета алаңдары, әскер сынақ апандары...

Ертеде мал баққан қазақ Бетпақтың сырын жақсы білген. Қыста малын Мойынқұмда, Шудың бойында бағып, көктемде Бетпақтың даласына шығып кетеді екен. Сөйтсе, Бетпақта көкпектен басқа да шөптер болады екен. Баялыш дейсіз бе, күйреуік дейсіз бе, теріскен дейсіз бе... ебелек, жусан болса-болмаса. Тіпті түрлі-түсті қызғалдақ та өседі екен. Көктемде малшы қақтың суын пайдаланады.

Бірақ бұл дәурен ұзаққа созылмас. Өне, сонда малшы қазақ Сары-Арқа асады. Бұл-жаз жайлау, Кәрім Мынбаевтың анықтауынша, Сары-Арқа деген ұғымға Бетпақдаланың солтүстік шетіндегі Көктас өзенінен бастап Көкшетауға дейін, шығыстағы Ертіс өзенінен бастап, батыстағы Ұлытауға дейінгі баябан Дала кіреді.

Күзде малшы қазақ тағы да Бетпаққа көшеді. Аз күн күздеуден кейін Шу бойындағы қыстауға оралады.

Ал, бергі заманда мұндай мыңжылдық дәстүрлі жолы қиылған қазақ, мысалы, Жамбыл облысының малшылары мындаған қойды пойыздың вагондарына тиеп, миллиондаған шығын шегіп, Жаңа-Арқаға, жазғы жайлауға әрең жетіп, одан кері қарай итшілеп көшіп, әбден масқара болды.

Неге Бетпақтың даласын кесіп өту дәстүрі үзілген. Ол Даланы әскери алпауыттар билеп алған. Мал керек болса, малшы көрсе, мылытықтарын шошайтып, жердің астынан қара аңдыздай қаптап шыға келеді.

Сөйтіп айтып-айтпай не керек, Кәрім Мынбаев Бетпақтың бойын ең жайлау етіп, ел қондырмақ еді. Жағалай егін салып, қойны-қонышын малға толтырмақ еді. Арманына жете алмады.

Қазіргі біздің ғылымда, Ауылшаруашылық академиясында Мынбаевтың бұл ісін жалғастыруға ниет қылушылар бар ма, жоқ па білмеймін.

Егемен болдық қой. Қазақстан деген елдің, жердің «егесі мен» деп жүрміз ғой. Мүмкін талапкерлер табылып та қалар. Әрине, оларға қолбайлау болмаса. Үкімет қолдаса...

Бауыржан Момышұлы сол Кәрім Мыңбаевты неге жақсы көрді, оның оқыс өліміне неге сонша күйзелді – енді мен бәрін түсінемін. Аспандағы жарық жұлдыздар бір-біріне тіл қатқандай, аса ірі тұлғалар да бірін-бірі, алыстан-ақ таниды екен ғой. Біреуі Тәңіртаудың бауырында дүниеге келсе, бірі сылқым сұлу Нұраның жағасында туып-ақ, ағалы-інілідей шын бауырмалдықпен ғұмыр кеше алады екен де.

Сонда бұл екеуін туыстырған не десем: рух үндестігі, халқына деген шексіз сүйіспеншілік, еліне, жеріне деген Отансүйер махаббат байлығы екен деймін.

Тірі жүрсе Кәрім биыл тоқсанға, Бауыржан сексен алтыға толар еді. Бәрі де Тәңірден. Жандары жаннатта жай тапсын.

(Мұртаза, Ш. Жерұйықты аңсаған Кәрім Мыңбаев.//Егемен Қазақстан.-1996- 26 шілде.)

Жанболат Аупбай, жазушы-публицист.

### **Жафар Нью-Йоркте тұрады.**

*Кәрім Мыңбаев! Өзі өмір сүрген 42 жыл ішінде көп нәрсеге қол жеткізіп кеткен адам еді ол. Кәметке толған соң білім іздеп шарқ ұрды. Ташкент, Воронеж, Ленинград қалаларында ғылым жолын құды. Қазақ ғалымдары ішінде алғашқылардың бірі болып, биология ғылымының докторы атанды. Республика Ғылым академиясының корреспондент- мүшесі болып сайланып, 2 монография, 35 ғылыми еңбекті өмірге әкелді. Қазақ ССР Жоспарлау комитеті торағасының орынбасары міндетін атқарып, ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалына жетекшілік етті. Мұның бәріне ол өмірінің соңғы он жылында қол жеткізген еді. Осындай үлкен қабілет иесінің 1948 жылы 30 қыркүйекте Алматы – Мәскеу бағытындағы ұшақ апатынан қаза тапқаны өкінішті-ақ.*

*Бірақ сол Кәрім Мыңбаевтың ұрпағы АҚШ-та тұрады екен деген хабарды естігеніміз бар. Бізге белгілісі оның музыкант ұлы – дирижер Тимур Мыңбаев еді. Бірақ бұл одан басқа сияқты. Ол кім болды екен сонда? Сұрастырып, анықтай келсек, АҚШ-тың Нью-Йорк университетінде жұмыс істейтін ғалымның үлкен ұлы Жафар болып шықты. Енді онымен телефон арқылы сөйлесіп, алынған әңгімеге назар аударыңыз, құрметті оқырман!*

- Жаффар Кәрімұлы! Сіз қай жерде өмірге келдіңіз? Өзіңіз дүниеге шыр етіп түскен үй мен аяғыңызды апыл-тапыл басқан оның ауласы, көшеі есіңізде ме? Көршілеріңіз кімдер еді?

- Төлқұжатым бойынша мен Ленинградта өмірге келген жанмын. Алайда, сәби кезгі санамда ол қаланың қандай екендігі жадымда жөнді қалған жоқ. Өйткені есімді енді-енді білгенімде Ұла Отан соғысы басталыпты да отбасымыз Алматыға көшіріліпті. Мұны маған кейін анам Милица Васильевна айтқан болатын. Әкем ол кезде атақты генетик әрі селекционер Николай Иванович Вавилов негізін қалап кеткен Бүкілодақтық өсімдіктану институтында аға ғылыми қызметкер болып істейді екен. «Лысенкошылардың» жалған іліміне қарсы ымырасыз күрес ашып, 37-нің қара құйынына тап болған аяулы академик әкемді де, шешемді де жақсы білген сияқты. Олай дейтінім, отбасымызда Николай Иванович Вавиловтың есімі жиі аталатын және ол кісімен болған жүздесу сәттері асқан бір сүйіспеншілік сезіммен еске алынатын.

Тілім шығып, өз шалбарымды өзім киюге жағдайым жеткеннен бастап, Алматының Фурманов көшесіндегі үш қабатты сары үй есімде ұмытылмастай болып қалып қойды. Бұл кеңестік Қазақстан астанасындағы біздің отбасымыздың басы аман, бауыры бүтін боп шат-шадыман тіршілік кешкен ғажап кезі еді. Көршілеріміздің көпшілігі республика Үкіметін басқарып отырған үлкен қызметтегі адамдар болатын. Көп уақыт өтті ғой, қазір олардың бәрі дерлік жадымда жоқ. Есімде қалғаны бізге қарама-қарсы үйдегі Бауыржан Момышұлының пәтері еді. Керемет балажан адам-тын. Басқаларын қайдам, бізге деген ықыласы мен мейірі ерекше болды. Інім Темірханды (Тимур) өзінің Бақытжанына дос сағынғандықтан ба, батыр ағамыз оны қатты еркелететін.

Сөз ретіне қарай үйімізге жиі келетін әкемнің досы Мұхтар Әуезовті де айта кетейін. Ол кісінің өзінің ұлы Ернарды қатарымызға қосу үшін біз Ұзынағашқа демалуға аттанған сайын оны машинеге зорлап салып жіберетіні есімде қалып қойыпты. Нұртас Оңдасынов пен Қаныш Сәтбаевтың балаларын қазір көрсем, әрине танымаймын. Бірақ сол марқұм ағаларымның кескін-келбеттері осы күнге дейін көкірегімде сайрап тұр.

- Сіз оқыған мектеп... Кластастарымыз... Олар туралы не айта аласыз?

-Өкінішке қарай біз Алматыда көп тұра алмадық. Әкемнің қайты болуына байланысты қайтадан Ленинградқа қоныс аударуға тура келді. Ол кезде жасым сегізден асып кетсе де мектепке әлі барған жоқ едім. Білім ұясының есігін Ресейге келген соң аштым. Сондықтан

кластастарым туралы әңгіме қозғасам оның қазақстандық оқырмандарға ешбір қызығы болмауы мүмкін. Алайда сол Ленинградта академик Виноградовтың ұлы, кейін өз отанына аты белгілі болған Александр Сергеевич Виноградовпен, осы күні Ресейде атақ-данқы ұмытыла бастаған, бірақ 32 жасында профессор атанып елді таңқалдырған Владимир Роземен бірге оқығанымды мақтаныш тұтамын.

**- Сіз әкеңізді қалай көзге елестете аламын деп ойлайсыз? Ол өмірде, отбасына қандай адам болған еді?**

- Әкем мен үшін жұмбақ болып қалған адам. Түсінігімше осы бір үлкен қабілет иесін кезінде Компартия дұрыс пайдалана алмаған сияқты... Ғылым әлеміндегі беделіне қарамастан тұрмыста өте қарапайым болатын. Әкеміздің өз балалары – біздерді бір еркелетіп маңдайымыздан сипағанына жетпей қалдық қой... Оған оның уақыты да болмайтын. Шешем марқұм әкеме деген махаббатын өмір бойы жүрегінде сақтап, бақилыққа өзімен бірге ала кетті.

**- Ал анаңыз ше? Енді сол кісі туралы айтсаңыз?**

- Ананың орны, әрине, бөлек. Әкем Ташкенттің мақта-ирригация институтын бітіріп келгенде, шешем Воронеж түбіндегі өсімдік дақылдары институтының студенті екен. Екеуінің таныстығы содан басталса керек. Жасыратыны жоқ, граф Василий Григорьевич Старичков патша заманы уақытында сол маңдағы дворяндардың жетекшісі болған. Қазан төңкерісі кезінде ол коммунистік идеяны қолдап, большевиктер жағына шыққанымен бәрібір Кеңес өкіметіне жақпаған көрінеді. 1937 жылғы зұлматта ұсталған оның қызымен тұрмыс құру Сарыарқаның қазағы – біздің әкемізге оңай болмаса керек-ті.

\* Шешем, жоғарыда айттым ғой, өмірден кетер-кеткенінше әкем Кәрімнің атын аузын тастаған емес. Және оның қандай туысы болмасын құшақ жайып, қарсы алып, өмірбақи қазақтардың келіні болуға тырысып өтті. Алматыдан Ленинградқа келген соң ол кісі биология ғылымының докторы атағын алды. Сол баяғы Н.И.Вавиловтың институтына қайтадан қызметке тұрды. Республика басшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевпен хабарласып, ол кісімен әкейдің ескі досы ретіндегі қарым-қатынасын үзген жоқ.

**- Мамандық таңдағанда әкеңіздің ықпалы болды деп ойлайсыз ба?**

- Жоқ. Әкем мен шешем биолог болғанымен мен неге екенін білмеймін, инженерлік кәсіпті таңдап алдым. Бұған өзімнің икемділігім себеп болды ғой деп ойлаймын. Жалпы біздің отбасымыздағы төрт баланың төртеуі де әртүрлі мамандықтың иелері.

Гүлнұр – геолог. Мүмкін оның бұл салаға бет бұруына Қаныш Имантайұлының ақыл-кеңесі әсер еткен шығар. Темірхан – музыкант. Оны қазақстандықтар «дирижер Тимур Мыңбаев» деген атпен жақсы білсе керек. Д.А.Қонаевтың шақыруымен 1975 жылы Алматыға келіп, симфониялық оркестрге жетекшілік етті. Қазақстан астанасында еңбек еткен кезінде ол көптеген әлемдік конкурстардың жеңімпазы атанды. Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаттығына ие болды. Кейін Мәскеуге оралды.

**- Кәрім Мыңбайұлының ең жақын достары... Олар кімдер еді?**

- Әкемнің достары... Олардан қазір ешкім қалды ма екен?... Егер сол аяулы жандардың екі-үшеуі тірі болып, құлшылық ретінде құдайға қолдарын жая қалса, олардың алладан әкей үшін бір тауық сұрары анық. Кімнің кім екенін асқар тауың құлаған соң сезесің. Біз үшін үлкен қорған, сүйеніш болған отбасымыздың айнымас достарының бірі Бауыржан Момышұлы еді. Әкемнен екі-үш көйлек кейін тоздырса да күрдасындай ойнап, ет жақын туысындай сырласатын. Есіме түсіріп қарасам, Мұхтар, Сәбит, Ғабит ағалардың да жаны бөлек дер едім. Мен Ленинградта тұрған кезімде әкемнің достарының бәріне өз дастарханымнан дәм татырғанымды мақтан тұтпасам да кейінірек шет жерде жүріп талай толғанысты басымнан кешіргенімде өзімнің ол кісінің тұяғы, ізбасары екенімді қатты сезіне түстім. Ұмытып барады екенмін, әкемді айтып, тереңнен сөз толғайтын Қаныш Имантайұлы да естен шығара алмаймын. Сөзімнің токетері сол, мен үшін әкемнің атын ардақ тұтатын адамдардың бәрі оның достары.

**- Сіз бір кіндіктен нешеусіздер? Сөз арасында оқырмандарды сол іні-қарындастарыңыз бен туыстарыңыздан хабардар ете кетсеңіз.**

- Төртеуіміз. Үлкені – мен. Менен соң – Гүлнұр. Одан кейінгі – Темірхан мен Әлия. Бұл екеуі егіз туған. Елде, яғни Ақмола мен Қарағандыда әкемнің туыстары тұрады. Олардың өзі бір қауым.

**- Әкенізді ең соңғы рет қашан, қандай жағдайда көрдіңіз? Сол күн, сол сәт есіңізде ме?**

- Әрине, есімде, Мәскеуге немесе Ленинградқа барар сапарлары алдында әкем жолға бір күн бұрын даярланатын. Қағаздарын реттеп, киім-кешектерін тап-тұйнақтай етіп салып қоятын. Бізді мәңгіге тастап кетер соңғы сапарында мұндайдың бірі де болған жоқ. Сәбит Мұқановтың айтуына қарағанда сол күннің түнінде ол Ғабит ағаның үйінде қонақта болған көрінеді. Үйге таң ата келсе керек. Алысқа жол жүрерінде ешкімді мазаламайтын. Қолына алдын-ала әзірлеп қойған қара портфелін ұстап мәшинесіне мініп жүре беретін. Бұл жолы олай болмады. Неге екенін білмеймін, таң атпай үйдің ішін қатты

дүрліктірді. Қызметші Поля апай бәрімізді киіндіріп, әуе бекетіне алып барды. Содан көп кешікпей ұшақ люгі де ашылған. Міне, сол сәтте тепкішке аяғын салған әкей балалары – біздерді кеудесіне алып қатты қысты. Ал одан кейінгі оқиға... Тура кинодағыдай ма деймін... Ол – Мәскеуге бет алған ұшақтың Балқаштан өте бере апатқа ұшырап, құлталқаны шығуы еді.

**- Институтты бітіріп, диплом алған соң сіз еңбек жолыңызды қай жерден бастадыңыз? Одан кейін қандай мекеме, ғылыми орталықта жұмыс істедіңіз? Ғылыми атағыңыз?**

- Ленинград политехникалық институтының электр желілері факультетін бітірдім. Содан көп кешікпей осы жоғары оқу орнының аспирантурасына қабылдандым. Оқып жүріп, ғылыми жұмысымды ұстаздықпен ұштастырдым. Жасырмаймын, Компартияның бұрынғы мүшесімін. Аталмыш жоғары оқу орнындағы партия бюросының хатшысы, электр желілері факультетінің деканы, институт проректоры болдым. Докторлық диссертациямды сондағы ғылыми кеңесте қорғадым. Шетелге кеткенге дейін тек осы жоғары оқу орнында ғана жұмыс істедім.

**- АҚШ-қа кетуіңізге нендей жәйт себеп болды? Қазір онда сіз қалай өмір сүріп, жұмыс істеп жатырсыз?**

- Орыстарда мынадай нақыл бар «біз жоқ жерде жұмақ бар», - дейді олар. Әрине, менің АҚШ-қа кетуіме бұл сөз басты себеп болған жоқ. КСРО ыдырағаннан соң Ресейдегі өтпелі кезең дүниенің астанкестенін шығарды емес пе. Сол тұстағы өліара сәтте алдымда енді ешқандай болашақтың жоқтығын сездім. Балаларымның келешегі де бұлыңғыр тартқандай еді. Соны білген соң екі-үш жыл Американың да дәмін татайын деп сапарға шыққанмын. Арнайы келісім-шартпен келген соң мұндағы әріптестер қабілетімді бағалап, жұмыс мерзімімді сазатынын айтты. Мен келістім. Содан бері осындамын. Шүкір, мұнда Ресейдегідей емес, ой-өрісінді, бойындағы білімнің мен қажыр-қайратынды дұрыс жолға қоя білсең, ертеңгіге үрейленбей өмір сүре аласың. Осы арқылы балаларыңның да болашағын жасауға болады.

(Жафар Нью-Йоркте тұрады // «Егемен Қазақстан», 2000жыл, 29 ақпан, )

1945 жылы Кәрім Мыңбаев Талдықорған, Алматы, Жамбыл облыстарынан өзі зерттеп жүрген табиғи көксағызды тауып, резина өндірісіне көп үлесін қосты. Докторлық диссертациясын содан қорғады. «Көк сағыз» деп аталатын ғылыми кітабына «Қымбатты Хайдарға! Ізгі достығымыздың естелігі болсын! Автор.23.Х.47. Алматы.»,- деп жазып қол қойыпты. Менде Мыңбаевтың көзіндегі жалғыз ескерткіш сол ғана.

Мыңбаев бос нәрсені ауызға алмайтын. Ал айтса, одан қайтпайтын. Қиыннан қиыстырған шешендігі де бар. Ашынғанда баз біреулерге сөзі мірдің оғындай еді.

1947 жылы Ұзынағаштың маңындағы тәжірибе шаруашылығынан қойдың арқар-меринос тұқымын шығардық. Биязы жүнді мал биік тау жайылымына бейім. Бұл академик Бальмондтың біраз жылғы еңбегінің жемісі. Ұзындығы сүйем қарыс аппақ жүнін айтсайшы. Мыңбаев соның бірнеше kilosын Ленинградқа жіберіп, иіртіп санаулы ғана тоқым тоқытты. Сондай-ақ, кездемесінен осы Алматыда өзіне, Бальмондқа, Бабаевқа және маған арнап, төрт костюм тіккізді. Жарқыратып киіп алдық. Төзімді сияқты. Бірақ көздің құрты болатынын білсекші.

Сталиннің қилы заманы. Тәртіп өте қатал. Көп ұзамай Министрлер Кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Заговелиев төртеуімізді өзіне шақыртты. Мемлекеттік бақылау мекемесінен түскен арызды оқып берді. Біз өкіметтің дүниесіне қол салыппыз. Заговелиев қатқыл үнмен: «Жолдастар, бұларыңызды қалай түсінеміз?», - деді өні сұрланып. Қадалған шегір көзі өңменімізден өтіп барады. Мыңбаев орнынан тұрды. Түрінен қаймыққандық көрінбейді. «Александр Петрович, ғылым белгілі бір мөлшерде құрбандықты қажет етеді. Бұл болмашы ғана шығын. Біз арқар-мериностың жүнінен қандай тауар шығатынын өз көзімізбен көру керек,- деп дауысын көтере сөзін жалғады. – Сіз, әлдекімдердің түкке тұрмайтын шағымына бола ісімізге кедергі жасасаңыз, онда ғылымнан ештеңе де күтпеңіз». Қолын бір-ақ сілтеп отыра кетті. Анау мындай тойтарысты күтпеген екен. Аузына сөз түспей, тосылып қалды. «Апырай, Кәрімнің айқаны шаншудай тиіп, іс насырға шаппаса жарар еді». Іштен тынып отырмыз. Орынды сөз көкейіне қонды ма Заговелиев райынан қайтты. Лезде өнін өзгертіп, сыпайы сөйлеп, ыңғайға көшті. Тоқыма мен костюмнің сапасын сұрады. Ғылымды қолдайтынын айтты.

Филиал президиумының мәжілісі жүріп жатады. Орталық Комитеттің мал шаруашылығы бөлімінің бастығы Михаил Владимирович Луценко Мыңбаевты өзіне шұғыл шақырыпты. Кәрім: «Мәселе қарап жатырмын, бара алмаймын», - деп кесіп айтады. Бірер сағаттан соң Луценко тағы да телефон шалып, тап қазір келуін талап еткен. Мыңбаев оны қырына да ілмейді. Мәжілісін асықпай жүргізе береді.

Ертеңісін Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Геннадий Барковтың көмекшісі телефон соғып, біріншінің келіп кетсін деген сәлемін жеткізеді. Оның Харьковтен осында ауысқанына екі-үш айдың ғана жүзі толған. Әлі айналасындағыларды танып та үлгермеген кезі.

Мыңбаевқа зер сала қарап: «Сіз неге Орталық Комитеттің бөлім бастығы шақырғанда келмедіңіз?» - дейді салқын үнмен. Сөз төркінін, желдің қай жақтан соққанын сезе қойған Мыңбаев тайсалмай: «мархабат етіңіз, жолдас Барков, әуелі танысып алайық. Мен ғылымның адамымын. ВАСХНИЛ-дің осындағы филиалынан төрағасы деп біліңіз», - дейді. Барков миығынан мырс етіп: «Төраға екеніңізден хабарым бар. Ал мен сізден келмеген себебіңізді сұрап тұрмын», - дейді сөзінің соңына зіл тастап. Мыңбаев одан назарын тайдырмастан байсалды қалпын бұзбай: «Филиалда президиумның мәжілісі өтіп жатқан кезде мен тек үш басшы үшін шақырса ғана оның жұмысын уақытша үзе аламын. Олар Министрлер Кеңесінің төрағасы, Орталық Комитеттің екінші хатшысы және Орталық комитеттің бірінші хатшысы. Яғни сіз. Басқаларға қанша рет шақырса да мәжіліс жұмысы аяқталмай келе алмаймын. Ғафу етіңіз»- деп орнынан тұрып есікке қарай бұрыла бергенде, Барков жауабы көлденең келген оның оңай шағыла қоятын жаңғақ емес екенін аңғарып, отыруын өтінеді.

Әйтсе де, ол мәдениетті, әрі білімді жан еді. Ғалымдарды сыйлай білетін. Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясын бітірген. Іштей Кәрімді сынамақ оймен әңгіме тақырыбын кілт өзгертеді. Екеуі бір жарым сағат бойы ауыл шаруашылығын ғылыми тұрғыда талдайды. Мыңбаевтың терең білім-біліктігіне көзі жетеді. Қоштасарда орнынан тұрып, жымия күліп, қолынан қысып, есікке дейін шығарып салады.

Халқымыздың ардақты ұлдарының бірі Бауыржан Момышұлы мен Кәрім Мыңбаевтың арасындағы достық та өте мәнді еді. Жалпы Баукеңнің тірішілікте өз тұстастары арасынан құрметіне ие болғандар аз ғой. Екеуі бірін-бірі қимайтын. Мен олардың мінез – құлықтарынан да көп ұқсастықты байқадым. Жасанды емес, табиғи.

Қаныш Имантайұлы Сәтпаев 1946 жылы Ұлттық Ғылым академияны құрды. Оған бірнеше академик сайланды. Ауыл шаруашылығынан ұсынылып, мемлекеттік комиссия талқысына түскен жалғыз-ақ ғылым докторы Кәрім Мыңбаев еді. Өкінішке өрай сайланбай қалды. Тек мүше-корреспондент болып қабылданды. Ғылымда таланты тас жарғанмен, қызметте мінез-құлқы келмеді. Лауазымы жоғарыларға жағынғанды жаны сүймеген ол солай сүбелі сыбағасынан айрылды. әділдік болмағанына ашынып, бәрінен де көңілі қалып, жаны жабырқау тартып, торығып жүргенін де көрдім. Министр Ахмет Дауылбаевқа Орталық комитеттің Бюро мүшесі ретінде болысып, бір ауыз пікіріңді айтпадың дегендей сынап танытты. Өкпесі орынды да еді. Алайда бұл сәтсіздіктен оның сағы сынған жоқ.

Өр кеудесін басып, сабасына түсіреміз дегендермен егескендей болашағынан үміт күттіретін ұлттық ғалымдарды барынша қолдады.

Жер, мал, картоп шаруашылықтары ғылыми-зерттеу институттарының директорлары етіп Қылыш Бабаевты, Сапар Нұғымановты, Хасен Наурызбаевты тағайындауда жанын салды. Ол жалпы филиалдың барлық мекемелеріндегі ұлт мамандарының үлес салмағын 80% -ке жеткізді. Ұлттық мүддеге келгенде Мыңбаев белден басты. Оны өз ықпалдарында ұстай алмағандар іштей кижініп, тістерін қайрап қала берді.

Кәрім Мыңбаев ұлттық өнерді бір кісідей сүйді және қадір тұтты. Серілігін айтсайшы! Ақанның, Біржанның, Мәдидің әндерін қоңыр дауысымен тамылжыта шырқағанда, тамсанып айызымыз қанатын. Әннің табиғи әуенін бұзғандарды жаны жаратпаушы еді. Жұмыс уақытының тығыздығына қарамастан ара-тұра театрдың жаңа қойылымдарынан қалмайтын. Әртістердің біразымен дос болды. Әуезов, Мұқанов, Мүсірепов, Бегалин және басқа да жазушылармен тіршілігінде сыйласты. Әдебиет пен мәдениет тақырыптарында олармен қызу пікір алысқандары да есімде. Қала берді қолы жұмыстан қалт еткен шақта жазушылармен аңға да бірге шығатын.

Бірде ол: «Хайдаржан, жексенбі күні уақыт тауып, мына Жамбыл ауданындағы тәжірибе шаруашылығына келсейші. (Қазір бұл шаруашылық оның өз атымен аталады). Аздап демалайық. Әуезов және екі-үш ақын-жазушы болады», - деді. Орталық комитет пен министрлікке демалыс қайда... Жайшылықта кеңсеге таңның атысынан келіп, түн ортасы ауғанша отырамыз. Жексенбінің өзінде түс қайтқанша жұмыстан қолымыз босмайтын. Бар арманымыз – ұйқымыз бір қанса, шіркін болатын.

Кәрімнің сол шаруашылығына бұрын да қызмет бабымен талай рет барғанмын. Бұл жолы жазушылар да болады деген соң әуес көріп, уәде бердім.

Отырысымыз мәнді әрі көңілді өтті. Әңгіме-дүкеннің, әннің қызығына баттық. Бәрі де сөзге шешен, өнерден кара жаяу емес екен. Бірімізді-біріміз қошеметтеп қоямыз. Ән кезегі маған жеткенде, Кәрім жайдары жымынып: «Хайдаржан, Арқаның әндерін сағындым. Солардан салшы», - деді. Домбыраны қолыма алып, халық әні «Бір баланы» әуелете жөнелдім. Әнде мынадай өлең жолдары бар:

.. Өрге шапса жүйрік ат,

Өршеленер уғай-ай...

Жарықтық Кәрім де сол жүйрік аттай еді. Небір қиын істерден қаймықпайтын. Қайта ерегіскендей өршелене түсетін.

... Мың күн жанған шамшырақ,

Бір күн сөнер угай-ай...

Сөз қандай!.. Ән қандай!.. Жүрегің қалай езілмейді?! Көңілің қалай босамайды?! Кәрім халқымыздың шамшырағы емес пе еді?.. Өттең ерте сөнді!

...Асқар Токпановтың алғашқы әйелі Кәрімнің жақын қарындасы. Өншейінде жан-жағын жайпап жүретін адуынды Асекең оның алдында жынынан айрылған бақсыдай жаутандайтын. Еркелеткені ме, жоқ әлде шыны ма, Кәрім оны «Әй жынды, Асқар» деп шақырады.

Бір жолы Асқар Кәрімге сәлем беруге үйіне барады. Санаулы ғана қонақтар отыр екен. Түстік астың алдында Кәрім: «Асқар, Мәдидің «Қара кесегін» шырқа»- дейді бұйыра сөйлеп. Көңіл-күйі болмай тұрса керек, құтылып кетудің амалымен домбыраны енжар тартып, әнді самарқау салады. Оны әлгіден байқап отырған Кәрімнің өңі түтігіп: «Әй жынды, Асқар. Мәдидің әнін бұлай қорлама. Ол бұл әнді айдаудан қашып жүріп шығарған. Қорлағанын үшін жазаңды берейін», - деп отырған жұмсақ орындығының арқалығына қолын жіппен байлап тастайды. Қонақ, дос-жарандардың күлкісіне қапаланып, намыстанған ол: «Кәрім аға, босатыңыз. Әнді қайта саламын», - дейді жалыншты үнмен. Асекең өзіне-өзі келіп, әнді екінші рет толғанып отырып, ырғағымен шырқағанда Кәрімнің әлгіндегі түнерген жүзі әуенге елітіп, қалғып отырғандай көздерін жұмып-ашып, тұла бойы ұйығандай күйге беріледі. Ән біткен кезде сезім құшағынан босанып, жүзі жайнап: «Жарайсың, Асқар! Бұл жолды әнді нәшіне келтірдің, «Қара кесекті» Мәди осылай шырқаған», - деп құшақтап сүйіп, арқасынан қағыпты.

Әуезовтің 50 жылдығы аталынбай қалады. Ол туралы алып-қашпа күбір-күбір өсек сөздер өрттей лаулап тұрған кез. Әлі де 37-нің салқын ызғары сезілетін. Содан секенді ме, Жазушылар одағындағы ағайындар қаракет қылмай, тым-тырыс отырды. Мен іссапармен облыстарға шығып, оралғанымша он күннің жүзі өтті. Келген соң жұрттан естігенім мынау. Кәрім Мыңбаев белгілі ақын-жазушылардың бір тобын Шымбұлаққа алып барып, Әуезовтің құрметіне өз тарапынан арнап, кең дастархан жаяды. Жазушының иығына оқалы шапан жауып, астына ер-тұрманымен әбзелденген ат мінгізеді. Бәріне өз қаражатын жұмсаған. Сонда ат үстіндегі Мұханның көңілі босап тұрып: «Кәрім, бұл достық құрметіңді өмір бойына ұмытпаспын» - деген екен. Үш әріптің өкілдері оны білген. Бірақ Мыңбаевтың бетінен қағып, кедергі жасауға батылдары бармаған. Ол шынайы достықтың адамы еді.

Академик Трофим Денисович Лысенко 1948 жыл 60 жасқа толды. Оның Мәскеуде өтетін мерей тойына Кәрім Мыңбаевтың таңдауымен министрліктен Бабаев, Нұғыманов, Наурызбаев және Солодовников барады деп ұйғарылды.

Танерген министр Дауылбаев маған телефон шалып, өзіне келуімді өтінді. Кеңсесіне кірсем қарсы алдында Бабаев отыр. Дауылбаев оны иегімен мензеп: «Қылыштың Мәскеуге барғысы жоқ. Көңілі соқпаса зорлап қайтесіңдер. Анау Мыңбаевпен ақылдасшы. Бәлкім орнына басқа біреуді алар», - деді. Мыңбаевпен телефон арқылы байланысып, Бабаевтың тойдан бас тартқанын жеткізгенімде төбесінен жай түскендей үндемей тұрып қалды. Содан соң: «Қылыш Мәскеуге міндетті түрде баруға тиіс», - деді. Мен: «Сүйреп апармасаңыз, қолқа салғанға көнбейді-ау», - дедім күмәнімді жасырмай. Ол бөгеліңкіреп барып: «Хайдаржан, бұл телефонның әңгімесі емес. Кездесіп сөйлесейік. Қазір саған барамын», - деп трубканы орнына қоя салды. Көңілі қобалжып тұрған секілді.

Екеуіміз кеңседе оңаша отырмыз. Ол: «Хайдаржан, ішкі бір ойымды ешкімге айтпай жүр едім. Енді жасырғанмен болмас. Той өткен соң Алматыға оралмаймын. Әрі Ленинградқа кетемін. Онда маған Бүкілодақтық өсімдіктер шаруашылығы институтынан лаборатория беретін болды. Тек қана ғылыммен айналысуды жөн көрдім. Ал Бабаевтың ұйымдастыру қабілеті жақсы. Сондықтан да өз орныма ұсынғым келеді. Лысенко оны білмейді. Өзім оларды көзбе-көз таныстырмай, жаным жай таппас», - деді.

Мен үшін бұл күтпеген жай болды. Әлдекім қоң етімнен ет кесіп алғандай. Кәрімдей ғалым қайда! Жер-көкті сабылып іздесең де таппайсың. Оның Ленинградқа неге ауысып жатқанын да сездім. Мемлекеттік комиссияға өкпесі жазылмаған-ау. Тап қазір оған уәж айтып, райынан қайтару бос әурешілік. Құй жыла, құй құла. Қимасам да: «Кәрім аға, сіздің бұл ойыңызды менің министрден жасырып қалғанымның жөні бола қоя ма екен?», - деп жабырқау тартқан жүзіне сұраулы пішінмен қарап едім: «Хайдаржан, өзін біл», - деп лажсыздық танытып, жай ғана күрсінді. Салы суға кеткендей көңілсіз. Оның түр-әлпетінен бұрынғы Кәрімді тани алмайсың. Қоштасып есікке қарай беттей берді де, артына бұрылып маған көз тастады. Не айтқысы келді екен? Үндемеді. Тек әнтек күлімсіреп шығып кетті. Оның мәнін кейін ұқтым. Қайран ағамның кимастығы екен-ау.

Министрге кездесуімізді мәлімдегенімде Дауылбаев бей-жай қалыппен: «Е, е ауысқаны да дұрыс шығар», - деді де қойды. Бабаевқа мән-жайды түсіндірдім. Ол баратын болды.

Мыңбаев Мәскеуге аттанардан бір күн бұрын Жамбыл ауданындағы тәжірибе шаруашылығына соғыпты. Түске дейін бөлімдерін аралап, қызметкерлеріне соңғы кеңесін берген. Күрен атына мініп, қолына мылтығын алып, шаруашылықты үш рет айналып шығып, үш рет мылтық атқан. Сосын аты мен мылтығын жылқышы

қартқа басымен сыйлапты. Бір Аллах талқанының таусылғанын алдын-ала сездірді ме, кім білсін, бәрімен көңілсіз қоштасып жүріп кетеді. Олар да Кәрімді бұрын мұндай еңсесі түскен күйінде көрмесе керек. Соңынан телміре қарап, ұзақ тұрады. Оны ақтық рет көріп тұрғандарын қайдан білсін.

Ертеңіне Мыңбаев бастаған топ шағын ұшақпен Алматыдан көтеріліп, Балқаш қаласына қонады. Жанармай құйып, Мәскеуге қарай бағыт алады. 15 минуттан соң ұшақ көкте жарылған. Төрт бірдей азаматтан осылай айрылды. Мемлекеттік комиссия ұшақтың өздігінен жарылмағанын анықтады. Бұл Кәрім Мыңбаевқа жасалған қастандық екенін жұрт іштей білді. Жарылғыштың қуаттылығы соншалық денелері кесек-кесекке бөлініп кеткен. Мыңбаевты костюмінің бір жапырақ жартығы мен сондағы түймесінен таныдық. Асыл азаматтардың денелерін жинап, Алматыға жерледік. Кәрім небәрі 42 жаста-ақ еді. Қолда барда алтынның қадірін кім білген? Несін айтасын, ол қазақтың маңдайына сыймай кетті.

Мыңбаевтың әйелі Милица Васильевнадан екі ұлы мен екі қызы бар. Олар Ленинградта өсіп жетілді. Тимурын жақсы білемін. Мамандығы дирижер. Осыдан 4-5 жыл бұрын Алматыға келген. Өз кәсібі бойынша жұмысқа орналасты. Ара-кідік үйге келіп, сәлемін беріп тұратын. Музыка өнерін жетік меңгерген. Өкінішке орай мұндағылар оны сыйдырмапты. Кейінен Ресейге қайтып кеткенін естідім.

Қазақ ССР Министрлер кеңесі, 1948 жылы 7 қазанда олардың зираттарына 1949 жылы ескерткіш қойылсын деген қаулы қабылдаған еді. Сол қаулының шешімі 1956 жылға дейін орындалмады. Республика Жоғарғы Советіне депутаттық құқымды, 1956 жылдың 5 наурызы күні Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының төрағасы Тәшенов пен Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы Қонаевтың аттарына хат жазып, қаулы шешімінің орындалуын талап еттім. Арада екі-ақ күн өткен соң жауап хат алдым. Тиісті орындарға тапсырма беріпті. Тастан қашалған Мыңбаевтың ескерткішін қысқа мерзімде жасап, бейітінің басына орнатты. Алматыда Мыңбаев атында көше бар. Осындай көшелер басқа қалалардан да беріліп жатса, қанеки. Еңбегі елге сіңген жанды әрдайым есте ұстайық, ағайын.

Кәрім Мыңбаев: Ұлттық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор Хайдар Арыстанбековтің естелігі. («Түркістан» газеті. 2002 ж. 11 шілде).

### **Көкіректегі өшпес бейне**

Әке-шешемнің тірі кезінде-ақ Алматыдай үлкен шаһарға келіп оқимын деген ізгі мақсат мені жетелеп әкеліп Кәкемнің отбасына қосты. Бұл Отан соғысының аяқталған кезі – 1945 жылдың шілде айы болатын. Шешем Бірқызық бұрын үйден аттап ешқайда шығып көрмеген менің бірден Алматыға кетуіме қарсылық білдірді. Ондағысы Кәрімнің Алматыға көшіп келдім деген оқыс хабары болмаса, өзіміздің де оны көрмегенімізге талай жыл болған. Әкем: «Кәрім келгісі келмей жүр дейсің бе, оқудан енді ғана қолы босағанға ұқсайды ғой. Ленинградта оқып жүріп қосылған жұбайы, бала-шағасы бар көрінеді. Гүлбарһамды мына Хамзе ертіп барады да, Кәрімді көріп жағдайын біліп келеді», - деп, бізді Алматыға жіберетін болды. Астанаға жетуіміздің өзі бір хикая. Ол бөлек әңгіме. Қарағандыдан ұшаққа отырып, Кәкем үйіне келдік.

... Үй толы қонақ. Мәз-мәйрам той болып жатыр. Сөйтсек сол күні Кәкемнің докторлық диссертациясының ВАК-тан жоғары аттестациялық комиссиядан бекіп келуімен құттықтап келіп отырған көңілде жора-жолдастары екен. Кәкем есіктен кірген бізді көріп:

- Әй, Хамземісің, қайдан келіп тұрсың? – деп, Хамзе ағамды бірден кеудесіне басып, қапсыра құшақтап жатыр. Амандасып болғаннан кейін қасында тұрған маған қарай бергенде, Хамзе ағам:

- Кәрім, бұл Секемнің қызы Гүлбаһрам, - деуі сол екен, Кәкем менің де маңдайымнан сүйіп, сол тұрған қалпында үстел басында отырған кісілерге:

- Мынау Хамзе – кенже інім, мынау – Гүлбаһрам екінші ағам Серіктің үлкені. Бұл туған 1928 жылы біздегі үлкен Гүлбаһрам Сәкенге ұзатылып, Серік өзінің жақсы көретін қарындасының атын қойған, - деп, үстел басында отырған қонақтарға түсіндіріп шықты. Той әрі қарай жалғаса берді. Хамзе ағам қонақтардың қатарында отырып қалды да, менің бұғып кісінің бетіне қарай алмайтын кезім, жылжып басқа бөлмеге шығып кеттім. Біраздан кейін ана жақтағы бөлмелерде жүріп, дуылдасып отырған кісілердің арасынан: Қаныш, Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Әлкей, Әбділдә, Ахмет, Хамит, Асқар т.т. кісілердің аттарын естимін. Ішімнен, япырау, мұндай кісілердің аттарын қайдан естіп едім деп ойланам... Байқай келсем, Кәкемнің Қаныш деп отырғаны атағы мен аты әлемге жайылған әйгілі академик Сәтпаев, «Мұқан» деп отырғаны Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Сәбит

Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Тайыр Жароков, Әбділдә Тәжібаев, Хамит Чурин, Ахметі – композитор Жұбанов, театр режиссері Асқар Тоқпановтар екен.

Иә, өткен күнде белгі жоқ. Қызық пен бақытқа тойым бар ма, оқуға түстім де, Кәрім ағамның қайтыс болған күніне дейінгі өмірімен таныс болдым.

Кәкем үйінде тұрып бақыт көрдім деп отырғанымның мынадай мәнісі бар. Жұрт, себебін тауып сөйлесуге қажетті болғанның өзі де қолға түсіп кездесе бермейтін Қазақстанның ең атақты ұлы да ірі ғалымдары мен жазушыларын, қоғам қайраткерлерін үй-ішінің дастархан басынан көріп, олардың сөздерін, өзіндік мінездерін, әдет-ғұрпын, үй-іші отбасындық салтанатты салт-дәстүрлерімен таныс болуы алыстағы ауылдан келген мен үшін үлкен бақыт та, қызық та еді. Бірақ келген бетте түскен педагогикалық училищені бітіріп енді ғана тани бастаған кезімде, кенеттен Кәкем өліп, көз шырағым сөнді де қалды. Жаңағыдай Кәрім ағамның үй-ішімен араласып, көзіме үйреншікті болып кеткен жолдастарының көбінің кім екенін Кәке қаза болғаннан кейін айтқан ақылдары мен көрсеткен қамқорлық істері арқылы анық біле бастадым.

Қаныш ағамның Кәкемді жерлеу кезіндегі басында тұрып: «Кәрім, сен жас кетіп барасың. Сенің өлімің біз үшін де, ел үшін де ауыр қаза. Мезгілсіз кеттің-ау, Кәрім! Жолдастар Кәрімдей адам өмірге жүз жалды бір-ақ келеді...», - деп, қамыға көзін сүртіп, мінбеден сұры қашып түскені әлі көз алдымда.

Кәкімнің үлкен достарының жүректері де үлкен еді. Кәкем өлгеннен кейін үйдің ішінің бәрін бөтенсірегендей болдым ба, әйтеуір, оқуды тастап, елге қайтқым келді. Бір күні үйге келіп отырған Мұхтар ағаға жеңгем Мелица Васильевна менің елге қайтқым келетіндігімді айтты.

Мұқаң:

- Иә, Гүлбаһрам қалақам, Кәрімнен сені мен мына отырған отбасы ғана айырылып қалған жоқ, мына біздер де, тіпті бүкіл қазақ халқы айырылып қалды. Кәрім бәрімізге де керек адам болатын. Оқуыңды тастап кетемін дегенің бекер. Сен Кәкене оқимын деп келген жоқсың ба? Сенің оқуыңды бітіріп шығуына ешқандай бөгет жоқ, бәріміз де көмектесеміз, - деп, көптен бері оқуға бармай қойғанымды естіген аға, ертеңіне келіп, машинасына отырғызып алып, университеттің есігіне қайта алып кіргізді.

Кәкемнің қыркын беретін күнге елден әкем мен шешем келетін болды. Мұны естіген Мұқаң, Сәбит, Ғабит ағаларға хабарлап ақылдасып, Кәрімнің жоқтығын білдірмейік дегендей, келетін күні

кастарына мені ертіп алып поездың алдынан шықты. Вокзал басынан қарсы алып, қой сойып дайындап қойған, елден келгендерді Мұқаң өз үйіне алып келді. Әкей мен шешемді орталарына алып танысып, сый-құрмет көрсетіп, Кәкем жайында көп әңгімелер айтып, көңілдерін жұбатып, ас сонынан Кәкемнің басына апарды. Кәкемнің қырқы берілген сол күндері әкемдердің қайтар күніне дейін Сәбит аға, Ғабен, Хакаш Бияшев, Әбділдә Тәжібаев, Хамит Чурин ағалар кезектесіп шақырып, Бауыржан аға әкем Серіктің үстіне шапан жапты.

1950 жыл. Бір күні оқудан келсем, үйде Бауыржан аға отыр екен. Көптен бері көрінбей жүрген ағаны көріп, Кәкемді көргендей қатты қуандым. Мәскеуден келген екен. Амандық сұрасып, жеңгеймен біраз сөйлесіп отырды да, жалт бұрылып маған қарады:

- Гүлбаһрам, мына жеңгеміз Ленинградқа кетпекші екен. Сен қалған оқуыңды Мәскеуде оқып бітіруіңе болады, қарсы болмасаң мен Секенмен келісіп, сені сонда ала кетіп оқытайын. Саған бұлар көшіп кетсе қиын болады ғой,- деген ағалық қамқорлығына Мәскеуге барсам адасып кететіндей, бармай қалдым.

Бұл ағалардың Алматыда жалғыз қалып бара жатқан маған бірге туған туыстарындай осындай жанашырлық көрсетулері ағамның әруағын сыйлағандығы мен шынайы достығының белгісі еді.

Амал не? Өмірдің заңы солай болған соң, қарсы тұрар шара қайда? Қазірде сол кісілердің көпшілігі ол дүниелік болып кетті. Кәкемді ойласам, онымен бірге жүріп дос болған адамдар көз алдыма қатар келіп, есіме еріксіз түседі. Сонда кеудемді өксік қысады. Тұлғалы ірілік, ешкімге ұқсай бермейтін арынды ақкөңілділік, ірі де тасқынды мінезді Бауыржан аға өзінің тіршілігінде Кәкемді бір сәт те есінен шығармай, аузынан тастамай айтып өтті. Ел үшін істеген еңбектерімен атақтары әлемге әйгілі болған ірі тұлғалы адамдардың бірін-бірі қиыспайтын сыйластық достықтары жай ғана достық болмаса керек. Бұлардың арасындағы достық қатынас еліне сіңірген еңбектері арқылы білімдері мен алдарына қойған мақсаттарының құйылысуынан келіп табысқан достық қой деп ұғамын.

Жер астының жасырын жатқан кең байлықтарын табушы Қаныш ағаның, жер бетінің ескіріп кеткен көне тарихтарының құпиялы сырларын табушы Әлкей Марғұланның, бүгінгіні келешекке жеткізуші сөз зергерлері Мұхтар, Сәбит, Ғабит ағалардың, жерімізді, елімізді жаудан қорғау шебінің берік бекінісіндей аңызға айналған Бауыржан ағамыздың, жер бетіндегі жаратылыс атаулыны түгел зерттеп, кең даланың құба жолдары мен шөлдерін, төрт түлік малдары мен өсімдіктер түрлерінің сапалылығын арттыруға кіріскен жас ғалым Кәрімді іздеп жүріп құшақтарын жая дос болулары заңды да ғой.

Кәкем табиғи жаратылысында бітім тұлғасы жағынан сом денелі, биік бойлы, көз жанары үлкен, қыр мұрынды, ат жақты, қара-сұр көрнекті сымбатымен көрер көзді анадайдан өзіне қарай тартып тұратын. Осындай сұлу бітімді Кәкемнің ішкі дүниесі сырт бейнесіне сай болатын. Өзінің бойын жинақы ұстайтын. Киім киісі сәнді болатын. Қайратты шаштарын артына қарай қайырып тастап, әлденеге мәз болып қарқылдай күлгенде бетінен нұр шашып тұрғандай болатын еді. Қимылы да, сөз сөйлеу мәнері де өте шапшаң. Ойға келіп қалғанын тез қорытып, тіл ұшына түсіруге асыққандай, бойындағы қуатын сыртқа шығаруға үлгермейтіндей әсер қалдыратын.

Кейде үйдегі кабинетінде жұмыс істеп отырып, орнынан тұрып кетіп, бөлмеде әрлі-берлі жүріп алатын. Сондай бір сәтінде:

- Мила, мен әлі 8-10 жыл өмір сүруім керек, әйтпесе ештеңеге үлгермеймін. Тағдырдан тілейтінім тағы бір он жыл, иә тағы да бір он жыл, - деп, нығарлағанда көктен әлде кім құлағына сыбырлап тұрғандай көрінетін. Енді ойласам өзінің алуан жаңалыққа толы ғылыми ойларын жарыққа шығарып, жұртшылыққа жеткізіп үлгеруге асыққан екен ғой.

Кәрім ағамның осындайлық тасқын мінезділігі жұмыс бабындағы әдетінен де көрінетін. Кеңсесіне бір ізбен асықпай барып, бір ізбен үйге қайтып отыратын адам емес еді. Құлашын оңды-солды кең жайып – бірде өзі зерттеп жүрген эксперименталдық бөлімшелерін аралап кетсе, енді бірде онда тапқан жаңалықтарын газет-журнал, баспа беттеріне шығарғанша асығып, радиодан сөйлеп, кезі келгенде сессия, ғылыми кеңестерде алуан түрлі жаңалыққа толы ойларын жұртшылыққа жеткізгенше асығатын.,

Кәкемнің жұбайы Мелица Васильевна отбасында отырып қалған әйел емес – ғалымның сыйлас досы, әріптесі болды. Кәкем онымен өзінің жұмыс жайын кеңесіп отыруды артық санамайтын. Мила жеңгем де агроном – Воронеж ауыл шаруашылығы институтын бітірген. Отбасына да жайлы, қонаққа дастарханы жаюлы адам болды. Ағамның көпшілдігі, жайдары мінезі үй ішіне әсер етпей қоймайтын. Күйеуін терең түсіне белген жеңгем Кәкемнің қас-қабағын барлап, ойынан шығып отыратын. Балалардың үлкені Гүлнұр, ұлы Жапар, кенже егіз туған Тимур мен Әлия әкесі мен шешесінің шынайы махаббатына бөленіп өсті.

Ағам тым балажан болатын. Ыңғайы келсе, далаға шыққанда балаларының ересектерін ертіп жүріп, табиғатты, қоршаған ортаны таныстырып, өзінің достарымен араластырып жүретін. Кей күндері мұражайға, паркке, сырғанаққа апаруға да уақыт табатын. Ес біліп қалғанда әкесінен жетім қалған бауырларым Ленинградқа кеткенімен,

Алматыны, мұнда қалған Кәкемнің туыстары мен достарын қатты сағынып жүрді. Талай рет іздеп келді де. Бұл әкеден қалған тәрбиенің ұшығы болса керек.

Кәкемнің еліміздің ірі жазушылары мен мәдениет, өнер қайраткерлерімен тығыз байланыста болып, олардың да жүрегінен ұмытылмастай орын алуы кездейсоқ емес. Бұл кісілермен бас қосқан кездерінде батыс-шығыс әдебиеті жайлы орысша-қазақша ағыл-тегіл сөйлеп кететін. Өзінің ой-тасқынын ұға білетін талантты жандарды маңайына жинай білетін. Кәрім ағам өзінің сан салалы қызметін атқара жүріп жарқын таланттылығымен, терең білімділігімен еліміздің біртуар азаматтарын, тарихшыларын, көрнекті инженер, ғалымдарын, әдебиет, өнер, саласының білгірлерін өзіне сыйлас дос етті. Академик Ахмет Жұбанов, театр режиссері Асқар Тоқпановтар Кәкемді іздеп келіп, ұзақ отырып әңгімелесіп, кеш қайтатын. Бір демалыс күні Мұқан, Баукең, Кәкем үшеуі бас қосып отырғанда, үйреншікті әдетімен Асқар Тоқпанов келді. Асекең ол кезде біздің үйге күйеу бала. Домбыраны қолына алып, жай қоңыр дауысымен жеңіл-желпі айтылатын «Қыздар-ай», «Сарыбелден сарғайып таң атады», «Шилі өзен қамыс-ай» әндерін айтып, әңгіме арасына қосып отырды. Бір кезде Баукең отырып Асқардан Естайдың «Қорланын», Мәдидің «Қаракесегін» айт деп тілек етті. Бұл өлеңді де Асекең жеңіл-желпі өз әдетімен жайлап айтты. Өн аяқталғанда Мұқан: «Асқар сен «Қыздар-ай» өлеңін жақсы айтасың, мына Мәдидің «Қаракесегін» келтіріп айта алмай отырсың», - деуі мұң екен, Кәкем орнынан тұрып:

- Асқарға бұл өлеңді дұрыстап айтуды үйретеміз, - деді де басқа бөлмеден белдік әкеліп, Асекеңнің екі қолын өзі отырған орындықтың арқасына мықтап байлады да: «Ал, Асқар, енді айтып көрші, бірдене шығар дегенде, Кәкемнің бұл ісіне қарсылық көрсетпеген Асекең, арқасындағы қолына батқан белбеудің әсері ме, әлде қалай, «Қаракесек» әнін ерекше бір зарға салып, жаны қысылғандай түр көрсетіп, айтып берді. Кәкем күліп орнынан тұрып, Асекеңнің қолын босатып:

Міне, «Қаракесек» әнін Мәди осылай айтқан болар, - деді.

Отырғандар дуылдасып, күлісіп, әдебиет пен мәдениет жайындағы әңгімелерін әрі қарай сабақтай берді.

Табиғатты бағдарлап, оның сәнді-көрікті жерлерін тамашалуды, жақсы көретін Кәкем, кей демалыс күндерінде қасына Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Қалибек Қуанышбаев сияқты өнер саңлақтарын өзімен бірге ертіп жүріп, бірге демалыш қайтатын.

Өмір мен өнерге деген құштарлығы ғылымдағы қызу еңбегімен қатар жүретін Кәкемнің жас өмірі тұтқиылдан үзілді. Мәскеуге жол

тартқан бір топ ғалымдардың басшысы жанындағы әріптестерімен бірге әуе апатынан мерт болатынын кім білген. Өкінішке толы Кәкемнің жас өмірі жоқтаусыз қалған жоқ. Көзін көрген дос-жаран, жолдастырының осы күнге дейін ол кісінің адамгершілігін еске алуы ғылымдағы алар орны мен ғұлама ғалымдығы ел арасында айтылып та, жазылып та таусылған жоқ.

Кәкемнің туған жері Қарағанды облысына қарайтын Нұра өзенінің бойындағы қазіргі Ивановка, бұрынғы Мыңбай ауылы аталған жер. Кәкем өлді деп естігенде туған елдің қабырғасы сөгіліп, жапырыла жылап, жоқтаулары басылмады.

Кәрім ағамды көргендердің «Кәрім осындай азамат еді», «Кәрім Мыңбаев былай депті» деген естеліктерімен ел аузындағы әңгімелер баршылық. Қарағандының партия және еңбек ардагері, марқұм Ібіжан Рақыжановтың «Өткен өмір өрнектері» деп жазған естелік кітабы, 1948, Кәкем қайтыс болған жылы Ғайша Шарипова ғалымның өміріне арнап «Біздің уақыттың адамы» - «Человек нашего времени» повесін басып шығарады. Жазушы Ләтипа Құрманбаева «Өшпес жалын» деп аталатын кітабында Кәкем өміріне біраз орын берген. Бауыржан Момышұлы тірішлігінде өзі өнеге тұтқан адамдардың кездесулері туралы айтқан әңгімелері негізінде Мамытбек Қалдыбаевтың 1989 жылы шығарған «Ұмытылмас кездесулер» кітабындағы Баукең мен Кәрім ағамның бір сәттегі болған әңгімелерінен үзінді беріледі. Әңгіме эпизоды қысқа болса да, Баукең әңгімесінде Кәрімнің кім екенін түсіндіріп жатпастан: «Ол кезде Кәрім Мыңбаевтың тірі кезі еді», - деп, төтесінен бірақ кесіп айтады. Кітапты оқып отырып, өлгеніне көп жыт өткен Кәкемді кейінгі оқырмандарға түсіндірместен, бүгінде дәл қасында көріп жүргендей болғаны-ау деген ойға қаласың.

Академик Манаш Қозыбаев, Ғабит, Мұхтар, Кәрім үшеуінің бірігіп аңға шыққандағы әңгімесін жазушы Ғабиден Мұстафиннің аузынан естіп 1991 жылы «Егеменді Қазақстан» газетіне жариялады.

Бауыржанның келіні Зейнеп Ахметова жазған «Шуақты күндер» кітабында атасы Бауыржанның Кәрім туралы айтатын әңгімелерін қазқалпында келтіреді.

Академик, химия ғылымының докторы, ғұлама ғалым Михаил Ильич Усановичтің зайыбы Татьяна Настеровна «Казахстанская правда» газетіне екі ғалымның – Михаил Усанович пен Кәрім Мыңбаевтың рухани жақындығын, басқаға үлгі болар достығы жайлы тебірене жазады.

Өз шығармашылығының тұтасына жуығын Сәкенге арнаған профессор Тұрсынбек Кәкішев 1994 жылы шыққан «Естеліктер ескермейді» деген кітабында ақиық ақынның жұбайы Гүлбаһрам

жайлы айтқанда Кәрімге тоқталмай өтпейді. Зобалаң 37-38 жылдары оның Сәкенсіз басына түскен қиындықтарда Кәрімнің апайына сүйеніш болғандығын айтады.

1995 жылы биология ғылымының докторлары Қазақстан ұлттық ғылымының академиясының мүше-корреспонденттері Т.Масенов пен И.Сүлейменовтің «Дарынды ғалым, дархан талант иесі» деп аталатын көлемді мақаласы Кәрім Мыңбаевтың 90 жылдығына арналып «Егеменді Қазақстан» газетінде басылды. Ташкент мақта-ирригация институтын Кәкеммен бірге бітіріп, Қазақстанға еңбегі сіңген зоотехник, республика ауыл шаруашылығының білікті ұйымдастырушыларының бірі болған Төлеужан Мусин көзі тірісінде шамасы келгенше өзінің қанды көйлек досы жайлы жазудан жалыққан емес. Төкең қайтыс болардан бір жыл бұрын «Өмір баспалдақтары» атты естелік кітабы жарық көрді. Шығарманың бар өзегі автордың Кәрімге деген ыстық ықыласына толы...

Сағынып еске алдым дана туыс.

Бәрі де естілердің сізге жуыс.

Тағдырдың өмірінен кім құтылған,

Қара жер кімді алмады қойны қуыс.

Ағам опат болған күн түс секілді. Мына жоқтауды ес жиған сон онашада зарланып отырып айтыпшын.

Ала бұлт торлап аспанды,

Алатау қарын жастанды

Қара бұл төніп келеді

Жүрегім неден жасқанды?!  
Ала бұлт торлап аспанды,

Алатау қарын жастанды

Қазбауыр бұлттар егіліп,

Күніреңіп күздан жас тамды.

Телегей теңіз ағып сел,

Ысқырып демде соғып жел

Аккуынан айырылып

Шулап жатты айдын көл.

Арқаның ерке желдері

Акбұйра шатқал белдері

Көкеңмен мәңгі қоштасып,

Егілді маңғаз ерлері.

Ағалап келген адамға

«Айналдым», - деп қарсы алған

Кішіге камқор көрсетіп,  
Жақсы ісін айтып жар салған  
Ақылын ай тып ағажан  
Кішіні құрмет тұтатын,  
Жанына сусын әр сөзі  
Уатып сені ұтатын  
Қамқоршы еді жан аға,  
Үлкенге де балаға  
Алғысын айтқан әр адам  
Көкеңдей ғалым ағаға  
Ала бұлт торлап аспанды,  
Алатау қарын жастанды  
Топырағың торқа болсын деп,  
Күніреніп көзден жас тамды...

**Сәбит Мұқанов:**

«Мыңбай балалары бір біріне қатты ұқсайтын...»

**Шөлді бағындырған батыр**

«Өлім – бір, себебі – мын» дейді қазақ данышпандығы. Туып жетіп, өсіп-өркендеп жату, өліп жату - өмір заңы. Біреулер асарын асап, жасарын жасап өледі, ал енді біреулер жас шағында, қарқынды қызу істердің жолында, арманына жете алмай өледі. Осындай арманда өлген адамның біреуі – ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, ойшыл, іскер, тапқыш ғалым, кісілігі де керемет жақсы адам – Кәрім Мыңбаев. Ол 1948 жылы 42 жасында аспанда болған апаттан мезгілсіз қаза тапты.

Қыршын шағында өлгенмен, Кәрім Мыңбаев ауыл шаруашылық ғылымына орасан көп үлес қосқан, бұл жүйеде толып жатқан жаңалықтар ашқан ғалым. Оның бірталай ғылыми еңбектері 1949 жылы қалың кітап түрінде жарық көрді. Газет-журналдарға жарияланған ғылыми мақалалары сан алуан. Өмірі ұзағырақ болғанда, ол отандық ғылымға бұдан да көп үлес қосар еді, кенеттен келген ажал ол жолын кесіп тастады.

Қазір Отанымыз социалистік Ұлы Октябрь революциясын тойлау күндерінде, еліміз осы революцияны жасауына, оның істерін жүзеге асыруға елеулі еңбек сіңірген ұл-қыздарын еске түсіріп жатыр. Сондайлардың біреуі – Кәрім Мыңбаев.

Мен шаруашылық майданының қызметкері емеспін. Сондықтан, Кәрімнің бұл жүйедегі еңбегін талдау менің міндетім емес, сол мамандық ісіндегі адамдардың міндеті. Солай бола тұра Кәрім Мыңбаев жайын баяндауға қалам алған себебім – ол менің өте жақсы білетін жігітім еді.

1922 жылдың көктемінде. Қазақ автономиялық республикасының сол кездегі астанасы – Орынборда Қазақстан партия ұйымдарының партиялық екінші конференциясы шақырылды. Соған Ақмола губерниясынан сайланған делегаттардың ішінде мен де болдым. Губернияның төрт уезінен жиналған делегаттар «теплушка» аталатын бұйымдық бір вагонға тиеліп жол тарттық.

Жолға шыға таныссақ, Ақмола уезінен келе жатқан делегаттардың ішінде Тұрысбек Мыңбаев бар екен. (Октябрь революциясының алғашқы жылдарында оның қарапайым қазақ еңбекшілерінен шыққан аз ғана большевиктердің бірі болғандығы, Сәкеннің Сейфулиннің әлемге әйгілі шығармасы «Тар жол, тайғақ кешуде» толық сипатталуы оқырмандарға мәлім). Биік, балуан денелі, қоңыр өңді, сұлу кескінді, шоқша қара сақалды, қалың қара мұртты Тұрысбек мейлінше кішіпейіл, үйірсек, әңгімешіл, сөйлескіш, сырласқыш кісі екен. Осы сапарда бірге өткізген он бес шақты күн Тұрысбектің өзі туралы да, ол баяндаған Ақмола совдепінің кісілері, олардың істері туралы да менің көңілімде өшпес іздер қалдырды.

Конференция күндері «ерекше көрінген бір оқиға: әлде қайдан Орынбор маңына келіп, төрт орындық кішкене самолет қонған екен. Республикалық партия ұйымы делегаттарды сол «кереметті» көрсетуге апарып, кезекпен мінгізді де, самолет қаланың үстін орай ұшып қонды. Тұрысбек екеуімізге бір кезек тиді. Ұшып кеп жерге түскенде Түкең: «Садағаң кетейін советтің арқасында самолетке де міндік-ау?» - деп шаттанады. Сол сөзін мен әлі күнге дейін ауыздан тастамай айтып жүрем.

Ақылды, парасатты Тұрысбектің бас кемшілігі – шала сауаттылығында еді. Содан жеген опықтарын айта келіп:

- Біз Мыңбайдан үш ұлмыз, - деген еді, - менен соңғысының аты Серік, ол сенен үш-төрт жас үлкен, ол да шала сауатты: кенже інім – Кәрім, биыл он алты жаста. Құдай біздің бәрімізге биік бой берген: Серік те мен сияқты серейген ұзын жігіт. Кәрімнің де қазіргі бойы сен шамалас: дене, бет бітім жағынан ұқсас келгенімізбен, өңі шешесіне тартыңқыраған Серік сарғылттау, көзі көгілдірлеу, ал өзге екеуіміз әкемізге тартқан қарақоңыр өңдіміз.

Осындай жайларын және әкесінің де, Серік пен өзінің де бастан кешірген кедейлік бейнеттерін, шала сауатты қалпымен большевиктерге неге қосылған себебін айта келіп:

- Үлкен екеуіміздің қолымызға түспей ыза қылған оқудан кек алсын деп, Кәрімді бала күнінен сабаққа бердік. Ақмолада орысша оқып жүр. Сабаққа жақсы. Ендігі үмітіміз сонда! – деген еді Тұрысбек ағай.

Конференциядан бес жыл кейін, Октябрь мейрамы күндері Сәкен екеуіміз Қызылордадан Ташкентке саяхаттап поезбен бара қалдық. Вокзалда Сәкенді қарсы алған топтың ішінде биік бойлы, қоңыр өңді, сұлу кескінді жігіт маған өзің «Кәрім Мыңбаев» деп таныстырды. Кәрімнің түр-тұлғасы аумаған Тұрысбек.

- Япыр-ау, -деймін ішімнен, адамға адам дәл осындай ұқсас бола береді екен-ау!

Сұрастырсам Тұрысбек ол кезде опат болған. Ақмоладан екінші дәрежелі бастауыш мектепті 1926 жылы бітірген Кәрімнің Ташкенттегі Орта Азиялық мақта өлкесін суландыру (ирригация) политехникалық институтына түсуіне Сәкен жәрдемші болған.

Көркем келбетті, сұлу сымбатты, сұңғақ денелі Кәрім советтің еркін жанды, ашық мінезді, саналы, мақсатты жасы болып өсіпті. Сол жылы 21 жастағы ол комсомол қатарында мүше және соның алдыңғы қатардағы қайраткерінің бірі екен.

Сөйлесе келе қоғамдық өзге жұмыстарға да белсенді болып жүрген Кәрімнің көркем әдебиетті де жақсы білетіндігі байқалды. Қазақтың және орыстың тілдерін мейлінше жетік білетін ол. Осы тілдердегі әдебиеттің бұрынды-соңды жазылған шығармаларын судай сапырады және оларға өзіндік көзқарасы бар, біраз шығармаларды жатқа соғады.

Осындай кеңестердің үстінде Кәрім не мақсатпен оқып жүргенін де аңғартып қойды. Ол бір сөзінде:

- 1918 жылдың көктемінде ақтар мен алашордашылдар Ақмола совдепін талқандап, басы Сәкен ағай ғып, көп большевикті тұтқынға алғанда, ағам Тұрысбек Арқадан Шуға қарай көшпен елге еріп қашқан. Қасында он екі жасар мен де болғам. Бетпақдала не екенін сонда көргем.

Міне осындай құнарсыз шөл даланы кезіп келе жатқан шақта, - деп жалғастырады Кәрім сөзін, - Тұрысбек ағай маған: «Тіршілік болып заман түзелсе, Совет өкіметі біздің жақта да орнаса, ең алдымен, бітіретін жұмысым – сені оқытам, сондағы тілегім: осы шөл даланы гүлдендіру мақсатымен окисын», «Құп, аға!» деймін мен.

Совет орнай,- деп аяқтайды Кәрім сөзін, - бастауыш мектептің екі сатысынан оқығанға да, одан кейін Ташкентке келіп жоғары мектепке түскен де Тұрысбек ағайдың сол өсиетін есімнен шығарған емен. Атақты ақынымыз Сұлтанмахмұт Торайғыров:

Қараңғы қазақ көгіне  
Өрмелеп шығып күн болам!  
Қараңғылықтың кегіне –  
Күн болмағанда, кім болам? –

Десе, менің «күні» болғалы жүрген «кегім» - Европаның Бельгиядай он алты мемлекеті еркін сиятын Бетпақдала мен оның пұшпақтарын бүркеген аспанның асты еді.

Осы мақсатпен оқыған Кәрім, Ташкент институтын жақсы бағамен тамамдағаннан кейін, сол жүйедегі аспирантураны тауысып, қызмет жайларын араластыра жүріп, ақыры 1944 жылы ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы деген дәрежеге көтеріледі.

Бүкілодақтық Коммунистік партиясының қаулысының 1941 жылы Қазақстанда одақтық ауыл шаруашылық академиясының филиалы құрылған. Біраз жағдайлардың салдарынан оның істері ойдағыдай қаулап кете алмайды. Міне, осы филиалдың президиумына ұйымдастырғыш Одаққа танылған ғылым докторы – Кәрім Мыңбаев тағайындалады.

Қайратты, оқымысты, іскер Кәрім Мыңбаев республикадағы ауыл шаруашылық ғылымын да, оның тәжірибелерін де дүрілдетіп алға бастырады. Бұл бетінде ол Бетпақдаланы зерттеу ісіндегі экспедицияны өзі басқарады.

Ғылымдық істермен үздіксіз және терең шұғылданатын Кәрім көркем әдебиетті, көркем өнерді есінен шығармай, оның кадрларымен байланысты болушы еді.

1966 жылдың жазғы бір күнінде пәтерде шылдырлаған телефонға құлақ тіксем, - Кәрімнің дауысы.

- КИЖ дегенді білетін бе едіңіз? – деп сұрайды ол менен.

- Ол не?

- Мал шаруашылығы мәселесін зерттейтін институт.

- Қайда ол шаруа?

- Алатаудан ағатын Күрті өзенінің Балқаш жағында. Алыс емес. Ұзынағашқа дейін 60 километр шоссе, одан әрі машина жүре алатын қыр жолы. Жауын-шашын болса атпен кетеміз. Ертемен шықса, кешпен жететін жер. Сайраңдап қайтайық.

- Сәке, Бетпақдала жайын білгіңіз келе ме? – деді Кәрім маған, аттар аяқ жорғамен бүлкілдеп келе жатқан бір шақта.

- Әрине.

- Қаншалықты білесіз өзіңіз оны?

- Аз білем. Онда да көргендердің әңгімелерінен. Өзім көрген жоқпын.

- Ендеше, былай,- деп Кәрім сөзін бастай жөнелді. Әңгімені ол әртіннен тартып, мені ең алдымен шөлдің географиясымен таныстырып алды. Жазушы болуды арман ететін ғалымның географияны баяндауы өте қызғылықты, кей тұсы өте сипатты болып шықты. Одан кейін тарихын сөйлеп, кеткенде: «Бұл неткен жер, жеті жүрт келіп, неткен жер» - деп Махамбет айтқандай, Бетпақ пен оның төңірегі, сан дәуірлерде сан ел келіп кеткен мекен болып шықты.

- Дегенмен, - деп бір тұжырып қойды Кәрім қызықты кеңесін, - бұл шөлді ғалымдық жағынан зерттеу орыс ғалымдарының ғана ісі. Революцияға дейін шөлдің асты-үстін ақтарып байқаған олардың жасаған қорытындысы қуана қоярлық емес. Көбінің бір ауыздан айтары, - қоғамға келтірер пайдасы шамалы.

- Советтік дәуірдің, - деп аяқтайды Кәрім бұл кеңесін, - алғашқы ширек ғасырында Батпақдаланы зерттеу ісі ойдағыдай жүрген жоқ.

Бұл істің қолға жақсылып алынуы өзінен басталғанын баяндауға сыпайысыған Кәрім., «менің» алға тоспай, нелер істелмей жатқан жайларын ғана баяндап кетеді. Сонда байқайтының – бүкіл Батпақдаланың өн бойында нелердің бары, нелердің жоғы, жоқтарды бар ету үшін нелер шараны қолдану керек екендігі алақанында.

- Біз бұрынғыны бүгін үшін зерттейміз, - дейді Кәрім, - Бетпақдаланың бұрынғысы бізге түгелімен мәлім. Пайдалана білсек, миллиондаған жалға жайылым бола алады бұл...

- Голошекин жасаған асыра сілтеу кезінен бастап (1929 жылдан)

Бетпақ пайдаға асудан қалған. Оның өн бойында; сайғақ, қыр ешкісі, арқар сияқты аңдардан басқа, олардың жауы – қасқырдан басқа мал атасы болмаған. Шетінен қасқыр да қырып жатқанмен, ол аңдар қазір табындап өреді.

Кәрімнің айтуынша, бойындағы бар қасиеті зерттеліп болған

Бетпақдаланың Шу өзені жақ шетіне «Ұлы бөл» деген атпен тәжірибе станциясы құрылып жатыр. Шу ойпатына егін өсіруді де қолға алатын бұл станция негізінде Бетпақдаланы мал жайылымына кең пайдалануды зерттемек.

- Түбінде, - дейді Кәрім – біз де көктем мен күзді екі айдан Бетпақтың шүйгінін шолып, 20 миллиондай малдың жарты жылға жақын жайылып өтер мекеніне айналдырамыз.

- Тұрақты жайылым жасар ойларыңыз бар ма?

- Неге болмасын. Профессор Яковлевтің планы бойынша, бір кезде Мұз мұхитының суын тұщытып, сеңін ертетін станциялары

құрылады да, тұщы сулы түтіктер арқылы Бетпақдалаға да айдап шөлді суаратын болады. Сонда бұл далаға миллиондаған гектар егістік өсіп, миллиардталған түз өнім алынады. Бірақ бұл соғыс қаупі бітіп, жер жүзіне түгелімен коммунизм орнаған шақта...

Күртінің біз көшіп өткен кезеңнен тәжірибе малдарының отары жатқан түс бірталай жер екен. Аттардың шерте аяндаған жүрісімен, біз оған таң ағарып болған шақта жеттік. Бұл – малдардың өріске шыға бастаған кезі еді. Бір қыратқа көтерілген кезімізде, арғы ылдидан қалыңдай қаптаған қойлар, сиырлар, түйелер, жылқылар көріне кетті.

- Ішін аралай, көре кетеміз, - деді Кәрім.

Даланың түнімен түскен шығынан балбырай дым-қостанған, ашы-тұщысы аралас қалыңдай өскен, жұпар иісі аңқыған шөпті құныға оттаған малдар жерден аузын алар емес. Қойлары «арқар-меринос», сиырлары – «қазақтың алабасы», жылқылары – «будан арғымақтар» екен. Ара-тұра өркештері тікірейген, шудалары желкілдеген түйелер көрінді...

Кәрімнен: Гүлнұр, Алма дейтін қыздар, Жаник (Жанбол), Темір дейтін ұлдар туады. Тимур мен Алма егіз. Балаларының бәрі де өзіндей бойшаң, сымбатты, кескінді болды. Ол өлердей балажан адам еді. Үйіне бара қалсаң, жап-жас қалпымен балаларын жалап-жұқтап, құшағынан шығармайтын.

Бірақ ол «өзімшіл» адам емес те, шын мағынасындағы коммунист еді. Жеке тұрмысы молшылыққа құрылған ол, еңбекші көпшіліктің камын ойлайтын социалистік құрылыс істеріне бойда бар қайратын, бар ақыл-білімін түгел жұмсап, қарқынды істен қолдарын босатпайтын. Осы істердің үстінде көлденең қазаға ұшырады.

1948 жылдың күзі. Бір күні маған Ғабит Мүсірепов телефон соқты да, сол күнінің кешіне қонаққа шақырды. Барсақ Кәрім отыр екен. Ол алдағы таңда, Қазақстанның бір топ ғалымымен, академик Т.Д.Лысенконың 5 жасқа толған тойына араласпақ болып самолетпен Москваға ұшпақ екен.

Көңілді кешті аяқтарда, мен Кәрімнен Москвада оқып жүрген екі ұлыма сәлем-сауқат ала кетуді өтіндім.

- Мақұл, - деді ол, машинаңız бар. Ертең ертемен аэропортық жеткізіп беріңіз.

Аэропортыққа таң сібірлей барсам, балаларымен Кәрім де, серіктері де сонда екен. Билеттері жүк самолетіне алынған. Кісі отыратын самолетке де бәріне жетерлік бос орын бар. Топтың пікірі екіге бөлініп тұр: біреулері «билет алғанмен кете берейік» дейді, (Кәрім солардың ішінде), ал енді біреулері (ішінде Кәріммен тұстас ғалым – Қылыш Бабаев бар) «жұмсаққа ауысайық» дейді.

Соңғылары көбірек болды да, билеттер ауысты. Кәрімнің балалары және мен, жырағырақ жерде тұрған самолетке ұшатындармен бірге бардық.

Самолетке мінгеннен кейін, Кәрім тысқа шығып, Темірін тағы да құшақтап көтеріп, құшырлана сүйді.

- Мұның не, соншама балажансып?! – дедім мен.
- Кім біледі, - деді Кәрім, - соңғы сүюім болуы ғажап емес!
- Айтпа жаман сұмдықты! ..

Ертеңіне Кәрімдер мінген самолеттің құлап тас-талқаны шыққаны, отырғандар түгел апатқа ұшыраған хабарын естідік.

Ғылым жорығында жүрген Кәрім Мыңбаевтың және оның ғалым серіктерінің жас өмірлері мезгілсіз шақта кенеттен осылай қырқылды. Ғылым майданының жорық жолында өшпес іздері қалды. Ол іздер социалистік құрылыс тарихында мәңгі сақталады.

(Толық шығармалар жинағы, 13 - том).

### Дәулетбек Әкімбеков:

#### «Ойы бар аспандай шексіз кен...»

Сұңғыла сымбатты, тік ыйық тұлғалы  
Денесі сәл төмен иіліп,  
Қоңырқай кескінге жарасқан бұл халі,  
Жып-жылы жүзі де жымыып.  
Кейде тым жайдары, бір сәтте тарылып,  
Не жайда екенін танытпас,  
Түрегеп біресе, салмақпен жай басып,  
Қайта кеп тағы да жазады.  
Бір шама шалқия отырып жайғасып,  
Қопара ой тыңын қазады.  
Кейде өткір көздері телміре қалады.  
Әлде бір ноқатқа түйіліп,  
Баладай бас салып, не кітап алады.  
Соған тек шұқшия шүйілі.  
«Өзімен өзі әуре бұл кім?» деп сұрарсыз,  
Ақынға әлде жай елес пе?...»  
Жок. Сіз де сезіп отырған шығарсыз,  
Атақты ол ғалым емес пе!  
Оның сол ойымен бәлкім сол шағында  
Ең ұлы идея ұштасып,  
Ол болашақтың мәуелі бағында

Жүрді ме жұртпен қол ұстасып...  
«Жолыңда жүретін жатыр шөл – белестер,  
Қалай тез сен одан өтесің»-  
Дегендей күбірлеп: «Бұл қиын емес», дер,-  
Табам, деп, мұның ең төтесін.  
Жерімнің таниды әр бұта, тасын,  
Көлдерін шөліне көшіріп,  
Ормандар екпекші, жайып сап картасын.  
Өзгертіп, бояуын өшіріп  
Құс ұшпас құба жон өліктей сұлаған.  
Тіріліп алдында тұрғандай.  
Сан жылдар көзінен жас шықпай жылаған,  
Ол енді серуен құрғандай.  
Түркмен, Тәжіктің жемісті тауымен,  
Украина, Оралдың орманы.  
Жалғасқан секілді, бақшалы байымен –  
Бетпақтың. Онда өмір орнады.  
Елсіз ең даланы шұрайлы түрге енген  
Өрнекті кілемдей корікті;  
Көреді, миуалы бағында түрленген:  
Алманы, жүзімді, өрікті.  
Теңізде толқыған егінге ол күліп  
Сол шақта құмарта қарады.  
Жайындай жондары мыңғырған төрт түлік  
Мамырлай мал да өріп барады...  
Тап осы көрініс ғалымның көзіне  
Сан рет көрініп кетті ғой.  
Мақсатқа жетуге сенгендей өзіне  
Күмәнсіз, көп арман етті ғой.  
Ғалым ол – қырағы, алыстан көреген,  
Ойы бар аспандай шексіз кең.  
Бірден-ақ білесің сөйлесе өзіңмен  
Сыпайы, сабырлы, әм шешен.  
Мақсатым: ғалымның ойындай ақынмен  
Қаласар болашақ сарайын.  
Ол маған бейне бір кеңіндей ақылдың  
Шын сүйіп, жырымдай санайым.  
Қоймасын балықтың елге ашып беретін.  
Ол қымбат кілтіндей халықтың.  
Құрметпен қадірлеп, ең жақсы көретін.  
Ол бір – ойы зор алыптың.

Шарықтап осылай сан қия – шыңдарға,  
Қиялдың бүркіті қонса ғой.  
Тең ғой ол бір өзі миллион, мыңдарға,  
Мың жасап өлмейтін болса ғой.

### **Академик Хайдар Арыстанбеков:**

#### **«Кәрім Бауыржандай бірбеткей адам еді»**

Кәрім Мыңбаев кім? Өмірде қандай адам болған? Осы екі сұрақтың аясында әңгіме өрбйтейін.

... Соғыс бітіп, жеңістің қуанышына бөлендік. Алда тұраланған ауыл шаруашылығын көтеру міндеттері тұрды. Кәрім Мыңбаев Орталық Комитетке батыл ұсыныс жасады. Қалайда Алматыдан ВАСХНИЛ-дің филиалын ашпай, ауыл шаруашылығында зор жетістіктерге жету мүмкін емес екенін дәлелдеді. Бастамасы қолдау тапты. Филиалдың төрағасына өзі тағайындалды.

Мыңбаев істі неден бастады? Әуелі барлық облыстардан филиалдың тәжірибе стансаларын құрды. Әр саладағы ғылыми-зерттеу институттары жанынан аспирантуралар ашып, олардағы ғылыми кеңес құрамдарын бекіткізді. Әсіресе жергілікті ұлт өкілдеріне бүйрегі бұратын. Мұның бәрі қолмен қойғандай әп-сәтте, оп-оңай жүзеге аса салған жоқ. Үкімет бюджеті резервінен қыруар қаржы жұмсалды. Несін жасырайық, Мыңбаевтың табандылығы болмағанда, әй, басқаның қолынан келе қоюы қиын еді-ау. Бірақ ол жалғыз шауып бәйге алмасын біліп, бәрін де Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісе отырып істеді. Министр Ахмет Дауылбаев Орталық Комитеттің бюро мүшесі, мен оның орынбасары болатынмын. Талай өзекті мәселелерді Мыңбаевпен бірлесе отырып шешкеніміз әлі есімде. Оның алған бетінен қайтпайтынына, ғылыми тұжырымдарының тереңдігіне, ұйымдастырудағы қабілет-қарымына, қандай түйінді мәселелерде де хан отырса да, қара отырса да тіке сөйлеп, өз пікірін ашық айтатынына сонда әбден қанықтым. Бұл мінезі біреулерге жаққанымен, біреулерге жақпады. Кейде ол қолға алған ісіне көзсіз батыл кірісетін. Жан-жағына қарап, тартынуды білмейтін... Карлаг-тың азапты түрмелерінде жатқан ірі ғалымдар Зайцева мен Кузьминге қайта-қайта сұрау салып босаттырып, Шортанды тәжірибе стансасына жұмысқа қабылдап, ғылыми ізденістеріне жағдай жасады. Олар бидайдың жаңа сортын тапты. Сол жетістіктері үшін Лениндік сыйлықты алып берді. Бұл жүрек жұтқандардың ғана қолынан келетін іс.

Қазақстанда әрқалай тарихи оқиғаларға байланысты төрт түліктің басы көп кеміді. Олардың санын көбейту үшін ең алдымен мал азығы базасын күшейту керек. Ал оған жұмсар ақша қайда? Үкіметте басы артық көк тиын жоқ. Мыңбаевты осы мәселе қатты толғандырды. Жоқтан бар жасауға ұмтылды. Көлемі 15 миллион шаршы гектар жерді алып жатқан Бетпақдала жайылымына ден қойды. Оны игеруге байланысты бірнеше ғылыми еңбек жазып, үлкен проблемалар көтерді. Осы мәселеде талас-тартыс қызу өрбіді. Құптағандар да, қарсы шыққандар да болды. Әйтсе де, Мыңбаевтың көзқарасы дәйектілігімен ерекшеленді. Бетпақдаладағы республикалық мәні зор тәжірибе стансасы осылай өмірге келді.

